

Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.

Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

Казахский язык и литература
в русской школе

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

8/2011 ТАМЫЗ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Айша ӘЛІМЖАНОВА, Шәмша
БЕРКІМБАЕВА, Роза БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК,
Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА, Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар
ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия
ОРАЗБАЕВА, Күлнәш САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Тамыз мәслихаты

Қабдылкәрім ҚҰСАЙЫНОВ.	Модульдік технологиямен оқытуда топтық жұмыс түрін қолдану.....	3
Айгүл КЕНЖЕБАЕВА.	Ойын элементтерін пайдалану арқылы бастауыш сынып оқушыларының ауызекі сөйлеу дағдыларын арттыру.....	9
Баян ЕСЕНГЕЛДІҚЫЗЫ.	Қазақ тілі сабағындағы ойынның рөлі.....	13
Қаламқас ТОҒАСБАЕВА.	Қазақ мақал-мәтелдерінің танымдық сипаты.....	17

Сабақ кілті – көрнекі құрал

Айтбала ҚАЙЫРБЕКОВА.	Жалпы білім беретін орыс, ұйғыр және өзбек мектептерінің 1-4 сыныптарына арналған көрнекі құралдар.....	27
----------------------	---	----

Оқырман ой қозғайды

Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ.	Ұялы телефондардың басқару тетіктерін (түймешіктерін) неге қазақшаламаймыз?.....	32
-------------------	--	----

Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті

Гүлнәр ЖОТАБАЕВА.	Қадыр Мырза Әли. «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру».....	37
Салтанат ЖАНҒАЛИҚЫЗЫ.	«Көксерек» әңгімесінің ой-түйіні.....	42

Колледж кеңістігінде

Бибігүл МӘМБЕТОВА.	Жинақтық сан есім.....	47
--------------------	------------------------	----

Білім сынағында

Гүлнар БҮРКІТОВА.	Тестік сауалдар (4-сынып).....	53
-------------------	--------------------------------	----

Әдістеме әлемінде: қазақ тілі

Клара БАТЫРҒАЛИЕВА.	Төл сөзді меңгерткен сары шымшық.....	60
Айгүл МЫРЗАБЕКҚЫЗЫ.	Есімшеде – атақты күйшілер.....	65
Дәмеш МӘЙКЕНҚЫЗЫ.	Сауаттылық кепілі – денсаулық.....	68
Зәуреш НҰРЫМОВА.	Сын есімнің жасалуы.....	72
Гүлмира ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ.	Салалас құрмалас сөйлем және салт-дәстүрлер.....	80
Қанания БАРАҚАТОВА.	«Жер – қазына» сөйлетеді.....	83
Рыскүл ӘБЕНҚЫЗЫ.	Деңгейлік тапсырмалар.....	85
Ақбөпе ЖҮСІПОВА.	Септеулік шылаулар.....	88
Айымхан ТӨРЕНИЯЗОВА.	Тілдік талдау жұмыстары.....	96
Махаббат НАЗЫМБЕКҚЫЗЫ.	Оқуға қызықтырған – Ыбырай Алтынсарин.....	102

Білім негізі – бастауышта

Анар ДАИРОВА.	Вокзалда өткен саяхат сабақ.....	104
Меруерт АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ.	Тіл ұстартқан жануарлар.....	109

Сыныптан тыс жұмыс – Внеклассная работа

Айнагүл ЖАНӘДІЛОВА.	Тіл мәртебесі – ел мәртебесі.....	113
К.САҒЫНТАЕВА,		
К.МҰХАМЕДКӘРІМОВА.	Білгірлер мен тапқырлар тартысы.....	118
Мереке ӘДІЛХАНҚЫЗЫ,		
Алла БЕКЕТҚЫЗЫ.	«Жас полиглот» сайысы.....	123
Майра ОҚАПОВА.	День языков народов Казахстана.....	126

Мұқағали Мақатаевтың 80 жылдығы

Ардақ ҚАЙЫРЛИЕВА.	«Мен өмірді жырлау үшін келгенмін...».....	129
Алтын ҚУАНЫШҚЫЗЫ.	«Жазылар естеліктер мен туралы».....	134

Педагог пайымы

Қарлығаш ӘБУТАЕВА.	Оқушылардың сөйлеу тілінің белсенділігін арттыру.....	140
--------------------	---	-----

Қабдылкәрім ҚҰСАЙЫНОВ,
Астана қаласындағы
№62 мектеп-лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

МОДУЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯМЕН ОҚЫТУДА ТОПТЫҚ ЖҰМЫС ТҮРІН ҚОЛДАНУ

Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасып, нәтижелі жемістерін беруде. Бұл білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүретіні анық. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігімен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Сондықтан басты нысан – жеке тұлға. Білімді жеке тұлғаға бағыттау – технологияның маңызы терең мақсаттарының бірегейі. Ал, осы технологияның негізгі ықпалдарын қарастыратын болсақ, олар:

- оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға;
- танымдық іс-әрекеттерді (жады, ойлау, зейін, елестету қабілеті) дамытуға;
- оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға;
- белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін дамытуға;
- тұлғаның қиындықтарға даяр болуына және оны жеңе білуіне, ойын дамытуға, танымдық қабілетіне, қауіпсіздігіне, сыйласуына, шығармашылығына, өзін-өзі өзектілендіру, өзін-өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді.

Осындай келелі мәселелерді алға қойып отырған модульдік оқыту технологиясының тіл үйретудегі атқаратын рөлі зор. Сонымен қатар модульдік оқыту технологиясының бағытын ұстанған ұстаз оқыту әдістерін де дұрыс таңдап қолдана білуі шарт. Ғалым Ф.Ш.Оразбаева «...сабақта тілдік қатынас үш түрлі жолмен іске асырылады» деп олардың түрлерін атап көрсетеді. Олар: жұптық, топтық, ұжымдық.

Осы аталған тілдік қатынасты іске асыруда тілдік қатынастың үш түрі де сабақ барысында міндетті түрде пайдаланылады. Ал, біздің қарастыратын мәселеміз — тіл үйретудегі топтық жұмыстың маңызы мен атқаратын рөлі. Бастауыш сыныптан бастап оқушыларды топ-топқа бөліп оқыту олардың өз ойларын нақты айтуға, екінші бір адамның ойына ой қосу сияқты мүмкіндіктерге ие болады. Әрі топпен жұмыс барысында оқушылардың бір-бірімен сыйластық, түсіністік және басқа да қажеттіліктері іске асып, достық қарым-қатынастары дами түседі. Енді, бірнеше мысал арқылы топтық жұмысты саралайтын болсақ, «Біздің жануарларымыз» атты тақырып бойынша топтық жұмыс түрі мына төмендегідей: оқушыларды екі топқа бөлу. 1-топ — сұрақ қоюшылар тобы, 2-топ — жауап берушілер тобы. Екі топтың оқушыларына бірдей етіп жануарлар бейнеленген кеспе суреттер таратылады. Сурет бойынша 1-топ сұрақ қояды, ал 2-топ жауап береді.

Сұрақтар:

- Бұл сиыр ма?
- Бұл жылқы ма?

Жауаптар:

- Иә, бұл — сиыр.
- Жоқ, бұл — түйе.

Осылайша сұрақтар жалғасып, біріншіден, оқушылар сурет бойынша жануарлардың атауын меңгерсе, екіншіден, «иә», «жоқ» сөздерінің мағынасын игереді. Мұнда сұраққа жауап талап ететін айтылым әдісі іске асады. Дауысты дыбыстардың жуан немесе жіңішке болуын да топтық жұмыс

кезінде игертуге болады. Тақтаға тапсырма жазылады. Ол мына түрде болуы мүмкін. *Аю, піл, жолбарыс, арыстан, кірпі, тиін, қасқыр, кішкентай, қоян, түлкі.* 1-топ жуан дауысты дыбыстары бар сөздерді, ал, 2-топ жіңішке дауысты дыбыстарға байланысты сөздерді оқиды. Оқушылар жануарлардың атауларын еске түсіріп, дыбыстардың ерекшеліктерін игереді. Бәсекелестік арқылы жарыса жұмыс жасау түрлері қамтылады. Нәтижесінде оқушылар дыбыстардың ерекшелігін ойын барысында ынталана отыра меңгере алады.

Ал, жыл соңында өтілетін «Жыл мезгілдері» тақырыбы бойынша оқушыларды төрт топқа бөліп, топтық жұмыс жүргізуге болады.

1-топ – «Көктем».

Көктем.

Бұл – көктем.

Бұл – көктем айы.

Бұл – көктемнің наурыз айы.

3-топ – «Күз».

Күз.

Бұл – күз.

Бұл – күз айы.

Бұл – күздің қазан айы.

2-топ – «Жаз».

Жаз.

Бұл – жаз.

Бұл – жаз айы.

Бұл – жаздың тамыз айы.

4-топ – «Қыс».

Қыс.

Бұл – қыс.

Бұл – қыс айы.

Бұл – қыстың ақпан айы.

Осылай оқушыларды жыл мезгілдерінің ерекшеліктеріне сай ынталана сөйлем құратып, қарым-қатынасқа жетелеуге мүмкіндік мол. Келесі жұмыстың түрін жыл мезгілдеріне байланысты сурет салғызып, өзінің ойымен сыныптастары арасында бөлісуіне жағдай жасау арқылы ынталандыру мақсатын іске асыруға болады.

«Жыл мезгілдері» тақырыбы бойынша сынып оқушыларын төрт топқа бөліп, тақтаға «Бұл қай кезде болады?» деген сұраққа жауап беретін 20-дан аса сөйлем жазылып қояды. Әр топ сол өздеріне берілген атауға

сөйлемдерді теріп жазады. Әр жыл мезгілінің атауы

«қашан?» деген сұраққа жауап беретін сөзбен басталады.

Көктемде

Жазда

Күзде

Қыста

1. Қар жауады.

2. Көк шығады.

3. Қар ериді.

4. Жапырақтар сарғаяды.

5. Боран соғады.

6. Суық болады.

7. Ыстық болады.

8. Құстар ұшып кетеді.

9. Құстар ұшып келеді.

10. Қысқы демалыс болады.

11. Көктемгі демалыс болады.

12. Жазғы демалыс болады.

13. Күзгі демалыс болады.

14. Шана тебеміз.

15. Өзенге шомыламыз.

16. Сабақ басталады.

17. Наурыз мейрамы болады.

18. Аяз болады.

19. Жаңа жыл мейрамы болады.

20. Жерде қар жатады.

21. Алма піседі.

22. Оқу жылы аяқталады.

Көктемде көк шығады. Көктемде құстар ұшып келеді.
Көктемде көктемгі демалыс болады. Көктемде Наурыз мейрамы болады. Көктемде оқу жылы аяқталады.

Әр топ жетекшісі жазып алған сөйлемдерін кезекпен оқып, оларды дұрыс жауап эталондары бойынша тексереді.

Осындай үлгілерді басқа да жыл мезгілдеріне байланысты

дайындау қажет. Ендігі кезекте – осы сөйлемдерге

байланысты оқушылардың ынталана жұмыс жасауына

бағыт беру. Мысалы, қыс айларына байланысты жазылған

сөйлемдердің ішінде «Аяз болады» деген сөйлем арқылы

«Сен қыста не киесің?» деген сұрақ бойынша оқушының

тілдесімге жетелеуге болады. Ал, «Күзде құстар ұшып

кетеді» деген сөйлем арқылы «Олар неге ұшып кетеді?»,

«Көктемде сендер оларды қалай қарсы алдыңдар?»,

«Не істедіңдер?» деген сұрақтарға жауап талап етіліп,

оқушыларды қарым-қатынасқа баулу мақсаты көзделеді.

Жаз айларына байланысты «Жазда ыстық болды, сен қайда болдың?» деген сұрақ арқылы оқушыларды тілдесімге тарту өте тиімді.

Топтық жұмыстың бірнеше түрін қолданып, ауызша сөйлеу дағдысын меңгертуге болады. Топ жетекшісі анықталады. Ол тақтаға шығып, бұйрық сөздерді оқиды. Оқушылар орындайды. Осылай бірнеше рет топ жетекшілері ауыстырылады. Ол тақта алдына шығып, оқушыларға бұйрық сөйлемдерді оқиды. Топтық жұмыс ойын түрінде өткізіледі:

- Тұрыңдар!

Қолдарыңды көтеріңдер!

Қолдарыңды түсіріңдер!

Оң қолдарыңа кітап алыңдар!

Сол қолдарыңа қалам алыңдар!

Оларды партаға қойыңдар!

Рахмет, отырыңдар!

Оқушылар, біріншіден, топтық жұмыс түріне мән береді, екіншіден, берілген бұйрықтардың мағынасын түсініп, ынталана жұмыс жасайды, үшіншіден, тілдік қарым-қатынас жасауға машықтанады.

Топтық жұмыс түрін түрлендірудің тағы бір жолы – бейнелеу өнерін қолдану. «Жануарлар әлемінде» тақырыбы бойынша оқушыларды төрт топқа бөліп жұмыс жасатуға болады. Оқушыларға төрт жануардың суретін беріп, (піл, түйе, тасбақа, жолбарыс), оның суретін салдыру, екінші – осы сөзге байланысты сөздік жұмысын жасап, үшінші – «не? қандай?» сұрақтарына байланысты сөйлемдер құрау, соңында мәтін құрастыру деңгейіне жеткізу. Негізгі мақсат – оқушыларды ынталандыра отырып, тілдік қатынасқа түсуге мүмкіндіктер беру. Бұл жұмыс өткен тақырыпты еске түсірумен қатар оқушылардың топтарда нәтижелі жұмыс жасауына, өз тобының алда болуына тырысып,

бәсекелестік тұрғыда еңбек етіп, ынталана топ жұмысына араласуына жағдай жасайды. Топ жетекшілері кезек-кезек өз тақырыптарын қорғап шығады. Бұл лексикалық жұмыс болса, келесі кезекте грамматикалық тапсырма бойынша жұмыс ұйымдастыруға болады.

Мысалы, 1-топқа «-мен, -бен, -пен» жалғаулықтары, 2-топқа «Көптік жалғаулары», 3-топқа «Сұраулық шылаулар», 4-топқа «Болымсыздық етістіктері» беріледі. Оқушылар әр топта жұмыс жасай отырып, сөйлем құраудағы дағдысын, грамматикалық ережелерді орынды пайдалануға үйренеді. Әр топ өз тапсырмасын кезек-кезек қорғап, мұғалімнің жетекшілігімен қателерін түзеп, дұрыс жұмыс істеуге бағыт алады.

Топтық жұмыс түрі арқылы әрбір оқушының меңгеретін дағдыларының өмірлік маңызы зор. Ғалым М.А.Құсайынованың пікірінше, «топтық жұмыс барысында да оқушыға жеке тұрғыдан қарау ұстанымын назарда ұстап, оның ойлау, қабылдау, ес, танымдық қызығушылығы, арнайы іскерлігі мен дағдыларын ескерген жөн».

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ф.Оразбаева. Тілдік қатынас негіздері. А., 2005.
2. Н.Оралбаева, К.Жақсылықова. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. А., 1996.
3. А.Қайырбекова. Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. А., «Атамұра», 2010.
4. Г.Тұрдалиева. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі. Астана, 2007.
5. С.Рахметова. Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. А., 1994.



Айгүл КЕНЖЕБАЕВА,
Астана қаласындағы
№ 62 мектеп-лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН АРТТЫРУ

Бастауыш сынып оқушысы – балалықпен толық қоштаспаған, мектепке жаңа бейімделе бастаған ойын баласы. Сондықтан оқу орыс және өзге тілдерде жүргізілетін бастауыш мектеп оқушысының жас ерекшелігіне сай сабақты ойын түрінде өткізу қазақ тілі сабақтарында жақсы нәтиже береді. Ойын арқылы баланың сана-сезімі, ақыл-ойы өседі. Ойын кезінде баланың танымдық қабілеті дамиды, қарым-қатынас жасауына мәжбүрлік туады, үлкендерге еліктеу және өмірге деген қызығушылығы қалыптасады.

Ойынның басты мақсаты – баланы қызықтыра отырып, тіл үйрету. Ойын барысында баланың көптеген танымдық қабілеттері дамиды. Солардың бастысы – есте сақтау қабілеті. Есте сақтау ойынның басты шартына айналса, оқушы сөзді, суретті, мәтінді әрі қимыл-әрекеттерді тез түсіне алады және оқушы есте сақтауды саналы түрде меңгереді.

Ойындардың қажеттісін сабақтың тақырыбына қарай іріктеп ала білу ұстаз шеберлігіне байланысты. Бастауыш сыныптарда сөздік ойындардың алатын орны ерекше. Сондықтан әр сабақта сөздік ойындарын қолдануға болады. Сондай ойындардың бірі – «Керекті сөзді тауып айт».

Оқушыларға ойын тәртібі түсіндіріледі. Ойын бастаушы тақырыпты атап, сол тақырыпта өтілген жаңа сөздерді айтуды талап етеді. Ойын барысында тақырып өзгерген сайын оқушылар ауыстырылып отырады. Сөздік ойынын «Сиқырлы қоржын» деп атап, сынып оқушыларын екі топқа бөліп, қоржыннан алынған сюжетті суреттер бойынша ойынды жарыс түрінде өткізуге болады.

Сабақта өткізілетін грамматикалық ойындардың өзіндік ерекшеліктері бар. Грамматикалық анықтамаларды меңгертуде тақта алдына жұмыс істеуге немесе жарыс ойыны түрінде тақырыпты бекітуге қолайлы.

“Кім? Не? Кімдер? Нелер?” ойыны

Осы ойын арқылы көптік жалғауды дұрыс жалғай білу дағдысы тексеріледі. Екі түрлі сюжетті сурет арқылы бұл грамматикалық тақырыпты тілдесімге ұластыруға болады. Сол сияқты реттік сан есімдердің жұрнақтарын меңгертуде тақтаға сандар жазып, «Сен қалай істер едің?» деген мәселе қойып, білімдерін тексеруге қолайлы.

Ойындар – белгілі бір білімді, іс-әрекетті үйренудің құралы. Дидактикалық ойындарды қолдану барысында ойынның әлеуметтік қырына назар аударған жөн. Ойын сабақ үрдісінде оқушыларды әлеуметтендіруге, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау түрткілері мен заңдылықтарын түсінуге жәрдемдеседі.

Дидактикалық ойындар сабақты қызықты өтуге, жаңа материалды оңай игертуге септігін тигізеді. Сабақта дұрыс ұйымдастырылып, тиімді қолданылған ойындар оқушылардың тіл заңдылықтарын сапалы меңгеруіне ғана емес, сондай-ақ тілдік қатынасқа түсу біліктеріне, олардың сөздік қорларының молаюына әсер етеді. Бұл туралы ғалымдар Н.Оралбаева мен К.Жақсылықова: «Оқу орыс тілінде жүретін мектепте қазақ тілі сабағында бірыңғай жаттығу жұмыстары оқушыларды жалықтырады. Сондықтан сабақта сергіту жаттығуларымен қатар тақырыпты меңгерту,

өткенді пысықтау мақсатында грамматикалық ойын түрлерін кең қолдану керек. Оқушы тілінің даму дәрежесі де осы ойын арқылы көрінеді», - деп ойындар арқылы оқушылардың пікірлесім, сөйлесім дағдыларын жетілдіруге болатынын атап көрсетеді.

Ғалымдар сабақ барысында ойынды қолдану шарттарына мыналарды жатқызады:

- ойын оқушылардың алдына тапсырма ретінде қойылады;
- оқушылардың оқу әрекеті ойын ережесіне бағынады;
- оқу материалы ойын құралы ретінде қолданылады;
- оқу әрекетіне ойын жұмыс элементтері ретінде кіреді;
- ойын нәтижесі бірден шығарылып отырады.

Бұларға қоса мына мәселелерді назарда ұстауды қажет деп санайды:

1. Ойынның мақсаты, оқушылар сабақта қандай іскерлікпен дағдыны игереді, ойынның қандай тәжірибелік мақсаты көзделеді ?

2. Ойынға қатысушылар саны.

3. Ойында қолданылатын материалдар, әдебиеттер.

4. Уақытты үнемдей отырып, ойын шартын қалай түсіндіруге болады?

5. Ойын қанша уақытқа созылады? Бұл ойын әсерлі, қызықты бола ма?

6. Оқушылардың ойынға қатысу белсенділігін қалай бақылауға болады?

7. Ойын бұрын сабақта қолданылған ба? Қандай жағдайда қолданылған?

Әр сабақтың тақырыбына сай ойындарды пайдаланып отыру оқушылардың тіл үйренуге деген қызығушылығын, ынтасы мен зейінін арттырады. Басты мақсат – ойын әрекеттері арқылы тілдік материалдарды меңгертіп, сөздік қорды молайтып, тілдесім әрекетіне жетелеу. Бастауыш сынып оқушысының жас ерекшелігіне орай ойын тапсырмаларымен

катар оның бойында жауапкершілік, міндеттілік сезімдерін оятуға да назар аударылуы қажет.

Сонымен бірге ғалымдар «Сабақта орынды қолданылған ойын элементтері оқушылардың ынтасын арттырып, білім дағдыларын игеріп, іскерліктерін шыңдауға өз септігін тигізеді», - деп ойынның мақсатына қарай тілдік ойындарды лексикалық, фонетикалық және грамматикалық деп үшке бөледі. Тіл үйретуде бұл ойындарды әр сабақта тиімді қолдану жақсы нәтижелерге жеткізуі сөзсіз.

Ғалым Қ.Молдабектің басшылығымен жарық көрген «Бастауыш мектепте дидактикалық ойындарды пайдалану жолдары» атты әдістемелік құралда ойындарды тілдік материалдарды ұғындыру тұрғысынан фонетикалық, лексикалық, грамматикалық деп бөлген. Бұл еңбекте басты назар оқыту үрдісінде оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға аударылған. Бұл әдістемелік құралда тілдік материалдар әр түрлі дидактикалық ойындар арқылы бекітіліп отыр.

Олай болса, оқушылардың қабілеттерін, таным, шығармашылық дербестігін мақсатты түрде дамытатын педагогикалық құрал ретінде қолданылатын ойындар арқылы оқушылардың белсенділігі, іс-әрекеті артады. Мұнсыз бала білімінің жетілуі мүмкін емес. Оқушыларға сапалы білім беру мақсатында, олардың оқуға деген қызығушылығы мен түрткілерін арттыруда рөлдік ойындарды да дұрыс іріктеп қолдану мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Себебі, бастауыш сынып оқушылары көбінде ойын әрекетіне бейім келеді. Балалардың ойын әрекеттерін оқу әрекеттеріне қарай ұластыруда дидактикалық ойындардың қызметі ерекше.

А.Байтұрсынұлының еңбектерінде де тілдік материалды тек теориялық тұрғыдан ғана үйретіп қоймай, оқушылар практикалық өмірде білімдерін кеңінен қолдана алатын дағдыларды қалыптастырудың негізі – ойын деп танылған. Ғалымның оқулықтарында, тілдік материалдарды

оқушыларға меңгертуде дидактикалық ойындарды кеңінен қолданғаны байқалады.

Қорыта айтар болсақ, оқушыларды әр түрлі тапсырмаларды үлкен жауапкершілікпен орындауға ынталандыратын, тілдік қарым-қатынасқа жетелейтін тиімді әдістердің бірегейі және бастысы – ойын әдісі деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Г.Тұрдалиева. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі. Астана, «Фолиант», 2007.
2. А.Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы. А., «Ана тілі», 1992.
3. Н.Оралбаева, К.Жақсылықова. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістемесі. А., «Ана тілі», 1996.
4. Қ.Молдабеков, М.Ермекбаев, Б.Нарқұлова, К.Базарбаева. Бастауыш мектептің қазақ тілі сабағында дамытушы ойындарды қолдану әдістемесі. А., 2003.



**Баян ЕСЕНГЕЛДІҚЫЗЫ,
Қызылорда қаласындағы
№173 Ә.Молдағұлова атындағы
жалпы білім беретін орта мектептің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.**

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ ОЙЫННЫҢ РӨЛІ

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл процесс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Я.А.Коменскийдің, И.Герbartтың дәстүрлі объект- субъектілі педагогикасының орнын басқасы басты, ол балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде, өзін-өзі

өзектілендіруге, өзін танытуға және өзін - өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде бағытталған. Мұндай жағдайда педагогикалық процестің маңызды құрамы оқу ісіндегі субъектілер – оқытушы мен оқушының тұлғалық бағытталған өзара әрекеті болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық процесті кез келген үлгімен, тіпті, авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді.

Дәстүрлі сыныптық сабақ жүйесінің барлық элементтерін және сабақты құрастыру технологияларын қолданумен қатар, мұғалім келесі педагогикалық технологияларды пайдалана алады: ойын технологиялары, проблемаларды оқыту, оқу зерттеуін ұйымдастыру технологиясы, жобалау әдісі, ақпараттық – коммуникациялық технологиялар. Олардың ішінде ойын технологиясы туралы айтпақшымын.

Өзге ұлт балалары оқитын мектептерде жұмыс істейтін ұстаздар қауымының басты мақсаты – өзге ұлттың баласын мемлекеттік тілде сөйлету, сұрақтарға жауап қайтара білуге үйрету. Қазақ сөзінің құдіреттілігін, сырын сезіндіру, тіл үйренуге ынталандыру. Шәкірт талабын шыңдау қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне үлкен жауапкершілік жүктейді. Осы орайда сабақтарда түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану мақсатқа қол жеткізудің бастамасы болып саналады.

Қазақ тілі сабағында өзге ұлтты балаларға сабақ қызықты да тартымды өту үшін ойынның рөлі өте жоғары. Оқушылардың білуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану, оларды оқу үдерісінде үздіксіз дамытып отыру және сабақ барысында алған білімдерін тәжірибеде, яғни, сабақ барысында жаттығу орындауда қолдану дағдыларын

калыптастыру үшін ойын элементтерін пайдаланудың орны бөлек.

Оқушылар сабаққа қарағанда ойынды ұнататыны белгілі. Ойын оқушылар сабақта зерігіп, шаршаған кездерінде сергіту мақсатында ғана емес, оларға негізгі ұғым, түсініктерді толық меңгерту мақсатында да жүргізіледі. Ойын арқылы оқушы өздігінен қорытынды жасай білуге машықтанады. Ойынның негізгі мақсаты- баланы қызықтыра отырып, өткен тақырыпты берік меңгерту, саналарында сақталып қалуға жұмыс жасау. Яғни, ойынның пәндік мазмұны басты назарда болуы керек. Тек сол жағдайда ғана ойын оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, білімдік, тәрбиелік мақсаттарға жетуге септігін тигізеді.

Ойындарға қойылатын талаптардың өз алдына жеке мақсаттары бар.

Олар:

- ойынның мақсаты нақты әрі керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып қойылу керек;
- ойын ережелері оқушылардың түсінуіне оңай, қарапайым әрі шағын болуы тиіс;
- ойынға оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз ету қажет;
- ойын барысында мұғалім балалардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар, олардың ойын үстінде шешім қабылдай алуларына, ойлана білулеріне жол көрсетуі қажет.

Оқытудың ең басты әрі негізгі мақсаты- білімнің сапалы, нақты, толық болуында.

Сабақтың формалары мен әдістерін, мазмұнын жетілдіру, оны танымдық, білімдік, тәрбиелік жағынан сапалық жаңа деңгейге көтеру, оқытудың тәрбиелік қызметі мен тәжірибелік бағытын нығайту осы ойынға қойылған мақсат-міндеттерден туындайды.

Сабақта ойын элементтерін пайдалану – сабақтың

формалары мен әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің маңызды бір бөлшегі. Ойын элементтерін оқу үдерісін пысықтау, жаңа сабақты қорытындылау кезеңдерінде, қайталау сабақтарында пайдаланған өте тиімді. Ойын элементтерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сәйкес таңдалынып алынса, оның берер пайдасы мол, танымдық, тәрбиелік маңызын күшейте түсері анық. Оны тиімді қолдану мен іске асыру сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын дамытып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады.

Грамматикалық ойындар еркін шығармашылық іс-әрекет ретінде оқушы ойын, қиялын дамытып, сөздік қорын молайтып, өз бетімен ізденуге, еңбектенуге дағдыландырады және оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттырып, ойлау қабілетін дамытып, ұжымшылдыққа тәрбиелейді және тапқырлық пен алғырлыққа, жылдамдыққа баулиды. Оның үстіне оқушы іскерлік пен түрлі дағдыны меңгеріп, бекітуді, қорытынды жасауды үйренеді.

Сабақта әр түрлі әдістерді пайдалану оқушылардың жалығудан алшақтатады, сөздік қорының баюына ықпал етеді.

Сабақ берудің жаңа технологияларын меңгере отырып, әр түрлі әдістерді пайдаланып, білім сапасын арттыруға тырысамыз. Жаңа әдістердің ерекшелігі – жеке тұлғаны қалыптастыруда, өз бетімен жұмыс істей алуда, шығармашылыққа баулуда ерекше рөл атқарады.

Сондықтан қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінде, әсіресе, өзге ұлт балалары оқитын мектептерде сабақтың формаларын ауыстырып, балалардың тақырыпты тез меңгеруіне қол жеткізу мақсатында ойын элементтерін пайдаланып сабақ өткізу арқылы мұғалім тіл үйретуде біршама жетістіктерге қол жеткізері анық.

ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Мақал-мәтелдер – халық даналығының бір көрінісі. Олар аз сөзбен көп мағына береді.

Халық өмірден көрген-білгенін келесі ұрпаққа мақал-мәтел арқылы жеткізіп отырған.

Қазақ халқы «Сөздің көркі – мақал» деген, өйткені мақал-мәтелдер сөзді ажарландырып, сөйлеушінің ойын басқаларға айқын да айшықты түрде жеткізеді.

Мақал-мәтелдер әр алуан тақырыптарға айтылған. Олар: Отанын сүйге, адамгершілікке, ынтымақ-бірлікке, мейірімділікке, әдептілікке шақырады.

Кез келген тілдің сөздік қорының мазмұнды да мәнді бөлігін құрайтын – мақал-мәтелдер.

Ғалым В.А.Маслова: «Ғаламның тілдік бейне-көріністері әр тілдің өзіне тән ерекшелігіне, өзінше бейнелеп атауына байланысты тіл-тілде өзгеше болып келеді» десе, Г.Ж.Снасапова «Дүниенің тілдік бейнесі тұрақты тіркестерден, идиома, фразеологизмдерден, мақал-мәтелдерден анық көрінеді» деген ой айтады.

Ә.Қайдардың «Тіл – Этнос – Таным» мәселелерінің сабақтастығын танытатын ғылыми идеялары қазіргі тіл білімі ғылымын жаңа белеске көтеріп, теориялық өзегін құрап отыр.

Мәселен, А.Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» деген ұстанымы арқылы тіл мен адамның біртұтастығы жайлы ойын «Тіл –

адамның адамдық белгісінің зоры» деп түйіндейді.

Ә.Қайдар мақал-мәтелдер туралы былай дейді: «Қазақ мақал-мәтелдерінің бүгінгі болмысын танып-білуде дүниетанымдық, логикалық жағынан мәні өте зор. Себебі: дүниеде, қоғамда, табиғатта қалыптасқан құбылыстардың бәріне мақал-мәтелдердің қатысы бар».

Қазақ мақал-мәтелдерін ғылыми тұрғыдан зерттеуге әдебиетші және тілші мамандар атсалысып келеді. Мәселен, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, З.Қабдолов, С.Қасқабасов, т.б. әдебиетші ғалымдар зерттеуінде қазақ мақал-мәтелдерінің әдеби табиғаты арнайы сөз етілген болса, Р.Сәрсенбаев, Ө.Айтбаев, Қ.Бейсенов, т.б. тілші-мамандар зерттеулері мақал-мәтелдердің тілдік ерекшеліктерін айқындауға бағытталады. Б.Шалабаев 1948 жылы Алматыда жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты очеркінде алғашқылардың бірі болып мақал-мәтелдерді арнайы қарастырып, оларды малшылық, аңшылық, егіншілік жөніндегі мақал-мәтелдер деп негізгі үш мағыналық топқа бөліп, олардың жанрлық ерекшеліктерін анықтайды және мақал мен мәтелге байланысты өзіндік пайымдауларын ұсынады.

С.Нұрышев «Қазақтың халық мақалдарының даму тарихынан» атты 1959 жылы басылып шыққан еңбегінде малшылық жайлы мақалдарды «Россияға қосылғанға дейінгі», егіншілік жайлы мақалдарды «Россияға қосылғаннан кейінгі» деп екі топқа бөліп, мақалдардың даму тарихы жайлы өз пікірін білдіреді. Кеңес үкіметі дәуірінде мақал-мәтелдер ауыз әдебиетінің ерекше поэтикалық жанры ретінде зерттеліп, бірқыдыру проблемалық тың пікірлер көтерілді.

Мақал-мәтелдердің лингвистикалық табиғаты академик С.К.Кеңесбаевтың «Қазақ фразеологиясы жайындағы» еңбектерінде сөз етіледі. Ол мақалдар мен мәтелдерді

жалпы фразеологиялық бірліктер қатарына қоса келіп, олардың ара-жігін саралап, фразеологизмдердің басты айырмашылықтарына тоқталды.

Қазақ мақал-мәтелдеріне қатысты орны бар зерттеулердің бірі – Р.Сәрсенбаевтың «Қазақ мақал-мәтелдерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертациясы. Зерттеудің тілдік материалы ретінде ғалым Қазан революциясынан бұрын басы болып шыққан жинақтарды, атап айтқанда, В.Катаринскийдің 1899 жылы Орынбор қаласында басылып шыққан «Сборник киргизских пословиц» атты еңбегін, 1988 жылы Семейде «Туркестанские ведомости» газетінде жарық көрген Ә.Диваевтың «Киргизские пословицы» атты еңбегі мен 1906, 1952, 1959 жылдарда жарияланған қазақ мақал-мәтелдер жинақтарын пайдалана отырып, Р.Сәрсенбаев қазақ мақал-мәтелдерінің жасалу жолдары, түрлері мен мазмұны, өзара сабақтас жанрлар мен ара-қатынасы мәселелерін арнайы қарастырады. Ол орыс мақал-мәтелдерін қазақ тіліне аудару тәсілдеріне қатысты өз ой-пікірлерін ортаға салады.

Сондай-ақ, М.Әлімбаев 1960 жылы мақал-мәтелдер жинағын оқырман игілігіне ұсынады.

Ғ.Тұрабаеваның зерттеуінде мақалдардың өзгерістері мен қолданылуы, мағыналық топтары, варианттары, олардың құрылымдық-семантикалық модификациясы, стильдік, контекстік варианттары қарастырылса, А.Нұрмахановтың көзқарастарында «В.В.Радлов еңбектеріндегі түркі мақал-мәтелдерінің лексика-грамматикалық құрылымы зерттеліп, кейбір семантикалық даму ерекшеліктері айқындалады». Ал, Ә.Мұқышева неміс және қазақ тілдеріндегі сөздіктерден, мақал-мәтелдер жинақтарынан екі мыңнан астам мақал-мәтелдерді теріп алып, олардың құрамындағы ұлттық мәдени компоненттерді мәдениет аралық контексте салыстырады.

Құрылым тұрғысынан әрі зерттеу, әрі мақал-мәтелдердің түсіндірме сөздігі түрінде жазылған «Халық даналығының» көздеген мүддесі «зердемізді ашып, ұлттық санамызды саралау, ментальдық қасиетіміз бен ғасырлық салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызды терең біліп, дүниетанымымызды кеңейте түсу» деп көрсеткен Ә.Т.Қайдар мақал-мәтелдерді «халық даналығының қоры» деп бағалап, ол қорды көненің көзіндегі «ескі дүниелер» мен «замана талабына сай жаңғыратын, жаңа ұғым-түсініктермен толығып, толысып отыратын екі жақты тілдік процестің «ұйытқысы» ретінде айқындайды.

Адам дүниені тану барысында ғаламды немесе өмірдің біртұтас бірлікте алғанымен, оларды тікелей танымдық талқыға салмай, оның әр түрлі элементтерін жеке-жеке бөліп қарастырады. Әлемдегі әрбір нәрсені тану барысында көптеген танымдық әдістер қолданылады. Сол танымдық әдістердің бірі ретінде ойлаудың негізінде тіл, оның ішінде мақал-мәтелдер арқылы дүниенің құпия-сырларын ашылып, сарапталады. Тіл, оның ауыз әдебиетінің бір түрі — жұмбақтар, ертегілер, мақал-мәтелдер болғанымен, оның генетикалық, типологиялық, т.б. ерекшелігіне байланысты онда ұлттық сипат басым болады.

Тілдік қауымдастық мүшелерінің әлеуметтік психологиясы, қоғамдық өмірдің сан қилы жақтары мен қым-қиғаш қайшылықтары, жеке адам мен ұжым арасындағы қатынастар, халық менталитеті және рухани мәдениеттің ұлттық нышандары, т.б. әлеуметтік мәдени таңбаларға тікелей қатысты болып келетін ұлттық мәдени мағыналар фольклордың мазмұндық құрылымындағы негізгі мәселе болып саналады.

Фольклордың дүние бейнесінің этностың тілдік дүние бейнесінен айырмашылығы сол, моральдық нормалар жиынтығы, этномәдени құндылықтар жүйесі тұтастай енбейді, олардың ішінен адам өмірі үшін ең басты, ең

маңызды дегендері қамтылады. Мысалы:

- Отан – біздің ортақ үйіміз.
Родина – наш общий дом.
- Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.
Человек без Родины – соловей без леса.
- Жері байдың – елі бай.
Земля богата, народ – богат.

Халықтың тұрмыс-тіршілігінің, салт-дәстүр, әдет-ғұрпының, рухани және заттық мәдениетінің сан алуан қырына қатысты типтік жағдайлардың тілдік таңбасы, образды сипаттамасы және бейнелі атауы саналатын мақал-мәтелдер жиынтығы тілде дүниенің паралелиологиялық бейнесін сомдайды. Дүниенің паралелиологиялық бейнесі – «тіл-мәдениет» тұтастығында екшеліп, мәдени-ұлттық құндылықтар деңгейіне көтеріліп, рухани іс-әрекеттерінің нәтижесі, танымдық, тағылымдық және практикалық тәжірибесі бекітін, сақталатын тілдік дүние бейнесінің құрамдас бөлігі.

Дүние суретінде адам факторы бірінен-бірі туындап, бірімен-бірі сабақтасып келіп, «адам және оның ортасы», «адам және ақиқат шындық» арасындағы күрделі қарым-қатынастарды реттеуші тілдік тетік қызметінде жұмсалып қана қоймайды, ұлттық мәдениетінің төл тума болмысына қатысты құнды мәлімет беретін этномәдени ақпараттар қоймасы – концептілік аяның қалыптасуына да негіз болады. Бұл концептілік ая ауқымына енген әрбір мақал-мәтел өз бойына ғалам бейнесінің бірнеше фрагменттерін тоғыстырып, тілдік дүние бейнесін қазақ ұлтының мәдени дүние бейнесімен ұштастырады.

Тіл – қоғамдағы қарым-қатынас құралы болуымен қатар, ұлттық өмірінен, оның тарихы мен мәдениетінен, менталитетінен ақпарат беретін әрі қоғамды дамытушы күш ретінде қызмет атқарады.

Ұлттық ділдің тілдегі ерекше бір жарқын, мәнді де маңызды тірегі болып саналатын мақал-мәтел – халық даналығының қазына байлығы, халық жадына сіңіскен философиялық ой-толғаныстардың, ғасыр тезінде ұшталатын ұлттық сананың айшықты айғағы, ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жалғасар халықтың эстетикалық талғам мен этникалық тағылым-тәсілімінің мектебі. Халық даналығының сарқылмас көзі – мақал-мәтелдер бір-бірімен үзіліссіз қатыстылықта, тығыз қарым-қатынаста, өзара байланыста болып келетін дүниенің мәдени бейнесі мен дүниенің тілдік бейнесі тарамдалатын реалды дүние суретіне барып саятындығымен маңызды.

Жұмыстың негізгі тақырыбы мақал-мәтелдер болғандықтан, оның зерттеу барысына соқпай өту мүмкін емес.

Кластер:





Мысалы, мен өзімнің педагогикалық тәжірибемде ұдайы әдебиет сабақтарында ұлттық ойын элементтерін пайдаланамын.

Қыстың суығы кетіп, көктемнің келуі адамдарға үлкен қуаныш сыйлаған. Оны шығыс елдері жыл басы – Наурыз, ұлыстың ұлы күні ретінде қарсы алып, тойлайтын болған. Қазақ халқы да наурыз айының 22-сі күнін жыл басы санаған. Бұл күні күн мен түн теңеледі, әрбір үй жеті түрлі дәмнен наурыз көже жасап, бір-бірін шақыратын дәстүрді қалыптастырған. Мысалы: наурыз көже әкеліп, дәмін татыру. Бұл тағамның аса қасиетті екенін, міндетті түрде ауыз тиіп қана қоймай, толығымен тауысып ішу керектігі қадағаланып айтылады.

Тұсау кесу. Баланың аяғын ала жіппен байлап, өткір қайшымен кесіп, жүйрік адамдарға жүгірту. Мұндағы ала жіптің мағынасы өте зор. Көздеген мұраты – біреудің ала жібін аттамау, ұрлық қылмау. Мұндағы мақсат – адалдыққа тәрбиелеу. Сәби қаз тұра бастағанда, тез жүріп кетсін деп, ала жіпті есісіп, екі аяғын тұсап, сүрінбей жүретін адамға тұсауын кестіреді.

Бесікке салу. Халқымызда бесік – қасиетті, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі. Бесікке салу жолы жасы үлкен немесе елдің құрметті, өнегелі адамына жүктеледі. Бесікке салған адамға кәде беріледі. Мысалы: 5^A сыныптың әдебиетінде осы көріністі көрсеттік. Қатысқан оқушылар: Бондарчук София, Емцова Карина, Гребнева Мария, Бехтеев Артем.

Үйлену тойы туралы. Қазіргі заманда жастардың үйлену тойы жүйелі бір тәртіппен өтеді. Алдымен күйеу жігіттің әке-шешесі болашақ келіннің үйіне келіп, қыз ата-анасының ризалығын алып, құда болысып, тойдың барысы жайлы келіседі. Осы үрдістің элементтерін 5^B сыныбымен көрсеттік. Барсегян Арютюн күйеу жігіт болса, Миронова Валерия қалыңдықтың рөлін ойнады.

Қазақ халқының бай ауыз әдебиетімен және ақын-жазушылардың шығармаларымен таныстық. Ауыз әдебиеті арқылы қазақ халқының рухын, болмысын таныдық.

Оқулықтағы әдебиет үлгілері оқушыларды қазақ тілін үйренуге, мәтін мазмұнын түсініп, ауызша айтуға, дұрыс оқып, сауатты жазуға үйретеді.

Жалпы, қазақ әдебиетінің есігін Халық ауыз әдебиетімен ашып, ертегілер әлемімен, тұрмыс-салт жырларымен, аңыз кейіпкерлерімен танысамыз.

Keң байтақ Қазақстанды мекендейтін өзге ұлт диаспоралары қазақ халқының мәдениетін, өнерін танып-біліп қана қоймай, мемлекеттік тілді меңгеріп, қазақ тілінде халық ауыз әдебиетімен, ақын-жазушылардың шығармаларымен танысады.

Құрметті қазақ тілінің жанашырлары! Халық ауыз әдебиеті арқылы оқушылардың ауызша сөйлеу тілдерін, жазба жұмыстарындағы деңгейлерін жетілдіріп, қазақ әдебиеті шығармаларын төл тілінде меңгеруге мүмкіндік алуларына көмектесіп, қолдау көрсете беріңіздер.

Халық даналығының сарқылмас көзі – мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылпаштар, т.б. бір-бірімен тығыз байланыста болып келетін дүниенің мәдени бейнесі тарамдалатын реалды дүние суретіне барып ұласатындығымен маңызды.

Қорыта айтқанда, халықтың тұрмыс-тіршілігінің, салт-дәстүр, әдет-ғұрпының, рухани және заттық мәдениетінің сан алуан қорына қатысты типтік жағдайлар тілдік таңбасын, образды сипаттамасын сомдайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. А., «Ана тілі», 1992.
2. Ә.Т.Қайдаров. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. А., «Ана тілі», 1998.
3. Ә.Т.Қайдар. Халық даналығы. А., «Толағай», 2004.
4. Б.Шалабаев. Қазақ әдебиетінің тарихы. А., 1948.
5. М.Ғабдуллин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. А., 1958.
6. С.Нұрышев. Қазақ халқының мақалдарының даму тарихынан. А., 1959.
7. С.Кеңесбаев. Қазақ тілі фразеологиясы. А., 1961.
8. М.Әлімбаев. Өрнекті сөз – ортақ қазына. А., «Қазақстан», 1967.
9. Г.Турабаева. Окказиональные преобразования пословиц и поговорок в казахском языке. А., 1989.
10. Э.Мукушева. Национально-специфические элементы семантических фразеологизмов современного немецкого и казахского языков. А., 1998.
11. Ә.Т.Қайдаров. Этнолингвистика. Білім және еңбек. А., 1985. №10. 18-22-б.
12. Р.К.Атаханова. Туыс емес тілдердегі мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты. А., 2005.
13. М.Ескеева. Орхон ескерткіштері тіліндегі «Қоғам» концептісінің тілдік модельдері. Көкейкесті әдебиеттану. Азаттық идеясының қазақ әдебиетіндегі көрінісі. Әдіснама,

таным, көркемдік. Халықаралық конференцияның материалдары. Астана, 2006.

14. Н.Д.Арутюнова. Истина: фон и коннотации. Логический анализ языка. Культурные концепты. М., «Наука», 1991.

15. В.А.Маслова. Лингвокультурология. М., «Academia», 2001.

16. Г.Ж.Снасапова, Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» повесіндегі лингвомәдени бірліктер. А., 2003.



ТІЛЕК

Сезгендей Батыс біздей бола алмасын,
Тықпалап күнде әуре көк алмасын...
Елдерді бір-біріне айдап салып,
Танытты қатыгездік қоғамға шын.

Байлыққа батса да бұл белшесінен,
Өзге ұлтты жоқ қылмақшы Жер төсінен...
Құдайым қазағымның бағын ашып,
Дұшпанын қаратпасын желкесінен!



Айтбала ҚАЙЫРБЕКОВА,
педагогика ғылымдарының
кандидаты, оқулық авторы.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРЫС, ҰЙҒЫР ЖӘНЕ ӨЗБЕК МЕКТЕПТЕРІНІҢ 1-4 СЫНЫПТАРЫНА АРНАЛҒАН КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАР


(Соңы. Басы №6,7 сандарда.)

ЖАЛҒАУЛЫҚТАРДЫ ДҰРЫС ПАЙДАЛАНА БІЛ.




КІМ НЕ ІСТЕЙДІ ?

- сатушы
- мұғалім
- құрылысшы
- әнші
- наубайшы
- сауыншы
- биші
- жүргізуші
- дәрігер
- тігінші



САНАП УЙРЕН.



САҒАТ НЕШЕ ?



Сағат сегіз

Сағат 8-ден
15 минут кетті

Сағат 8-ге
10 минут бар

Сағат 8 жарым

жарым – половина

сағат сегіз –
точное время

сегіз сағат – продолжи-
тельность времени

сағат

ТЫҢ
ҚА
ТЫ
ТА
ТАН
ПЕН

БІЛІП АЛ!

таңертен
утром

түсте
в
полдень

кешке
вечером

тәулік
сутки






ай
месяц

кеше
вчера

бүгін
сегодня

ертең
завтра





ЖАЗЫЛУЫ
МАҒЫНАСЫ



СИН

АНТ

ОМ

ОНИМ

ДОС, ЖОЛДАС – СИНОНИМ
АҚ, ҚАРА – АНТОНИМ
ЖАЗ (Зат есім) – ЛЕТО – ОМОНИМ
ЖАЗ (Етістік) – ПИШИ
ЖАЗ (Етістік) – СТЕЛИ

1. Кітап.
2. Кітап оқыдым.
3. Мен кітап оқыдым.
4. Мен қызың кітап оқыдым.
5. Мен қызың кітапты Меруерттен алып оқыдым.

1. Нан.
2. Нан алдым.
3. Нан сатып алдым.
4. Жұмсағ, нан сатып алдым.
5. Жұмсағ, нанды дүкеннен сатып алдым.

1. Үй.
2. Үйім үлкен.
3. Менің үйім үлкен.
4. Менің Байтұрсыннов көшесіндегі үйім үлкен.



Мендібай ӘБІЛҰЛЫ,

Тараз инновациялық-гуманитарлық
университетінің доценті, филология
ғылымдарының кандидаты.

ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОНДАРДЫҢ БАСҚАРУ ТЕТІКТЕРІН (ТҮЙМЕШІКТЕРІН) НЕГЕ ҚАЗАҚШАЛАМАЙМЫЗ?

«Мың өліп, мың тірілген» (Жұбан Молдағалиев) қазақ халқы өз тарихында өзге халықтардан талай жойқын шапқыншылықтарға ұшырағанын білеміз. (Араб шапқыншылығы, монғол шапқыншылығы, жоңғар шапқыншылығы). Одан соңғы қаралы нәубеттер: соғыс, ашаршылық және соғыс. Осындай қатыгез тарих сыйлаған нәубеттерді басынан кешірген халқымыз ана тілімізді-қазақ тілін осы күнге дейін көздің қарашығындай сақтап келді.

Ана тіліміздің өсіп-өркендеуі мен қолданылу аясын кеңейту үшін қаншама іс-шаралар жүргізіліп жатыр. Тіліміз қанша рет додаға түсті. Елбасымыздан бастап, зиялы өкілдеріміз қанша рет ана тіліміздің мәртебесін көтеру үшін күресіп келеді. Мұның бәрін ой елегінен өткізіп, біздің көкейімізде: «Мен ана тілімнің өсіп-өркендеуі үшін, ана тілімнің көк аспанда қырандай қанат жаюы үшін қандай үлес қостым?» деп ойлануымыз қажет-ақ.

Қазақ тілінің мәртебесін жоғырылату үшін Қазақстан Республикасының Конституциясының 7, 93-баптарында, 1997 жылдың 11 шілдесіндегі «Қазақстан Республикасының Тіл туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің

«Мемлекеттік бағдарламалардың тізбесін бекіту туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы №957 Жарлығы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Халқы Ассамблеясының XV сессиясында берген тапсырмалары, жақында Қазақстан Республикасы Мәдениет Министрлігінің «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» жобасы тіліміздің өркендеуіне арналған.

Біздің ана тіліміз – өте бай тіл. Сол байлықтан айырылып қалмауымыз керек. Біз тіл шұбарлығына қарсы күресе білуге тиіспіз.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың жалғызы білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де – осында, ғылым-білім де – осында, әулиелік те – осында...» деп қазіргі жастарымызға, өз ана тілін менсінбейтін шала қазақтарға арнап айтқан сияқты (М.Көпеев, «Қазақ тілі туралы», «Мұсылман күнтізбесі», 2006-2007 жыл, 14 желтоқсан).

Ғылыми-техникалық прогрестің жедел қарқынмен дамуы әр түрлі техникалардың пайда болуына әкеліп соқтырды. Әсіресе, байланыс техникаларының түрі көбейді. Көзді ашып-жұмғанша сіздің ұялы телефоныңыздың қоңырауы миллиондаған шақырым жерде тұрған танысыңыздың ұялы телефонына жете алады.

Қазіргі таңда ұялы телефонды күнделікті тұрмысымызда пайдалану жедел қарқынмен дамып келеді. Ұялы телефонның көбейгені соншалық әрбір отбасында төрт-бес телефоннан, адам саны көп отбасында одан да көп ұялы телефондар пайда болды. Тіпті, кейбір адамдар үш бірдей ұялы телефонды тұтынатын болды. Ұялы телефон тұрмысымызға өте қажет. Оның тұрмысымызға енуі ана тіліміздің шұбарлануына әкеліп соқтырғаны да жасырын емес. «Ұялы телефон» деп

айтудың орнына «сотка», «сотовый» деп айтатын болдық. Сонымен бірге «сообщение жібер», «гудок жібер», «скидвитет», т.б. шұбар сөздерді араластырып сөйлеу әдетке айналып барады.

Осы ұялы телефонның басқару һәм пайдалану тетіктерін (түймешіктерін) неге қазақшаламаймыз?

Егер өз халқымның адал перзенті боламын десең, ақ сүт берген анамның тілін қорламаймын десең, Отанымның күш-қуаты мен өркендеуіне сүбелі үлес қосамын десең – ұялы телефоныңды қазақшала. Бұл – тек жастарға ғана емес, үлкендерге де, ел тұтқасын ұстап отырған әкімдерге де айтар өтініш-тілегім.

Мемлекеттік тіл – қазақ тілі болса, біз мемлекеттік тілде сөйлеуді үрдіске айналдыратын болсақ, онда ұялы телефонымызды да қазақшалауымыз қажет. Ұялы телефонды сатып алған соң құрылғымен танысып, пайдалана бастағаннан-ақ барлық тетіктерді басқаруды қазақшалап қойған дұрыс. Ұялы телефонның түймешіктері мен қосалқы бөлшектерін, атап айтқанда: *құлақаспап, дисплей, сол және оң жақ таңдау түймешіктері, қоңырау шалу, пернетақта, микрофон, аяқтау пернесі, жарық сенсоры, қуат пернесі, дауыс зорайтқыш, дауыс көбейту пернесі, дауыс азайту пернесі, камера линзасы, камера жарқылы, зарядтағыш ұясы*, т.б. құрылғыларын біліп алып, басқару тетіктерінің (түймешіктерінің) аттарын қазақша әріптермен жазып қою қажет.

Ұялы телефонды қызметке қосқан кезде құрылғы жайында толық мәлімет алып, желі қызметтерін, рұқсат кодтарын, негізгі экранды, мәзірлер бойынша жылжуды, пернелерді құлыптауды, ұшу режимін толық меңгеріп алу қажет.

Ұялы телефондарда мынадай басқару жүйелерін қазақшалап жазып қоюға болады: *«құлыпты ашу», «мәзір*

«таңдаулар», «көру», «опциялар», «саралау», «сақтау», «аты», «шығу», «орындалды», «таңдаулылар», «жаңа хабарлама», «оқылған жоба», «бос», «іздеу», «хабарлама», «жобалар», «шығыс жәшігі», «жіберілді», «артқа», «жалпы», «үнсіз», «қоңырау», «сыртқы», «кіру жәшігі», «дауыс поштасы», «құлақаспапты жалғаңыз», «мәтін және хабарлар», «қоңырау шалу», «хат», «лездік хабар алмасу», «жалғау», «сурет және бейне», «музыка тыңдау», «ойындар», «бағдарламалар», «реттеу», т.б.

Ұялы телефондардағы түймешіктерді қазақшалау үшін ұялы телефонда қазақша әріп таңбалары болуы шарт. Кейбір ұялы телефондарда қазақша әріп таңбалары жоқ. Бойында ұлттық намыс пен патриоттық сезімі бар қазақтар ұялы телефон сатып аларда бірінші қазақша әріп таңбалары бар ұялы телефондарды іздейді. Мен ұялы телефондарының түймешіктерін қазақшалаған кейбір азаматтардың қазақша жазуын оқығанымда адам есімдерінің, басқару тетіктерінің аттарын қате жазып қойғанын көріп қынжылдым. Мысалы: «Айгүл» деген қыз есімін «Айгуль», «Нұрланды» «Нурлан», «Талғатты» «Талгат», «Өмірбайды» «Умербай» («Умер-орысша «өлді», сонда - «Өлдібай»), «Қажымұқанды» «Қажымукан», «Сұлтанды» «Султан», «Құрманғазыны» «Курмангазы», «Күлтегінді» «Культегин», «Тоныкөкті» «Тонукок», «Нұрлықызды» «Нурлықыз», «Айнұрды» «Айнур», «Сандуғашты» «Сандугаш», «Болатты» «Булат», «Толқынды» «Толкын», «Темірбайды» «Темирбай», т.б. Басқару түймешіктерінің аттарын да қате жазу әдетке айналған. Мысалы: «құлыптау»-«кулыптау», «қоңырау шалу»-«конырау шалу», «жалғау»-«жалгау», «музыка тыңдау»-«музыка тындау», «таңдаулылар»-«тандаулылар», «сақтау»-«сактау», «шығу»-«шыгу», т.б. Мұндай шала сөздер тіл шұбарлығының күшейіп, тіліміздің бұзылуына әкеліп соқтыратыны сөзсіз. Әрине, мұның өзі ана тіліміздің

өсіп-өркендеуіне кедергі келтіретін бір тосқауыл болып тұрғаны рас.

Әрбір қазақ азаматы ұялы телефонды сатып аларда тек қазақша әріп таңбасы бар ұялы телефонды сатып алса, ұялы телефондарды жасап шығаратын фирмалар мен компаниялар өз өнімдеріне қазақша әріп таңбасын салуға мәжбүр болар еді. Біз қазақша әріп таңбалары бар ұялы телефондарды сатып алу арқылы мемлекеттік тілдің мәдениетінің жетілуіне үлес қосар едік.



ӨКІНІШ

Ағылшын, орыс тілін тез үйреніп,
Мемлекет тілін қазақ жауыр қылды.
Басқа ұлттың өкілдері өзі игеріп,
Сөзінен қазағымды жаңылдырды.

Өлсең де бұған іштей намыстанып,
Қарайтын жан табылмас қабағыңа.
Билікте қаракөздер табыс бағып,
Көшіпті өмір сүру амалына...



Гүлнәр ЖОТАБАЕВА,
Астана қаласындағы
№62 мектеп-лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ. «ҚАЗАҚТАРДЫ ШЕТЕЛДІК ҚОНАҚТАРҒА ТАНЫСТЫРУ»

Сабақтың мақсаты: білімділік – Қадыр Мырза Әли өмірі мен шығармашылығынан мағлұмат беру, бай шығармашылық мұрасымен таныстыру. Жас буынды поэзия нәрімен сусындату; **дамытушылық** – оқушының сөйлеу тілін дамыту, өз ойын еркін, жатық жеткізе білуге дағдыландыру, логикалық ойлау және шығармашылық қабілетін дамыту, балалардың поэзияға, қазақ әдебиетіне деген қызығушылығын арттыру; **тәрбиелік** – ақын жырларынан үлгі алып, өз Отанын сүйуге, халқын құрметтеп, адамгершілік, қонақжайлылық, сыйластық, мейірімділік қасиеттерін бойларына сіңіре білуге тәрбиелеу.

Түрі: жаңа материалды меңгерту. **Әдісі:** СТО, талдау, сұрақ-жауап, жинақтау. **Пәнаралық байланыс:** тарих, орыс тілі. **Көрнекілік:** интерактивті тақта, буклеттер, ақын портреті, ақын кітаптары.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушылармен сәлемдесу.
2. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
3. Психологиялық кезең (оқушыларға бәйтерек суреті салынған қағаз кеспесі таратылады. Оқушылар таратылған қағазға бір-біріне тілектер жазып, тақтадағы білім ағашына

леді).

II. Үй тапсырмасын тексеру. Интерактивті тақтада сұрақтар жазылған.

1. О.Сүлейменов кім? Ол шығармаларын қай тілде жазған?

2. О.Сүлейменов қандай халықаралық қозғалысты басқарды? Бұл қозғалыс қандай нәтижеге жетті?

3. Ол – ақын ғана емес, өз халқының тағдырын ойлаған адам. Бұндай адамды кім деп атауға болады?

4. «Адамға табын, Жер, енді!» поэмасын кімге арнады? Ақынның ұлттық рухын қандай өлеңдерінен көреміз?

5. «Арғымақ» өлеңін жатқа оқу.

III. Жаңа сабақ. Мұғалім сабақтың мақсатымен таныстырады. Жаңа тақырыпқа көшу ұнтаспадағы Құрманғазының «Адай» күйін тыңдаудан басталады. Күйді тыңдағанда «Көз алдарыңа не елестейді?» деген сұрақ қоямын.

Күтілетін жауаптар: жайлау, кең дала, жарыс, той, қуаныш, ұлттық ойындар, т.б.

- Иә, балалар, қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері ешқашан ұмытылған емес. Қазақ халқының өнерін, дәстүрін, кеңпейілділігін жырламаған бірде-бір ақын жоқ шығар. Солардың бірі – Қадыр Мырза Әли ақын ағамызбен танысамыз.

- Қазақ поэзиясындағы аса көрнекті ақындарымыздың бірі – Қазақстанның халық жазушысы Қадыр Мырза Әли, бұрынғы ҚР Әнұранының сөзін жазған авторлардың бірі. Қадыр Мырза Әли Орал облысында туған. Интерактивті тақтадағы мынадай тірек-сызба арқылы ақын жайында мағлұмат беру.

Қызметі:

ҚазҰУ-ды бітірген соң «Балдырған» журналының бас редакторы. «Жұлдыз» журналының редакторы. «Жазушы» баспасында поэзия редакциясының меңгерушісі.

Жыр жинақтары:

Тұңғыш өлеңдер жинағы – «Көктем», «Домбыра» 1971 ж, «Дала дидары» 1966 ж, «Бұлбұл бағы» 1967 ж, «Қорамсақ» 1980 ж, «Көкпар» 1981 ж. **Балаларға арналған кітаптары:** «Кішкене Қожанасырлар», «Ноян-Қоян», «Алуан палуан», «Сабақ». Бастауыш сынып балаларына арналған жұмбақ, ертегі, жаңылтпаштар жинағы бар.

Драмасы:

Оның 200-дей өлеңіне ән жазылған. «Атамекен», «Өз елім», «Әже туралы ән», «Цыган серенадасы», «Гамаша» әндері халық арасында кең таралып жүр.

Әндері:

«Қасқыр қақпан», «Сақалдың саудасы».

Махамбеттің соңғы күндеріне арналған «Жаралы жолбарыс» атты драмасы бар.

Аудармалары:

Г.Гейне, М.Лермонтов, С.Есенин, Р.Гамзатов, О.Сүлейменовтың жыр жинақтарын қазақ тіліне аударған.

- Қазақтың ұлттық рухы, дәстүрі, туған жерге деген сүйіспеншілігі, халқын шексіз сүйетіндігі «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру» атты өлеңінде ерекше байқалады.

1. Өлеңді мәнерлеп оқу.

2. Сөздік жұмысын жүргізу:

сәйгүліктің жал-құйрығы – роскошный хвост скакуна;

көкпар тарту – кокпар (козлодрание);

аңғал-саңғал – нерасторопный;

ағыл-тегіл – в достатке;

жібек шапан жабады – подарит шелковый чепан;

құдайындай сыйлайтын – уважать как бога.

3. Өлеңнің мәтініне сүйене отырып, қазақ халқының бейнесін топтастыру.

Тойшыл, әнші
халық, сый-құрмет
көрсетеді, күйші
халық.

Кеңпейіл, қонақжай,
батыр, ашық-
жарқын.

Қазақ халқы

Ұлттық дәстүрді
ұмытпайды,
құрметтейді. Тойда
көкпар, қыз қуу
ойындары
ойналады.

Достықты сүйеді,
тілін құрметтейді.

4. I топ. «Қазақстан – бірлік пен ынтымақ елі» атты ой-толғау жаздыру.

5. II топ. Венн диаграммасы.

О.Сүлейменов

Ұқсастығы

Қадыр Мырза Әли

Елші, «Невада-Семей» қозғалысының жетекшісі, орыс тілінде жазады, мамандығы – геолог. «Арғымақ» өлеңдер жинағы, «Аз и Я» кітабы, «Адамға табын, Жер, енді!» поэмасы.

Ақын, қоғам қайраткері, елін сүйеді, отаншыл азамат. Көптеген өлеңдері шет тілдерге аударылған.

Редактор, өлеңдеріне ән жазылған, аудармашы. Балаларға арналған кітаптары бар. Махамбет туралы драмасы бар. Жазушылар одағының мүшесі. О.Сүлейменов шығармаларын қазақ тіліне аударған.

6. «Өз елім», «Атамекен» әндері тыңдалады.

7. Сабақты қорытындылау.

Үйге тапсырма:

1. Қадыр Мырза Әли өмірбаяны мен шығармашылығын баяндап беру.

2. Өлеңнен үзінді жаттау.

3. Қонақжайлылық жайлы мақалдар жазып келу.



«КӨКСЕРЕК» ӘНГІМЕСІНІҢ ОЙ-ТҮЙІНІ

Сабақтың мақсаты: оқушыларға жазушы әңгімесінің маңызын, көркемдік идеясын ашу арқылы табиғатты аялауға, оның заңдылығын бұзуға жол бермеуге, қасқырлар әлемімен адамдар ісінің қайшылығын ажыратуға үйрету. Зерттеу, салыстыру, талқылау барысында өз тұжырымын басқалармен салыстыруда ой-толғау, іскерлік дағдысын қалыптастыру, өз ойын еркін айту арқылы таным мүмкіндігін таныту. Қоршаған ортаны құрметтеуге және оның заңдылығының бұзылуына жол бермеу, адамгершілікке тәрбиелеу.

Түрі: қорыту сабағы. **Әдісі:** пікірталас, зерттеу, жүйелеу.
Көрнекілігі: «Көксерек» фильмінің бейнетаспасы, қасқырдың апаны, теледидар, мультипроектор.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

1. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
2. Сабақтың мақсатын айту.
3. Үй тапсырмасы. Шығарма барысында зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Балалар, өткен сабақта заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің балаларға арналған «Көксерек» әңгімесімен таныстық.

Осы әңгімені оқу барысында жоспар құрып, оқулықпен салыстырып, кейіпкерлерге мінездеме беріп, тараулар бойынша баяндадық. Ал, бүгінгі сабағымызда ой

корытпақшымыз. «Көксерек» - дала тағысы, жыртқыш.

«Көксерек» - бөрі, итқұс, жаманауыз деп жатамыз. Қасқырдың атын атауға да бұрынғы ата-бабаларымыз тыйым салған. Атын атаса жер-бетін жайлап, адамға, малға маза бермейді деп ойлаған. Сондықтан «ит-құс, жаманауыз, бөрі шапты» дейді.

Түркі халқы да қасқыр бейнесін желбіреген туға бейнелеп, тектілікті, қайсарлықты мақсат еткен. Осы жөнінде толық мағлұмат алу үшін сабағымызды тарих пәнімен байланыстырып отырмыз.

Тарих пәнінің мұғаліміне сөз беріледі.

- Міне, көкбөрі жөнінде бірнеше мағлұмат алдық. Енді, қасқырдың құрылысына тоқталсақ. Ит пен қасқыр ұқсас. Бірақ қасқырдың одан айырмашылығы бар. Соны анықтау мақсатында биология пәнінің мұғаліміне сауал жолдағымыз келіп тұр. (Ит пен қасқырдың айырмашылығы туралы мәліметтер беріледі.)

- Балалар, сабағымызды кішкене көрініспен жалғайық.

Көрініс: апанның ауызы, қызыл-ала болған күшіктер. Аман қалған бір ғана күшік. Құрмаш оны өзіне дос етпекші. Асырап, бағып, ит сияқты өсірмекші. Оған «Көксерек» деп ат қойды. Бауырын жаңа көтерген, көзін жаңа ғана ашқан күшікті өзінің жабайы ортасынан бөліп, жүрегінде кек, өшпенділік қалдырды.

Құрмаш: - Мен сені бағып – күтемін, асыраймын, өзімнің аялы алақаныма салып тәрбиелеймін. Екеуміз дос боламыз, барлық қиындықтарды бірге шешеміз (сыныптан шығып кетеді).

Пікірталас: - Бүгінгі сабағымызда «Адамзат», «Көксерек» тобы болып бөлініп, барлық іс-әрекетке, шығармаға ой бөлісіп, сөз жарыстырамыз. Әңгімеде Құрмаш оны асырап-баққанымен, соңында Көксеректің құрбаны болды.

Жақтаушы «Көксерек» тобы: - Көксеректің адамға бағынбауы, үйреніспеуі – табиғи нәрсе. Өйткені оның жүрегінде адамзат баласына деген ерімес мұз, ұмытылмас кек бар. Оқиға басына сәл шегініс жасайық. Естеріңізде болса, қасқырдың апанын бұзып, жазықсыз күшіктерін қызыл қан қылып, тілерсегін қиып, өлтіріп кеткен кімдер? Әрине, адамдар. Өзінің тыныш өмірін бұзып, бауырларын аямай қорлаған адамдар жауыздығын Көксерек неге ұмытуы тиіс? Бұл жерде Көксеректікі дұрыс деп ойлаймын.

Даттаушы «Адамзат» тобы: - Егер Көксерек ата-анасы: аталық арлан мен аналық Аққасқыр адамдардың малына қайта-қайта шауып, көп шығынға ұшыратпаса, адамдар да олардың апанына тимес еді. Бұл жерде кінә – қасқырдан.

Жақтаушы «Көксерек» тобы: - Ата-анасының мұндай істерінен Көксерек бейхабар, ол кезде әлі көзін де аспаған күшік еді ғой. Оның не жазығы бар еді? Оның есінде тек қана адамдардың қатыгездігі қалып қойған. Оның жүрегіндегі мұз жібимеді. Құрмаштың өзіне деген жылы қарым-қатынасына да көнбеді, себебі: қасқыр – тумысынан кекшіл әрі өте саналы хайуан.

Даттаушы «Адамзат» тобы: - Қасқыр саналы болса, неге ол кекті махаббатқа жеңгізе білмеді? Мәселе – оның саналығында емес, оның адамзатты мойындағысы келмейтіндігінде, рақымсыз қатыгездігінде. Сіз қасқырды жақтап отырсыз. Ал, өмірде сан алуан оқиға аңыздардан сіздің осы пікірге дәлеліңіз бар ма?

Жақтаушы «Көксерек» тобы: - Әрине, бар (бір аңыз айтады). Ал, сіздің қасқырға қарсы қандай айғағыңыз бар?

Даттаушы «Адамзат» тобы: - Қасқыр қашан да қасқырлығын жасайды. Бүгінгі өмірден дәлел келтірейік. Қазір мына көршілес Бөкейорда ауданындағы және өзіміздің өңірдегі малшылар қыстағы да қасқырдан көп зардап шегеді. Тіпті, жақында Бөкейорданың бір азаматы қасқырдың мал

түгіл адамға шауып, күн көрсетпей жатқандығын, тікұшақ шығарып, қасқырды аулап азайтуын өтініп, облыстық газетке мақала жазды. Мысалы, Теректі ауданының бір ауылына қасқырлар емін-еркін кіріп, адамдарды аяусыз талап, 12 адамды өлімші халге жеткізді. Сол адамдардың қасқырға тиісуі мүмкін бе? Ендеше, мұны қасқырдың қатігездігі демей қалай айтамыз?

Бейнетаспадан көрініс көрсету.

Көксеректің біраз уақыт жоғалып, қарыны ашқан соң ауылға қайтып келгенде, Құрмаштың қуануы, мойнына қарғысын саламын дегендегі Көксеректің оны жаралауы.

- Осы іс-әрекетке сендер қандай жауап берер едіңдер?

Оқушылар пікірі:

- Оңбаған, мен сені өлтіремін.

- Тән жарасы жазылады.

- Жақсылықты түсінбейтін қатыгез екенсің.

Психолог пікірі тыңдалады.

Автор ойының орындылығы. Авторға оқушылар сұрақтар қояды:

- Осы әңгімені жазуға не себеп болды?

- Әңгіменің аяғында Құрмаш неге Көксеректің құрбаны болды?

Автор жауабы: - Адам баласының басқа жан иесінен артықшылығы – ақыл-ес пен еркіндігінде. Ал, қасқыр – тұз тағысы. Адамдар өздерінің артықшылығын пайдаланып, бөлтірікті үйге әкеліп асырайды. Өскен сайын өз болмысына тартып келе жатқанын байқайды. Қасқырдың ит бола алмайтыны белгілі. Көксерек ауылда жүргенде ашулы, үйіріне қосылса, жадырап, семіріп, күш алады. Мен «әр жан иесін өз ортасынан, тіршілігінен бөліп алуға болмайды» дегенге көңіл бөлдім. Егер табиғат заңдылығы бұзылса, үлкен апат болады. Сондықтан Көксерек өз болмысы үшін әрекет жасады.

- Көксерек – дала жыртқышы. Оның жүрегінде бауырларының өлгені, оны сабап-соғуы, тағы басқа жағымсыз әрекеттер қалды. Қасқыр – кекшіл аң. Сондықтан ол адамзатты кешіре алмады. Кінәлі қасқыр ма, адамдар ма? Жұмбағын шешу – өз еншілеріңізде.

Мұғалімнің қорытынды сөзі: - Осындай жағдайды болдырмау үшін табиғаттың заңын бұзбау, сезімдерді тазарту, ақылға бағыну керек. Міне, әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы сұрақ-жауап, зерттеу жұмысы, тарихқа көз жүгіртіп, қасқырдың айырмашылығына тоқтала отырып, Көксерек әңгімесіне қорытынды жасадық. Адамзат та, хайуан да – табиғаттың төл перзенттері.

Үйге: қасқырға қатысты мақал-мәтелдер жазып келу.

Бағалау.



ҚАЙРАУ

Қоғамда бара жатқан намыс құрып
Тойған құр уәдеге бетім іскен.
Адам мен аңды қатар салыстырып
Көргенде іш өргенер өкініштен...

Мемлекет тілі қалды сөз күйінде,
Шешеді тағдырыңды қу жабысқан.
Аң екеш аң да «сөйлеп» өз тілінде,
Болса да араз қанша тіл табысқан!



Бибігүл МӘМБЕТОВА,
Астана қаласындағы
Қаз ГЗУ
гуманитарлық заң
колледжінің мұғалімі.

ЖИНАҚТЫҚ САН ЕСІМ

(10-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушылардың экономикалық түсінігін толықтырып, коммуникативтік сөйлеу қабілеттерін дамыту.

Міндеттері: білімділік – оқушылардың өздік жұмысты орындауға қабілеттіліктері мен белсенділігін тексеру, өткен сабақта алған білімдерін тәжірибеде қолдана білу машықтарын байқау; термин сөздерді меңгеріп, сөз тіркесін және сөйлемдер құрауға үйрету, шебер әрі жатық сөйлеуге дағдыландыру, лексикалық сөздік қор жинау, оларды күнделікті өмірде орынды қолдана білуге машықтану; жаңа материалды саналы меңгеріп, қорытындыға келу, нәтиже жасай білу, нақты жауап алу, сапалы білімге жету; **тәрбиелік** – ойлана, салыстыра, іздене зерттей білу дағдысы мен шеберлігіне тәрбиелеу; **дамытушылық** – мәтін құрастыру, шығармашылық жұмыстар жүргізу арқылы оқушылардың таным белсенділігін дамыту.

Түрі: мәселелік-ізденіс сабақ. **Типі:** жаңа сабақты меңгеру. **Сабақтың оқыту формасы:** ұжымдық, топтық, жекеше. **Әдісі:** ауызекі сөйлесу, әңгімелеу, ойын, жаттығу, ойлану, дағдылану, шығармашылық ізденіс.

Пәнаралық байланыс: экономика. **Көрнекі құралдар:** слайд, сызбалар, үлестірмелі парақшалар.

Сабақтың құрылымдық сызбасы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Жаңа сабақ:

- кіріспе сөз;
- өзіндік жұмысты тексеру;
- өзіндік жұмысқа қорытынды;
- жаңа сабақты түсіндіру (бейнефильм көру).

III. Сөздік жұмысы.

IV. Жаңа сабаққа қорытынды жасау.

V. Баға қою.

VI. Үйге тапсырма.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

(Оқушыларды сабаққа жұмылдыру).

- Сәлеметсіздер ме? Қазір қазақ тілі сабағы. Сабаққа бейімделіп отырыңыздар.

II. Жаңа сабақ. Экономика деген не? Жинақтық сан есім.

Оқытушы: - Экономика тақырыбы – өзекті мәселе.

«Менің басты мақсатым – еліміздің экономикалық өрлеуін қамтамасыз етіп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашу» деген ҚР-ның Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында. Осы айтылған жолдарға сүйене отырып, тақырыптың өзектілігін айтыңыздар.

Ықтимал жауап: - Еліміздің экономикасы өзекті мәселе болып отыр. Алға қойылған міндеттер мен мақсаттар- халықтың әл-ауқатын көтеру, тұрмыс жағдайын жақсарту, гүлдендіру. Сондықтан ел экономикасын көтеру, оны әрмен қарай дамыту, әлемдік нарыққа сай жетілдіру мақсатында үкімет бірқатар іс- шаралар жүргізіп жатыр.

Оқытушы: - Сіздердің мақсаттарыңыз – экономика тақырыбына мемлекеттік тілде сауатты сөйлесе отырып, жинақтық сан есімдерді қайталау.

Өзіндік жұмысты тексеру.

Тапсырма. а) Берілген сұрақтар бойынша ауызекі сөйлесіңіз.

Экономика деген не? «Экономика» деген термин қашан, қалай пайда болған? Біздің күнделікті өмірімізде экономика не үшін қажет? Экономиканың адам өмірінде алатын орыны қандай?

ә) Еліміздің экономикасы туралы хабарлама, мәліметтер дайындаңыз.

Оқытушы: - Бүгінгі жаңа сабаққа қосымша берілген өзіндік жұмысты тексерейік.

I топ. Ықтимал жауап: - Біз – қаржыгерлер тобы «Экономика деген не?» тақырыбына ауызекі сөйлесеміз (рөлдік ойын).

II топ. Ықтимал жауап: - Ал, біз – кәсіпкерлерміз. Слайд материалдарын пайдаланып, «Қазақстандағы шағын, орта бизнестің дамуы және оған әлем экономикалық дағдарысының тигізген әсері» туралы хабарлама, мәліметтер айтамыз. (Қаржыгерлер мен кәсіпкерлер бір-бірінің еңбегін бағалайды).

Өзіндік жұмысқа қорытынды жасалады.

- Жаңа сабақты түсіндіру. (Аудирование. Орыс тілінде көрген материалды қазақ тілінде дұрыс айтып жеткізуге дағдыландыру).

Ел экономикасын көтеру мақсатында үш елдің арасында экономикалық интеграциялық кеңістік-Кедендік одақ құрудың мақсаттары мен тиімділігі туралы бейнефильм көру.

Оқытушы: - Бұл іс-шараны жеткілікті түсіну үшін тірек-сызбадағы ойды анықтап, тор көздерді толтыруымыз керек. Алдымен сызбадағы экономикалық термин сөздермен сөздік жұмысын жүргізейік.

Экономикалық интеграциялық кеңістік-Кедендік одақ

Экономикалық
тиімділік

Шағын және
орта бизнестің
дамуы

Экономикалық
нәтиже

Бәсекелестік

Ғылымды
қажетсіну

III. Сөздік жұмысы.

(Термин сөздерді меңгеріп, сөз тіркесін және сөйлемдер құрауға үйрету, шебер әрі жатық сөйлеуге дағдылану. Лексикалық сөздік қор жинау, оларды күнделікті өмірде орынды қолдана білуге дағдыландыру).

1-тапсырма (ұжымдық, жекеше).

Сөздерді буынға бөліп оқу, екпінін қою, орыс тіліндегі баламасымен оқу.

Бірыңғай Кедендік одақ – Единый Таможенный союз.

Үнемдеу – экономить.

Шағын және орта бизнес – малый и средний бизнес.

Интеграция – бірігу, біріктіру, бірлесу.

Тиімділік – эффективность.

Бәсекелестік – конкуренция.

Тауар айналымы – товарооборот.

Сапа – качество.

Сұраныстың ұлғаюы – увеличение спроса.

Қолайлы баға – приемлемые цены.

Өндірістің дамуы – развитие производства.

Әлемдік нарыққа сай жетілдіру – совершенствоваться до уровня мировой экономики.

Ғылымды қажетсіну – наукоємкость.

Экономикалық нәтиже – экономический результат.

Кедендік баж салығы – таможенная пошлина.

2-тапсырма (I топ).

А) Даму сөзіне синоним келтіріңіз.

Ә) «Таможенная пошлина» тіркесін қазақ тіліне аударыңыз.

Таможенная пошлина – денежный сбор, взимаемый государством через сеть таможенных учреждений с товаров, имущества и ценностей при пересечении государственной границы.

2-тапсырма (II топ).

А) *Тиімді* сөзіне синоним келтіріңіз.

Ә) *Конкуренция, интеграция* сөздерін қазақ тіліне аударыңыз.

Интеграция (лат. «integratio» - восстановление, восполнение, от «integer» - целый) – объединение в целое каких-нибудь частей или элементов в процессе развития.

Конкуренция (от лат. «concurrentes» - состязающийся) - соперничество; борьба за достижение больших выгод, преимуществ.

3-тапсырма. (I топ).

Сызбаны пайдаланып, жинақтық сан есімдердің жасалу жолдарын түсіндіріңіз.

Есептік сан есім	Жинақтық сан есім	Мысалы
Бір	-ау	Бір-еу
Екі	-еу	Ек-еу
Үш		Үш-еу
Төрт		Төрт-еу
Бес		Бес--еу
Алты		Алт-ау
Жеті		Жет-еу

1. Жинақтық сан есімдер нешеден нешеге дейінгі есептік саннан жасалады?

2. Жинақтық сан есімдер қандай жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалады?

3. Жинақтық сан есімдер үнемі қандай күйде келеді?

4. Жинақтық сан есімдер қандай сұраққа жауап береді?

5. Жинақтық сан есімдер заттың санын қалай көрсетеді?

3-тапсырма (II топ).

А) Жинақтық сан есімдердің қолданылуын түсіндіріңіз?

Тиімділік бесеу, бәсекелестік үшеу, сұраныс жетеу, нәтиже біреу.

Ә) Жинақтық сан есімдер сөйлемде қандай қызмет атқарып тұр?

Үшеуі бірігіп экономикалық кедендік одақ құрды.

Б) *Үшеу* сөзін септеп, жекеше және көпше түрде жіктеңіз.

4-тапсырма (ұжымдық).

а) Сызбадағы ойға қатысты тор көздерге сөз тіркестерін жазыңыз. Ондағы ойды анықтаңыз.

ә) Сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.

5-тапсырма (ұжымдық).

Сөйлемдермен монолог құрастырыңыз.

IV. Жаңа сабаққа қорытынды жасау.

(Жаңа материалды саналы меңгеріп қорытындыға келу, нәтиже жасай білу. Нақты жауап алу, сапалы білімге жету)

Не түсіндім?

Нені білдім?

Не ұнады?

V. Үй тапсырмасы: «Мен елімнің экономикасын қалай көтерер едім?» тақырыбына эссе жазып келу.

VI. Бағалау.



Гүлнар БҮРКІТОВА,
Шығыс Қазақстан облысының
Семей қаласындағы
№9 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ТЕСТІК САУАЛДАР

(4-сынып)

Менің Отаным. Мектеп өмірі

1. Қазақстан Республикасының астанасы қай қала?

- А) Алматы; Б) Астана;
Ә) Қызылорда; В) Орынбор.

2. Қазақстанда неше облыс бар?

- А) 15; Б) 10;
Ә) 14; В) 12.

3. Рәміздерді білдіретін сөздерді тап.

- А) Қала, ауыл, Астана; Б) Аудан, ел, Отан;
Ә) Әнұран, Ту, Елтаңба; В) Мемлекет, көше, аула.

4. Ақмола қаласы қай жылы Астана қаласы болып аталды?

- А) 1995; Ә) 1998; Б) 1997; В) 1996.

5. Қазақстан тарихындағы үшінші астана қай қала?

- А) Астана; Ә) Алматы; Б) Қызылорда; В) Орынбор.

6. «Кім?» деген сұраққа жауап беретін сөзді тап.

- А) қала; Ә) көше; Б) адам; В) мектеп.

7. «Не?» деген сұраққа жауап беретін сөзді тап.

- А) ғарышкер; Ә) терезе; Б) бала; В) мұғалім.

8. Жуан сөзді белгіле.

- А) дәптер; Ә) сатушы; Б) көше; В) терезе.

9. Буын түрлерін анықта.

- А) жіңішке, жуан, ұяң; Ә) қатаң, ұяң, ашық;
Б) ашық, тұйық, бітеу; В) үнді, қатаң, ұяң.

10. Мемлекет сөзінде неше буын бар?

- А) үш; Ә) екі; Б) төрт; В) бес.

11. Дұрыс аудармасын керсет: *Мы пели песню.*

- А) Біз ән салдық; Ә) Сен ән салдың;
Б) Сіз ән салдыңыз; В) Ол ән салды.

12. Дұрыс аудармасын белгіле: *дверь школы.*

- А) мектептің терезесі; Ә) мектептің есігі;
Б) мектептің қабырғасы; В) мектептің ауласы.

13. Сөздің неше буыны бар? *Оқушылардың.*

- А) бес; Ә) алты; Б) төрт; В) үш.

14. Қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздер:

- А) мектеп, аула, адам; Ә) күнделік, дәптер, мұғалім;
Б) адам, бала, Астана; В) аялдама, есеп, терезе.

15. Гимн сөзінің аудармасын белгіле.

- А) елтаңба; Ә) әнұран; Б) мемлекет; В) ту.

16. *Ермексаз* сөзінің аудармасы қайсы?

- А) рисование; Ә) пластилин; Б) краска; В) труд.

17. Мына сөйлемді қай сөзбен толықтырасың?

Орыс тілі сабағында біз ... сөйлесеміз.

- А) қазақша; Ә) жазу; Б) есеп; В) орысша.

18. Жіңішке буынды сөзді белгіле.

- А) аспап; Ә) сәрсенбі; Б) домбыра; В) оқулық.

19. Буын түрлері неше топқа бөлінеді?

- А) екі; Ә) үш; Б) бес; В) төрт.

20. Бітеу буынды сөзді тап.

- А) оқушы; Ә) терезе; Б) біздің; В) аялдама.

арасындағы достық

1. «Семья» сөзі қалай аударылады?

- А) сіңлі; Ә) отбасы; Б) іні; В) аспаз.

2. Артық сөзді тап.

- А) әпке; Ә) іні; Б) шеше; В) оқулық.

3. Сөйлемді толықтыр. «Балықшы» ... жұмыс істейді.

- А) мектепте; Ә) дүкенде; Б) теңізде; В) ауруханада.

4. Мақалды толықтыр: Ас – ... арқауы.

- А) адамның; Ә) баланың; Б) әкенің; В) шешенің.

5. Тіс дәрігері нені емдейді?

- А) құлақты; Ә) басты; Б) тісті; В) жүректі.

6. «Аспаз» сөзінің аудармасы қайсы?

- А) строитель; Ә) пекарь; Б) пекарня; В) повар.

7. Дауыссыз дыбыстарды белгіле.

- А) а, д, у, ы, е; Ә) ә, ө, о, ұ, ү;

- Б) у, ы, а, о, ы; В) р, л, з, д, ж.

8. Буын неден құралады?

- А) әріптен; Ә) сөзден; Б) дауыстан; В) дыбыстан.

9. Мына сөзге қай жалғауды жалғайсың?

Менің отбасы ... үлкен.

- А) -ңыз; Ә) -ң; Б) -м; В) –ңіз.

10. «Наубайшы» сөзінің аудармасы қайсы?

- А) пекарня; Ә) повар; Б) пекарь; В) строитель.

11. Сөйлемді тиісті сөзбен толықтыр: ... адам емдейді.

- А) Аспаз; Ә) Дәрігер; Б) Құрылысшы; В) Мұғалім.

12. Мақалды толықтыр.

Адал ... - алтыннан да қымбат.

- А) адамгершілік; Ә) адалдық; Б) достық; В) сыйлық.

13. Сөйлемді толықтыр: Біз сабақты бірге ...

- А) оқиды; Ә) оқимын; Б) оқимыз; В) барамыз.

14. Подружиться деген сөздің аудармасы қайсы?

- А) достасу; Ә) достық; Б) достар; В) дос.

15. «Досымыз екеуміз» деген өлеңнің авторы кім?

А) Ф.Оңғарсынова; Ә) Қ.Мырза Әли;

Б)Т.Молдағалиев; В) Е.Елубаев.

16. Сөйлемді толықтыр. *Мен кеше... шахмат ойнадым.*

А) досыңмен; Ә) досыммен; Б) досымен; В) достарымен.

17. «Достық» сөзінің аудармасын тап.

А) дружный; Ә) подруга; Б) друзья; В) дружба.

18. «Сыйлық» сөзінің аудармасын тап.

А) дружба; Ә) честность; Б) подарок; В) счастье.

19. Қай есімдіктің жіктік жалғауы жоқ?

А) мен; Ә) сен; Б) сіз; В) ол.

20. Жалғауларды дұрыс тауып, сызықтармен көрсет.

1) Мен сыйлық дайында...	1) -ды;
2) Сен сыйлық дайында...	2) -дым;
3) Ол сыйлық дайында...	3) -дың.

Уақыт. Қалада. Ауылда.

1) «Уақыт» деген сөз қалай аударылады?

А) часы; Ә) время; Б) день; В) сутки.

2. Қазақ тілінде неше септік бар?

А) 5; Ә) 6; Б) 7; В) 8.

3. Бір жылда неше ай бар?

А) 12; Ә) 10; Б) 6; В) 13.

4. Бір тәулікте неше сағат бар?

А) 12; Ә) 4; Б) 24; В) 7.

5. Бір жылда неше күн бар?

А) 361; Ә) 360; Б) 365; В) 350.

6. Ілік септіктің сұрақтарын тап.

А) кімге? неге? қайда? Ә) кімнің? ненің?

Б) кім? не? В) кімді? нені?

7. Жұмбақтың шешуін тап.

Тық-тық ұрып,

Шегесін қадап,

Мезгілді саған

Айтады санап.

А) күн тәртібі; Ә) сағат; Б) апта; В) тәулік.

8. «Күн тәртібі» деген сөз тіркесі қалай аударылады?

А) полдень; Ә) упражнение; Б) сегодня; В) режим дня.

9. Көктем айларын белгіле.

А) желтоқсан, қаңтар, ақпан; Ә) наурыз, сәуір, мамыр;
Б) қыркүйек, қазан, қараша; В) маусым, шілде, тамыз.

10. Ауылда не жоқ?

А) дүкен; Ә) әуежай; Б) стадион; В) клуб.

11. «Парк» сөзі қалай аударылады?

А) саябақ; Ә) саяжай; Б) әуежай; В) бақша.

12. Жұмбақты шеш.

Мына ойынға қараңдаршы,

Он екі аққа – он екі қара қарсы.

А) шахмат; Ә) дойбы; Б) асық; В) доп.

13. Тиісті септік жалғауын жалға. Цирк... бардым.

А) -ге; Ә) -ке; Б) -пен; В) -те.

14. Әуежайда кім жұмыс істейді?

А) ұшқыш; Ә) жолсерік; Б) жолаушы; В) жанкүйер.

15. Қай сөз артық?

А) үстінде; Ә) жанкүйер; Б) астында; В) жанында.

16. Тиісті септік жалғауын жалға. Мен театр... әкеммен бардым.

А) -ге; Ә) -ке; Б) -ға; В) -қа.

17. Әуежайда не тұр?

А) вагон; Ә) автобус; Б) ұшақ; В) трамвай.

18. Циркте кім жұмыс істейді?

А) жолсерік; Ә) сайқымазақ; Б) дәрігер; В) сатушы.

19. Тәуелденген сөзді тап.

А) екеу; Ә) жолаушылар; Б) киноға; В) добым.

1. Сөздердің аудармасын тап, сызықпен көрсет.

- | | |
|-------------|---------|
| 1) әлем | жираф |
| 2) піл | тигр |
| 3) шөл | слон |
| 4) жолбарыс | пустыня |
| 5) керік | мир |

2. Жуан буынды сөзді тап.

- А) көбелек; Ә) керік; Б) жолбарыс; В) әлем.

3. Ең биік жануар қайсысы?

- А) түйеқұс; Ә) аю; Б) керік; В) піл.

4. Сұраулық шылау қай сөзде дұрыс емес?

- А) түйе ме? Ә) тасбақа ма? Б) керік па? В) піл ме?

5. Көк киттің ұзындығы неше метр?

- А) 25 м; Ә) 33 м; Б) 40 м; В) 45 м.

6. Келер шақ қалай аударылады?

- А) настоящее время;
Ә) прошедшее время;
Б) будущее время;

7. Түйенің сүтін қалай атайды?

- А) қымыз; Ә) айран; Б) шұбат; В) кілегей.

8. Сөйлемді аяқта. «Жолбарыс – өте күшті жсыртқыш...»

- А) құс; Ә) аң; Б) жәндік; В) жануар.

9. Артық сөзді тап.

- А) аю; Ә) торғай; Б) жолбарыс; В) қасқыр.

10. Көктемнің бірінші айы -...

- А) мамыр; Ә) наурыз; Б) сәуір; В) ақпан.

11. Қыста не жауады?

- А) қар; Ә) жаңбыр; Б) бұршақ.

12. Ең ыстық жыл мезгілі -...

- А) қыс; Ә) көктем; Б) жаз; В) күз.

13. Артық сөзді тап.

- А) қайық; Ә) раушан; Б) қарағай; В) терек.

14. Сөйлемді толықтыр. *Бәйшешек ... гүлдейді.*

А) жазда; Ә) көктемде; Б) күзде; В) қыста.

15. Қыс айлары:

А) желтоқсан, қаңтар, ақпан; Ә) наурыз, сәуір, мамыр;

Б) маусым, шілде, тамыз; В) қыркүйек, қазан, қараша.

16. Жылдың неше мезгілі бар?

А) 12; Ә) 4; Б) 3; В) 7.

17. Тиісті жалғауды таңда. *Мен жазда лагерьге бар...*

А) -дым; Ә) -дың; Б) -ды; В) -тым.

18. Қай мезгілде балалар суға шомылады?

А) күзде; Ә) жазда; Б) көктемде; В) қыста.

19. Бір тәулікте неше сағат бар?

А) 60; Ә) 12; Б) 24; В) 7.

20. Зат есімнің тәуелдік жалғауын жалға.

«Менің пәтер ... бесінші қабатта».

А) -ім; Ә) -ің; Б) -ыңыз; В) -іңіз.



ТЕСТ ТУРАЛЫ

Қанша жерден мақтасақ та оны біз,

Шын бағасын бере алмайды білімнің.

Қанша жерден болсын мейлі жолымыз,

Уызына жарытпайды тілімнің!



Клара БАТЫРҒАЛИЕВА,
№1 жалпы орта білім
беретін мектептің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы,
Чапаев ауылы.

ТӨЛ СӨЗДІ МЕНГЕРТКЕН САРЫ ШЫМШЫҚ

Сабактың мақсаты: тілдік бірліктердің мағынасын, мәтінде берілген ақпараттарды толық түсіну, сыни бағыттан баға беру, төл сөз тақырыбын қайталау.

Сабак барысы: I. Ұйымдастыру бөлімі.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Біреудің сөзінің бұлжытпай, өзгеріссіз берілуі төл сөз деп аталады.

Төл сөзді сөйлемдердің құрамын және олардың тыныс белгілері қалай қойылатынын еске түсірейік.

Бас әріппен жазылған автор сөзі: «бас әріппен жазылған төл сөзі», - кіші әріппен жазылған автор сөзі.

I : « I », - .

Анам маңдайымнан сипап: «Ұлым, арыңды жасыңнан сақта», - деді.

I : « I ».

Маған әкем айтушы еді: «Әмірені тыңдаған адам бақытты».

« I », - .



«Келешек - өткен тарихты қорғау», - деді Олжас Сүлейменов.

Тапсырма орындау.

I тапсырма. Берілген сұлба бойынша сөйлем құрастырындар:

1. «Төл сөз», - автор сөзі.
2. Автор сөзі: «Төл сөз», - автор сөзі.
3. Автор сөзі: «Төл сөз».

II тапсырма. Сөйлемді оқып шығып, тыныс белгілерін қойып, дәптерге жазып алындар:

Не деген өнегелі, жақсы бала едің деді ол маған сүйсіне қарап

Биік мансап- биік жартас деді Абай

Абай бұған күлді де: «Шыңғыс деген белгілі хан аты зой», - деді.

«Сары шамшық» мәтінін оқып, мазмұнымен танысу.

1. Қарамен берілген сөздердің сөйлемдегі мағынасын анықта.

Әжем шапанын жамылып отыр. – Ағаштар ақ қар жамылып тұр.

Құс ағашқа қонып тұр. – Ұлпа қар бұтаққа қонып тұр.

Атам алақанын жазды. – Оқушы жаттығу жазды.

Апам дастарқан жазды. – Құс қанатын жазды.

Алматыда жер сілкінді. – Құс сілкініп алып ұшып кетті.

2. «Сары шымшық» мәтінін оқы. Зат есімдерді анықтайтын сөздерді тап.

ұлпа

_____ қар

_____ құс

_____ аспан

Мәтінді қайта оқы. Мына сөз қандай етістіктермен берілген?

аяғымның астына түсті

Мен (автор) жай түсіріп келемін.

3. Мәтінді оқы, сары шымшықтың қорқуын білдіретін сөйлемді тап.

4. Мәтінді оқы, автордың таңдауын білдіретін сөйлемді тап.

5. Екі бағаннан мағынасы жақын сөздерді сәйкестендір.

кішкене

нағыз

алдыңғы

құйтақандай

кәдімгі

титімдей

түкті

бұлтты

түнеріңкі

жүнді

кіршіксіз

таза

пана көру

қорғаныш іздеу

Лексикалық қорды кеңейтуге арналған тапсырмалар:

1. Мына сөздердің жасалуында қандай ұқсастық бар?

Түнеріңкі, алдыңғы, қанатты, түкті.

2. Мына сөздердің қандай жұрнақтар арқылы жасалғанын

айта аласың ба?

Қорғаушы, жауыздық, қонақта, достық.

3. Мына сөздердің жасалуында қандай ортақ белгі бар?

Дір-дір ету, жаутаң- жаутаң ету, зу ету.

4. Мына сөз тіркестерінің қандай айырмашылықтары

бар?

Кішкене досыма елжіреп қарап, аз тұрдым.

Сары шымшық барлай қарады да, ұша жөнелді.

Грамматикалық құбылысты ажыратуға арналған

жагтығу жұмыстары:

1. Сөйлемдерді оқы. Етістіктің құрылысына қарай сөйлем мағынасы өзгереді.

Ағаш ақ қырау **жамылады.**

Ағаштар ақ қырау **жамылып тұр.**

Бұтаққа ақ қар **қонақтап алыпты.**

Бұтаққа ақ қар **қонақтапты.**

Ағаштың қырауы **бұрқ етті.**

Ағаштың қырауы **бұрқ ете қалды.**

Құс **сілкінді.**

Құс **сілкініп алды.**

Сары шымшық **ұша жөнелді.**

Сары шымшық **ұшты.**

Көк қырғи **зу етті.**

Көк қырғи **зу етіп шықты.**

1. Мәтіндегі 1,2- азат жолдардағы сөйлемдерде мағыналық байланысты жеткізетін сөздерді табыңыз.

1-азат жол.

1-сөйлем: ақ қырау, ағаш, қар

2-сөйлем: _____

3-сөйлем: _____

4-сөйлем: _____

5-сөйлем: _____

3. Мәтіннен мына сөз тіркесінің баламасын тап.

..... *что, человек защитник от насилия.*

.... *как будучи таким маленьким.*

4. Мәтін мазмұнына сәйкес кесте бойынша сөйлем құрастыр.

Ағаштар		қар	жамылып тұр
Ағашқа		ақ қырау	қонақтап алыпты
Ағаштың		қырауы	бұрқ ете қалды
Құс			аяғымның астына түсті
Кәдімгі		ақ самай	сары шымшық
Мен	құсты	таңданып	қолыма алдым
Құстың	көздері		жаутаң-жаутаң етеді
Оның	жүрегінің соғуы		алақаныма білінді
Сары шымшық	мені		пана көріпті
Мен	құсқа	елжіреп	қарадым
Сары шымшық		сілкініп алып	ұша жөнелді

Мәтіндік деңгей:

1. Мәтінді оқы. Негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді тап.

2. Мәтінді оқы. Төмендегі жоспарды толықтыр.

а) Қысқы орман.

ә) Күтпеген кездесу.

б) _____

в) _____

г) _____

3. Мәтіннің қысқарған түрін оқы. Негізгі мәтінмен салыстыр. Қандай бөлшектер жетпейді.

Мен орманда жүрдім. Жолда бір сары шымшық аяғымға қонды. Ол ұша алмады. Сары шымшық көк қырғидан қашыпты. Ол мені пана көрді. Кейін сары шымшық ұшып кетті.

4. Мәтіннен әңгіме авторын бейнелейтін сөйлемдерді тап.

5. Мәтін тақырыбын қалай өзгертер едің?

6. Мәтінде сары шымшықты автор қалай сипаттайды?

7. Сары шымшықтың қорқып тұрғанын адам қалай білді?

8. Сары шымшық неге адамнан қорықпады?

9. Оқиға авторына сипаттама бер. Ол қандай адам?

10. «Адам және табиғат» тақырыбына шығарма жазсаң, мәтіннің қай бөлігін пайдаланар едің?

11. Мәтіннен төл сөз бар сөйлемді оқып, схема құрыңдар.

12. Әңгімені І жақтан баяндап бер.

Үлгі: Мен қыста орманда қыдырдым.

13. «Ақылды сары шымшық» тақырыбына эссе жазу.

14. Үйге тапсырма беру.

15. Сабақ қорытындысы.



Айгүл МЫРЗАБЕКҚЫЗЫ,

Астана қаласындағы

№21 орта мектептің

қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің мұғалімі.

ЕСІМШЕДЕ – АТАҚТЫ КҮЙШІЛЕР

(7-сынып)

Мақсаты: а) қазақ халқының ұлы күйшілері туралы түсінік беру, шығармаларымен таныстыру, тақырып бойынша өтетін сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс пайдалану, есімшенің жұрнақтарын қайталау; ә) ауызша, жазбаша тіл байлықтарын дамыту, сөздік қорларын молайту, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; б) тарихтағы ұлы күйшілердің өмірбаянын үлгі ете отырып, құрмет, мақтаныш, сүйіспеншілік сезімдерін оятуға тәрбиелеу.

Түрі: ашық сабақ. **Әдісі:** жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен, мәтінмен, тақтамен жұмыс жасау, әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру, қайталау. **Көрнекіліктері:** күйшілердің суреттері, мақал-мәтелдер, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:

а) Сәлемдесу; ә) Кезекшімен сұхбат;

- Кім кезекші? Сыныпта кім жоқ?
- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Қыста қандай өзгерістер болады?
- Бүгін ауа райы қандай?

б) Оқушылардың оқу-құралдарын түгелдеу.

II. Енді сабағымыздың ережесімен танысайық:

1. Бірін-бірі тыңдау.
2. Ойын ашық айту.
3. Сабаққа түгел қатысу.
4. Ұйымшыл болу.
5. Уақытқа бағыну.


III. Өткен сабақты сұрау.

Сабағымыз қазақтың мына мақалымен басталады:

Өнер – ағып тұрған бұлақ, Білім – жанып тұрған шырақ.

- Біз сендермен бірге білім шырағының көмегімен өнер бұлағының көзін аштық. Осыған байланысты мына көрмені ұйымдастырдық. Мұнда көптеген құжаттармен танысып, түрлі мәліметтер алуға болады. Мына кітапта Ш. Аймановтың сомдаған рөлдері туралы айтылған.

- Өнердің тағы қандай салаларын білесіңдер?



IV. - Осы өткен өнер түрлерін қайталай келе, бүгінгі жаңа сабағымыз күй өнері және атақты күйшілеріміз жайында болмақ. «Күй» сөзі көшпелі тайпалар тұрмысында XIV ғасырда «аспаптық музыка» деген ұғымды білдірген. Күй ішінде өртенген дала, қираған қала, шапқан ат, төгілген қан, ашынған ана, аңсаған ару, жылаған бала бар.

Күй десек, алдымен есімізге домбыра түседі. Домбыра - халқымыздың жан серігі. Ол – тарих, тағдыр, тіл, тұрмыспен әдет-ғұрыпты айқын көрсететін ұлттық байлығымыз. Осы ұлттық байлығымызды қанша адам серік етіп, өнерімізді өзгелерге паш етті. Күй атасы – Кетбұғадан бастап, Асанқайғы, Қазтуған жырау, Ықылас, Тәттімбет, Құрманғазы, Дина сияқты дарынды күйшілеріміз қазақ өнеріне баға жетпес зор үлес қосқан.

V. Оқулықпен жұмыс: А) жаңа сөздермен танысу;

Ә) диалогты оқып, аудару;

Б) атақты күйшілеріміз жайында.

1. Құрманғазы Сағырбайұлы - композитор, күйші.

2. Дина Нұрпейісова – күйші композитор.

VI. Жазбаша жұмыс. 6-тапсырма. 100-бет.

VII. Сабақты қорытындылау:

1. Күй деген не? 2. Күйде не туралы айтылады? 3. Күйлер осы заманға дейін қалай сақталған? 4. Күйді шығарған кімдер? 5. Қандай күйшілерді білдік?

- «Өнер» тақырыбын қорыта келе, алдарыңыздағы қағазға “не білдік?, тағы не білгіміз келеді?” деген сұрақтарға қысқаша жауап берулеріңіз керек.

VIII. Үйге тапсырма: Атақты күйшілеріміз жайында мазмұндау.

IX. Бағалау. Бүгінгі сабақ ерекше болғандықтан бағалау түрі де ерекше болмақ. Бесжұлдыз, төртбұрыш, үшбұрыштар арқылы әркім өз бағаларын біледі.

Дәмеш МӘЙКЕНҚЫЗЫ,
Солтүстік Қазақстан облысының
Айыртау ауданындағы
№2 «Саумалкөл» мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

САУАТТЫЛЫҚ КЕПІЛІ – ДЕНСАУЛЫҚ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың өткен сабақтарда алған білімдерін пысықтау. «Денсаулық – зор байлық» дегенді оқушылардың түсінуіне көмектесу. Топпен шығармашылық жұмыс істеуге, ізденуге үйрету, сауатты жазуға баулу; **дамытушылық** – түрлі әдістер, сұрақ-жауап, ойын элементтерін пайдалану арқылы оқушылардың байқағыштығын, тапқырлығын, жылдамдығын, есте сақтау қабілетін арттыру; **тәрбиелік:** балаларды салауатты өмір сүру және өз денсаулықтарын күтуге, қорғай білуге тәрбиелеу, өз беттерімен жұмыс істеуге дағдыландыру.

Көрнекілік: үлестірмелер, денсаулық туралы ұлағатты сөздер, тірек-сызбалар, суреттер. **Түрі:** сайыс сабағы.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңінде мұғалім сабақтың мақсатымен таныстырады, сабақ сайыс ретінде өтетінін айтады. Оқушылар 3 топқа бөлінеді. Қазылар алқасы тағайындалады.

Сайыстың 1-кезеңі «Білгенге – маржан, білмеске – арзан» деп аталады. «Кубизм» стратегиясы бойынша оқушылар өтілген тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Әр топқа 2 сұрақтан қойылады.

Сұрақтар:

1. Сендер дене шынықтыру сабақтарында не істейсіңдер?

2. Денелеріңді қалай шынықтырасыңдар?

3. Біз қоршаған орта таза болу үшін не істеуіміз керек?

4. Өсімдіктердің табиғатта қандай пайдасы бар?

5. Денсаулықты сақтау үшін не істейсіңдер?

6. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев қай бағдарламасында адам денсаулығына баса назар аударды?

Сайыстың 2-кезеңі «Ойлан, ізден, тауып жаз» деп аталады. Әр топқа бір-бір конверттен таратылады. Конверттердің ішіндегі қиылған қағаздарда жазылған сөздерден сөйлем құрастырып, талдау түрлерін жасау тапсырмасы беріледі.

1-топ: «Тазалық – саулық негізі, саулық – байлық негізі» сөйлемін құрастыру. «Саулық» сөзіне фонетикалық талдау жасау.

2-топ: «Көп ауырған ем табады, көп адасқан ел табады» сөйлемін құрастыру. «Табады» сөзіне морфологиялық талдау жасау.

3-топ: «Ауру қалса да, әдет қалмайды» сөйлемін құрастырып, синтаксистік талдау жасау.

Тақтаға әр топтан бір бала шығып, берілген талдаудың түрін көрсетеді.

Сайыстың 3-кезеңі «Ойнайық та ойлайық» деп аталады.

Тақтаға тірек-сызба ілінеді. Тірек-сызба арқылы сөздер құрастыру тапсырмасы беріледі. Сызбадағы әріптерден 1 минут ішінде неше сөз құрастыруға болады?

Әр топ сөздерін оқып, аударып, парақтарын қазылар алқасына тапсырады.

Тақтада орындалған тапсырмалар тексеріледі.

Мұғалім: - Балалар, өздерің құрастырған сөйлемдер мақалдар болып шықты. Бұл мақалдар қандай тақырыпқа арналған? Халықта «Дені саудың – жаны сау» деген бар. Бұны қалай аударамыз? Ал, енді денсаулыққа арналған негізгі сайысқа жеттік.

Негізгі сайыс. Сайыстың тақырыбы: «Денсаулық – зор байлық» деп аталады. Сайыс мынадай бөлімдерден тұрады:
1. Шешен. 2. Жорға. 3. «Кім тез?» 4. Кластер құрастыру.
(Дайындалған текшеден оқиды).

1. **Шешен.** Әр топқа тапсырмалар беріледі.

1-топ. «Шынықсаң шымыр боласың» деген мақалды қалай түсінесіңдер?

2-топ. «Тазалық – денсаулық кепілі». Ол үшін не істеу керек?

3-топ. «Таза болса табиғат, аман болар адамзат». Мақалды түсіндіріңдер.

Мұғалім: - Адамдар табиғаттың бір бөлшегі екенін білеміз. Сондықтан табиғатты қалай қорғап, сақтасақ – денсаулығымызды да солай сақтап, қорғауымыз керек.

2. **Жорға.** (Негізгі бөлім. Мәтінмен жұмыс).

1-тапсырма: Шағын диктант жазғызу. (Жеке парақтарға жазылады, сабақтың соңында тапсырылады).

Диктант

Адам өмірін ұзарту мүмкін бе? Белгілі гигиеналық ережелерді сақтап, өмірді ұзартуға болады. Бұған әрбір адам міндетті. Денсаулық әркімнің өзі үшін, оның отбасы және елі, халқы үшін де қажет. Мен адам 120 жыл, одан да көп өмір сүруге хақылы, міндетті дер едім. Денсаулықты сатып алмайсың. Оны тек өзіңнің тынымсыз еңбегің арқылы ғана табасың.

Диктант мәтіні бойынша тапсырмалар орындау:

1-топ. Мәтінді оқу, аудару.

2-топ. Сұрақтар құрастыру.

3-топ. Адам өз өмірін ұзарта алады дегенге сенесіңдер ме? Пікірлеріңді білдіріңдер.

2-тапсырма: Орыс тілінен аудару (кәртішкелермен жұмыс).

1 топтың кәртішкесінде:

Салауатты өмір салтының негізгі элементтеріне: (физические упражнения и спорт, рациональное питание, отказ от вредных привычек, в том числе от курения и алкоголя) ерекше көңіл бөлу керек.

2 топтың кәртiшкесінде:

(Правильное питание, получение организмом необходимых витаминов и минеральных веществ) адамның денсаулығын, еңбекке қабілеттілігін және өмір ұзақтығын айқындайды.

3 топтың кәртiшкесінде:

(Употребление алкоголя, наркотиков, курение табака во всем мире) адамдардың денсаулығына ғана емес, өміріне де қауіпті аурулардың факторы болып табылған.

Пайдаланған жаңа сөздер:

ережелерін сақтап – соблюдая нормы;

зиянды әдеттер – вредные привычки;

ем-дәм – диета;

шылым тарту – курение;

ұзақ жасау – долго жить;

арақ, шарап – алкоголь;

тынымсыз еңбек – неустанный труд;

есірткі – наркотик;

тиімді тамақтану – рационально питаться;

еңбекке қабілеттілік – работоспособность;

бас тарту – отказ;

ағзамен алуы – получение организмом.

3. «Кім тез?» (Сөздік қорын тексеру).

Мұғалім сөздер мен сөз тіркестерін тез оқиды, оқушылар тез аударады.

1-топ.

ем-дәм

тынымсыз еңбек

зиянды әдеттер

2-топ.

ұзақ жасау

арақ, шарап

еңбекке қабілеттілік

3-топ.

бас тарту

есірткі

ережелерін сақтап

ағзамен алуы тиімді тамақтану шылым тарту
Тапсырмаларды қай топ тез орындайды:
1-топ. Денсаулыққа арналған ертегі шығару.
2-топ. Денсаулыққа арнап өлең шығару.
3-топ. Суреттерді пайдаланып, зиянды әдеттерге қарсы бағытталған үндеулер жазу.

4. Кластер құрастыру. Адамның дені сау болу үшін не керек? (Оқушылар «Денсаулық» атты кластер жасайды.)

Мұғалім: - «Денсаулық – зор байлық», «Дені саудың – жаны сау» деген халық қағидаларын естен шығармаған жөн. Шылым шегу, арақ ішу, есірткіге тәуелді болу сияқты жаман әдеттерден аулақ болуымыз керек.

Қазылар алқасына қорытынды жасауға сөз беріледі.



Зәуреш НҰРЫМОВА,
Шымкент қаласының
Ұлықбек атындағы
№3 жалпы орта
мектебінің мұғалімі.

СЫН ЕСІМНІҢ ЖАСАЛУЫ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – сын есімнің түрлері мен жасалуы туралы түсінік беру, осы ұғымдарға тән ерекшелікті қамту; есім сөздер мен етістіктен сын есім тудыратын жұрнақтарды бір-бірінен ажырата білуге, олардың мәнін дұрыс ұғынуға баулу; **дамытушылық** – оқушылардың сөздік қорын байыту, еске сақтау қабілетін арттыру, өз бетінше ойланып, қорытынды жасай білуге төселдіру; **тәрбиелік**

– оқушыларды белсенділікке, алғырлыққа, шапшаңдыққа, адамгершілікке баулу негізінде тәрбиелеу.

Түрі: аралас. **Көрнекіліктер:** кестелер, ойынға керекті заттар, сызбалар, интерактивті тақта, слайдтар. **Пәнаралық байланыс:** информатика, әдебиет. **Әдіс-тәсілдері:** деңгейлеп оқыту, сын тұрғысынан ойлау, сергіту сәті, түсіндіру, сұрақ-жауап.

Сабақ барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) сәлемдесу;
- ә) ҚР әнұранын орындау;
- б) оқушыларды түгелдеу.

2. Сергіту сәті.

Мұғалім:

- Қане, балалар, тұрамыз,
Әдемі шеңбер құрамыз.
Санамақты бастаймыз,
Сөз таптарын жаттаймыз:

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9.

9 саны – ортада,

Атын атап бәрінің

Есімізде сақтаймыз:

Зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, еліктеу сөздер, шылау, одағай.

3. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.

4. Үй тапсырмасын сұрау. 129-жаттығу, 63-бет. (Оқып шығып, өлең жолдарындағы сын есімдерді табындар, олардың мағыналық белгілерін ажыратындар). 3 оқушы тақтаға шығып, сын есімдерді теріп жазады.

5. Өткенді қайталау.

1. Екі оқушы сызба бойынша сын есімнің анықтамасын, сұрақтарын түсіндіреді.

2. «Сипаттап айт» ойыны. Ойынның шарты: зат есімге

сипаттама беру керек.

Алма қандай? Қызыл, жасыл, тәтті, сары, қышқыл, үлкен, кішкентай, жұмсақ, қатты... Үй қандай? Үлкен, таза, кең, жарық, биік, аласа... Оқушы қандай? Тентек, ақылды, ақымақ, сұлу, тәртіпті... Күз мезгілі қандай? Жылы, суық, бұлтты, жаңбырлы...

Оқушы сын есімге мысал келтіріп, келесі оқушыға доп береді, ойын осылай жалғаса береді.

3. Есте сақтау қабілетін шындайтын диктант. Ойында айтылған сөздерді оқушылар жатқа жазады (10 сөзден кем болмауы керек).

6. Жаңа тақырыпты түсіндіру.

Сабақтың мақсаты мен барысын хабарлау.

1. Білу. Бүгінгі сабақта нені білуіміз керек?

1. Сын есімдер: негізгі, туынды (құрамы).
2. Сын есімдер: дара, күрделі (құрамы).
3. Есім сөздерден сын есім тудыратын негізгі жұрнақтар.
4. Етістіктен сын есім тудыратын негізгі жұрнақтар.
5. Ескерту.

1-слайд.

Сын есім

(құрамы)

негізгі

туынды

Негізгі сын есім	Туынды сын есім
Ешбір қосымшасыз негізгі түбір күйінде жұмсалатын сын есім.	Басқа сөз табынан жұрнақтар арқылы жасалған сын есім.
қара	көш-пелі (ел)
көк	кеш-кі (ауа)
биік	өнер-лі (жігіт)
таза	аудан-дық (комитет)
жақсы	азамат-тық (борыш)
сары	тарих-и (оқиға)
терең	үр(і)к-ек (ат)

Сын есім

(құрамы)

дара**күрделі**

Дара сын есім	Күрделі сын есім
Бір ғана түбірден (негізгі немесе туынды түбірден) тұратын сын есімдер.	Екі немесе бірнеше сөздің тіркесінен қосарланып жасалған сын есімдер.
сары	ақ құба
тар	торы ала
күлегеш	ойлы-қырлы
қабаған	әкелі-балалы

3-слайд.

Сын есім жасайтын жұрнақтар:

есім сөзден

етістіктен

сын есім тудыратын

сын есім тудыратын

жұрнақтар

жұрнақтар

Есім сөздерден сын есім тудыратын жұрнақтар	Мысалы
1) -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті;	тау-лы, тас-ты, дене-лі;
2) -сыз, -сіз;	үй-сіз, жер-сіз, қызмет-сіз;
3) -ғы, -гі, -қы, -кі;	жаз-ғы, іш-кі, сырт-қы;
4) -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік;	азамат-тық, жыл-дық, көлем-дік;
5) -шыл, -шіл;	жер-шіл, ұйқы-шыл, күлкі-шіл;
6) -шаң, -шең;	бой-шаң, сөз-шең, киім-шең;
7) -дай, -дей, -тай, -тей;	үй-дей, қой-дай, арыстан-дай;
8) -кер, -гер, -қой, -қор, -паз (-ымпаз, -імпаз);	табыс-кер, найза-гер, әуес-қой; өнер-паз, жең-імпаз;
9) -и, -ы, -і.	тарих-и, дін-и, әдеб-и.

Етістіктен сын есім тудыратын жұрнақтар	Мысалы
1. -ғақ, -гек, -қақ-, -кек, -ақ, -ек;	ұрыс-қақ, тай-ғақ, үр(i)к-ек;
2. -ық, -ік, -қ, -к;	тол-ық, сын-ық, аш-ық;
3. -ғыш, -гіш, -қыш, -кіш;	біл-гіш, жаз-ғыш;
4. -ғыр, -гір, -қыр, -кір;	өт-кір, ұш-қыр, ал-ғыр;
5. -шақ, -шек;	ұрын-шақ, жасқан-шақ;
6. -ыңқы, -іңкі, -ңқы, -ңкі;	бас-ыңқы, -көтер-іңкі;
7. -ынды, -інді, -нды, -нді;	жаса-нды, асыра-нды;
8. -малы, -мелі, -балы, -белі, -палы, -пелі;	көтер-мелі, таңда-малы; айны-малы;
9. -ымды, -імді, -мды, -мді;	жара-мды, шыда-мды;
10. -аған, -еген;	қаш-аған, сүз-еген;
11. -улы, -улі;	ая-улы, іл-улі, ас-улы;
12. -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе.	қыз-ба, бұра-ма, боя-ма.

3. Деңгейлік тапсырма беру.

1-деңгей. 1. Төмендегі сын есімдердің мағыналарын анықтап, дара сын есімдерді бір бөлек, күрделі сын есімдерді бір бөлек топтап жаз да, олардың жасалу жолдарын түсіндір.

Үлгі: дара, сын есім: сұр, сулы, ...

Күрделі сын есім: қара ала, қап-қара, ...

Сұр, қара ала, сулы, көгілдір, бидай өңді, шұбар, ұмытшақ, қой көзді, қызыл шырайлы, ат жақты, тобылғы түсті, қара мұртты, жирен, жұп-жұмыр, ұшқалақ, қиқар, аласа өкшелі, шымыр денелі, шикіл сары, бадырақ көзділеу, қара күрең.

2. Төмендегі сын есімдерге жақша ішіндегі зат есімдердің лайықтысын тіркеп жаз.

Өнерпаз	(сөйлем)
Түйінді	(шопан)
Жасанды	(бала)
Басыңқы	(суретші)
Әуесқой	(ой)
Таңдаулы	(адам)

2. Төмендегі сөйлемдерге асты сызылған сөздердің қайсысы сын есім мағынасында қолданылғанын тап.

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы. Сыз жерге отырма, сызықты түзу сыз. Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей? Қақпаңды аш, хабарыңды айт, білдір маған.

3. Бір буыннан құрылған қандай сын есімдер бар?

3-деңгей.

1. Берілген өлеңнен сын есімдерді тауып жаз. Сын есімдердің қалай жасалғанын түсіндір.

Сәулетті, сәнді, тұрмысты,

Байлығы шалқар шалқыған,

Ақпейіл, азат, ырысты

Айналдым туған халқымнан! (Ш. Смаханұлы.)

2. Сын есімнің түрлерімен (негізгі, туынды, дара, күрделі) қатыстырып, өз айналандағы бір адамның не досыңның, не туысыңның сөзбен портретін жаса.

7. Сабақты бекіту.

Тест сұрақтарына жауап беру (өзіндік жұмыс)

1. Сын есімді тап:

а) жазықтық; ә) жарық; б) бұрын; в) сол; г) гу-шу.

2. «Атаққұмар» сөзі қай сөз табына жатады?

а) еліктеу сөздер; ә) сын есім; б) шылау;

в) үстеу; г) зат есім.

3. Дара сын есімдерді белгіле:

а) қонымды, сүйкімді, сары;

ә) шөп, бұлақ, көбелек;

б) бәрі, тегіс, күллі;

в) сары ала, өткір көзді, жақсы-жаман;

г) шіркін, бәрекелді, пай-пай.

4. Күрделі сын есімді тап:

а) кең маңдайлы, шоқша сақалды, қызыл шырайлы;

ә) қышқыл, дәмді, тәтті;

б) сұра, сөйле, сана.

в) арбаң-арбаң, ербең-ербең, елп-елп;

г) тоғызыншы, оныншы, он алтыншы.

5. Мезгіл, мекенге қатысты сын есімдерді белгіле:

а) қалталы қосаяқ, алқызыл долана;

ә) кешкі тамақ, түскі мезгіл, ормандағы үй;

б) қырғи қабақ, көк желке, ши борбай.

6. Туынды сын есімді тап:

а) кеуде; ә) кеңшілік; б) кең; в) кеңіту; г) таулы.

7. Басқа сөз табынан жұрнақ арқылы жасалған сын есімді қандай сын есім деп атайды?

а) дара; ә) күрделі; б) туынды; в) сапалық; г) негізгі.

8. «Еріншек», «әлді», «күшті» сөздері сын есімнің қай түріне жатады?

а) сапалық; ә) дара; б) күрделі; в) туынды; г) негізгі.

9. Қайсысы негізгі сын есім?

а) сусыма, сабырлы, ашушаң, кекшіл;

ә) ауылдық, жайлы, арсыз, ағайынды;

б) көк, сұр, жеңіл, қара;

в) мақтаншақ, сөзшең, пысық.

10. Бір-біріне қарама-қарсы мәндегі сын есімдерді белгіле:

а) қызыл, жасыл; ә) сотқар, қиқар; б) жұмсақ, тұщы;

в) биік, аласа; г) тар, жеңіл.

8. Сабақты қорытындылау.

9. Бағалау.

10. Үйге тапсырма: 68-беттегі 139-жаттығу.



САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ ЖӘНЕ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – салт-дәстүрлер туралы бұрын алған білімдерін пысықтап, отбасы дәстүрлерін талдау арқылы коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру. *Мүлік, аластау, құндылық, мұра* сөздерін меңгерту; **дамытушылық** – оқып-түсіну, тыңдап-түсіну арқылы мәтін мазмұны бойынша сұрақ қою, әр түрлі жағдаятта сұхбатқа түсу дағдыларын жетілдіру. Салалас құрмалас сөйлемге синтаксистік талдау жасау машықтарын дамыту; **тәрбиелік** – оқушылардың жалпы дүниетанымын кеңейту, қазақ халқының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу, қазақи болмысқа баулу. Елтану.

Құзыреттіліктер: сабақ мазмұны арқылы – пәндік; интерактивті тақта арқылы – ақпараттық; салт-дәстүрлер туралы мәліметті талдау арқылы – коммуникативті құзыреттілік қалыптастыру.

Типі: жаңа білімді меңгерту. **Түрі:** аралас, дамыта оқыту. **Әдіс-тәсілдер:** интерактивті әдіс, проблемалық сұрақтар, жағдаят (ситуациялық диалог), сын тұрғысынан ойлау, лексикалық ойын, әңгімелеу.

Сабақ барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу. Оқушыларды сабаққа ынталандыру, сәттілік тілеу.

Мен сендерге бағалау парағын үлестіремін, сабақтың әр бөлігінде өздеріңді бағалап және жалпы сыныпта кім жақсы жұмыс істегенін анықтайсыңдар.

Қызығушылығын ояту кезеңі: жаңа тақырыпқа шығу үшін ән тыңдалады. Балалар бұл әнде не туралы айтылатынына тоқталады.

- Дұрыс, ендеше біздің бүгінгі тақырыбымыз – «Қазақ халқының салт-дәстүрлері». Сабағымыздың мақсаты қандай деп ойлайсыңдар? (Сабақ мақсаттарын қоямыз).

Ой қозғау. Салт-дәстүрлер туралы өздерің не білесіңдер? (оқушылар пікірін тыңдау).

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Иә, балалар, салт-дәстүрлер өте көп. Олар: *тәрбие* дәстүрлері, *отбасы* дәстүрлері, *діни* дәстүрлері *наурыз* дәстүрлері, *еңбек* дәстүрлері болып бөлінеді. Әрбір халықтың салт-дәстүрі – ұлттық рухани құндылығы болып саналады. Біздің еліміздің барлық дәстүрлерін зерттеп, зерделеп, кітап етіп шығарған – ауыз әдебиетін жинақтаушы, белгілі шежіреші, этнограф Сейіт Кенжеахметов.

Жаңа сөздер:

Мүлік – инвентарь, имущество;

Салт – обычай;

Дәстүр – традиция;

Кәде – подарок;

Аластау – изгонять;

Құндылық – ценность;

Мұра – наследие.

Енді осы жаңа сөздерді сөз тіркесінде, сөйлемде қолданыңдар (ауызша).

Іс-әрекеттік кезең. «Сиқырлы сандықша» ойыны.

(Интерактивті тақтада). Сандарды сөйлету: 3, 5,7,25,9,40,42.

Деңгейлік тапсырмалар:

III деңгей. 1. Мәтінді түсініп оқып, мазмұны бойынша сұрақтар дайындау. (жұптық жұмыс).

II деңгей. 1. *Етістіктерді* тұлғасына қарай ажыратып, тиісті бағанға орналастыру. (жеке жұмыс).

2. Мәтін мазмұны бойынша жағдаят құрастырып, екеуара сөйлесу. (жұптық жұмыс).

I деңгей. 1. Мәтін мазмұнын өз сөздеріңмен айтып беріңдер (жеке жұмыс).

2. Сөйлемге синтаксистік талдау жасау (жеке жұмыс).

Сергіту.

- «Дефиниция» лексикалық ойыны ойналады. (ауызша)

- Суретте қандай салт-дәстүр көрсетілген? (Интерактивті тақтада).

Тест. Рефлексия.

1) Проблемалық сұрақ: - Балалар, сендердің ойларыңша, салт-дәстүрлер бүгінгі күнде қоғамға қажет пе? Неге? (Оқушылар пікірін тыңдау)

2) «Салт-дәстүр» сөзімен 5 жолдық өлең құрастыру немесе кілтті сөздермен шағын әңгіме жазу.

Қорытындылау.

Бағалау.

Үй тапсырмасы: «Маған ұнайтын қазақтың салт-дәстүрі» тақырыбына шығарма жазу.



«ЖЕР – ҚАЗЫНА» СӨЙЛЕТЕДІ

Мақсаты: білімділік – «Жер – қазына» жөнінде білім қалыптастыру; **дамытушылық** – сөйлеу және шығармашылық қабілеттіліктерін дамыту; **тәрбиелік** – туған жерін сүюге тәрбиелеу.

Типі: жаңа сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, көрнекілік, өз ойын жеткізу. **Көрнекілігі:** слайд, буклет, тапсырмалар. **Пәнаралық байланыс:** тарих, жағрафия, биология.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:

А) амандасу; Ә) кезекшінің рапорты.

1-тапсырма. Фонетикалық талдау жаса:

Жер. Сөзде: ... әріп, ... дыбыс, ... буын, ... дауысты, ... дауыссыз дыбыс бар.

Ж-

Е-

Р-

2-тапсырма. Септе. *Жер – қазына.*

А.с.

І.с.

Б.с.

Т.с.

Ж.с.

Ш.с.

К.с.

3-тапсырма. Морфологиялық талдау жаса.

Қазына, Қазақстан.

4-тапсырма. Синтаксистік талдау жаса.

Қазақстанда адамдар тату тұрады.

Маған Қазақстан ұнайды.

(Өздерін жауап үлгілері бойынша бағалайды).

II. Модульдік құрамын түсіндіру.

Модуль тоғыз сағатқа бөлінген: а) 1 сағат модульге ену,

ә) 6 сағат сөйлесу бөлімі, б) 2 сағат бақылау (нәтиже, диктант).

III. Сабақтың мақсатын айту.

Слайд көрсету (тақырыпты ашу).

IV. Бүгінгі лексикалық тақырыбымыз «Жер – қазына»

деп аталады.

Кіріспе сөз.

- Біздің Отанымыз – Қазақстан. Қазақстан – жас, тәуелсіз мемлекет. Оның жер көлемі 2750000 шаршы км. Оның 40% - өзен, көл, теңіз, 50% - шөл және шөлейт аймақтар алып жатыр, 10% - таулы жер. Ұлан – байтақ жеріміздің ауа райы, жер бедері, геология құрылысы, өсімдік құрамы, топырағы, жануарлары әр түрлі болып келеді.

V. Сөздікпен жұмыс.

1. Өтетін сөздердің, сөз тіркестерінің мағыналарын түсіндіру.

2. Дұрыс айтуға дағдыландыру.

А) оқу;

Ә) хормен қайталайды;

Б) оқушылар тізбекпен оқиды;

В) сөз тіркестерін құру;

Г) сөйлемдер құру.

VI. Мәтінмен жұмыс.

А) оқу;

Ә) рөлге бөліп оқу;

Б) мазмұнын ашу кезеңі;

В) жалқы, жалпы есімдерді табу.

VII. Түсініктерін тексеру.

Мәтін не туралы?

Оқушылар өз беттерінше мына тапсырманы орындайды
(12 мин. беріледі).

88-бет, 1-тапсырма. Қанатты сөздердің мәнін түсіндіріңдер. Бір қанатты сөз бойынша шағын әңгіме құраңдар.

VIII. Бағалау.

IX. Келесі сабаққа арналған үй жұмысы: «Жер – қазына» тақырыбы бойынша мәліметтер жинау.

X. Сабақты қорытындылау. Рефлексия.

Нені білемін? Не білдік? Нені білгім келеді?



Рыскүл ӘБЕНҚЫЗЫ,
Алматы қаласындағы
№56 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР

Жер-Ана жыламасын

Жер-Ана – біздің ортақ үйіміз, тіршілік етіп отырған баламшарымыз. Ол бізді асырап отыр. Барлық тіршіліктің көзі – Жер-Ана. Бүгінде жерімізге төніп тұрған үлкен қауіптің бірі – ядролық жарылыстар.

Қазіргі уақытта тәуелсіз Қазақстан – ядролық қарусыз мемлекет. Бірақ бұрынғы кеңес үкіметі кезінде үш сынақ полигоны болған. Соның ең үлкені – Семей сынақ полигоны. Бұл полигонда бірінші бомба 1949 жылы тамыз айының 29-ы

күні жарылған.

1989 жыл. Қазан айының 19-ы. Бұл ақырғы сынақ күні еді. Семей полигоны жабылды. 1989 жылы ақпанда ядролық қаруға қарсы «Невада-Семей» қоғамдық қозғалысы басталды. Бұл қозғалысты ұйымдастырушы әрі оның жетекшісі – белгілі ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов. Осы қозғалыстың арқасында полигон жабылды.

1989 жылдың өзінде дүние жүзі бойынша барлығы 19 жарылыс жасалса, соның үшеуі – Семейде, жетеуі – АҚШ-та, екеуі – Қытайда, бесеуі – КСРО-да болған.

Біз Жер-Ана жыламаса екен дейміз. Бұл – бүкіл ғаламшар адамдарының ойы.

(«Жас Алаш» газетінен)

1-денгей.

1. Ядролық қоғамға қарсы «Невада-Семей» қоғамдық қозғалысы қай жылы және қай айда басталды?

2. «Жер-Ана жыламасын!» мәтіні бойынша сұрақтар жаз.

3. Сөйлемдердегі баяндауыштың орнын толықтырыңдар.

Үлгі: Адам баласы табиғатты қорғауға тиіс.

Біз бұлақтардың көзін

Су мол болса, астық та

Көк шөпті таптауға

Ата-бабаларымыз табиғатқа жанашырлықпен

Қажетті сөздер: қараған, болмайды, мол болады, аштық.

Жауап үлгісі:

1-денгей.

1. 1989 жылы ақпанда ядролық қаруға қарсы «Невада-Семей» қоғамдық қозғалысы басталды.

2. Сұрақтар үлгісі:

1. Жер-Ана – біздің неміз?

2. Кеңес үкіметі кезінде неше сынақ полигоны болған?

3. Семейде неше жарылыс болған екен?

3. Адам баласы табиғатты қорғауға тиіс.

Біз бұлақтардың көзін аштық.

Су мол болса, астық та мол болады.

Көк шөпті таптауға болмайды.

Ата-бабаларымыз табиғатқа жанашырлықпен қараған.

2-денгей.

1. Көп нүктенің орнына баяндауыштың дұрыс нұсқасын жазыңдар.

Табиғат адамдардан қамқорлық

а) күтеді; ә) талап етеді; б) талап етпейді.

2. Біздің республикамыздың көп аймағы көмекке зәру

а) болып отыр; ә) айта береді; б) қажет болады.

3. Берілген сөздерді толықтауыш ретінде қолданып, сөйлем құрастырыңдар.

Өмір, тау, шөп, кітап.

Табиғат туралы сөйлесу құрастыр.

Жауап үлгісі:

2-денгей.

1. Табиғат адамдардан қамқорлық күтеді.

2. Біздің республикамыздың көп аймағы көмекке зәру болып тұр.

3. Мен өмірді жақсартқым келеді. Мен көптеген тау-ларды білемін.

Өсіп тұрған шөпті жұлмау керек. Қазақстан табиғаты туралы кітапты көп оқимын.

4. Достым, бізде табиғат ресурстары көп пе? - Қазіргі кезде табиғат ресурстары азайып барады.

Табиғат қандай дүние? - Табиғат – тірі дүние.

- Қай елде қоршаған ортаны қорғауға көп мән береді?

- Еуропа, Оңтүстік Корея елдері ормандарын аса қатты күтеді.

- Табиғатымыз таза да сұлу болу үшін сен не істейсің?

- Табиғатқа ешқандай зиян келтірмей, аялап өту керек.

3-денгей.

1. «Жастар және табиғат» тақырыбына шағын шығарма жаз.

2. Шығармаға баяндауыш пен толықтауышты кірістір.

Сөздік:

Ортақ үйіміз – общий дом;

Асырап отыр – кормит;

Қауіптің бірі – одна из опасностей;

Сынақ полигоны – испытательный полигон;

Жарылыс – взрыв;

Қоғамдық қозғалыс – общественное движение;

Тәуелсіз – суверенный;

Маңызды мәселе – главная проблема, главный вопрос;

Жетекшісі – руководитель; Қасірет іздері – следы.

Бағалау. Үй тапсырмасы.

СЕПТЕУЛІК ШЫЛАУЛАР

Мақсаты: 1. Оқушыларды болашақ мамандығымен таныстыру. Кәсіби мәтін, терминдерді меңгеру. Септеулік шылауларға түсінік беру; 2. Септеулік шылауларды жүйелі түрде қайталау арқылы жаттығу жұмыстарында еркін қолдануын қалыптастыру, сөйлеу мәнеріне жете көңіл бөлу; 3. Оқушылардың білімдерін тереңдету, түсініктерін тиянақтау;

Дамытушылық: 1. Терминдерді меңгертіп, сөздік қатынастарын қалыптастыру; 2. Септеулік шылауларды шығармашылық тапсырмаларда еркін қолдана отыра кәсіби шеберліктерін жетілдіру, техникалық сөздік қорларын молайту; 3. Интерактивті әдістерді қолдану арқылы қазақ тілі пәніне деген қызығушылығын арттыру;

Тәрбиелік: болашақ кәсіпке деген сүйіспеншілігін ояту, өз жұмыстарының қыр-сырын түсіне білуге тәрбиелеу.

Типі: жаңа сабақты меңгеру. **Әдісі:** интерактивті оқыту әдісі, топпен, жұппен жұмыс. **Сабақта өз бетінше істейтін жұмыстың түрлері:** сөзжұмбақ шешу, мәтінді оқу, аудару, сөздікпен жұмыстар жүргізу, жаңа термин сөздердің аудармасын білу.

Сабақтың материалдық-техникалық жарақтандырылуы: компьютер, интерактивті тақта.

Сабақтың мазмұны мен барысы. 1. Ұйымдастыру кезеңі.

- Сәлеметсіздер ме! Бүгінгі біздің сабағымыз ерекше. Бүгін екі топ «Атомдар» және «10 кв» болып бөлініп, өз білімдерін

көрсетеді. Ендеше, балалар, бір-біріңнің көздеріңе қарандар, күлімсірендер және бір-біріңе сәттілік тілендер.

Ауыл шаруашылығын электрлендіру мамандарына кәсіби қазақ тілінен кәсіби сөздер мен кәсіби терминдерді оқып - үйренуге арналған ашық сабақ.

- Балалар, біз мамандықты не үшін таңдаймыз?

- Біз мамандықты еңбек ету үшін, білім алу үшін таңдаймыз.

- Иә, балалар, біз жақсы білім алмай, шебер маман бола алмаймыз.

1. - Біз еңбек, білім туралы қандай мақал-мәтелдерді білеміз?

- Еңбек өмірді ажарлайды. (Труд украшает жизнь).
- Еңбек пен бақыт – егіз. (Труд и счастье - близнецы).
- Ащы еңбектен – тәтті нан. (У трудной работы сладкий хлеб).
- Жаман іс жоқ, жаман ісші бар. (Плохой работы нет, есть плохой работник).
- Ер дәулеті – еңбек. (Богатство молодца - труд).

2. Ғылым – теңіз, білім – қайық. (Наука – море, а знание – лодка).

- Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ.

(Без ученья нет знаний, без знаний – нет жизни).

Оқу – білім бұлағы, білім – өмір шырағы. (Учение – основа знания, Знания- основа счастья).

- Күш – білімде, білім – кітапта. (Сила в знаний, знание в книгах).
- Ұстазыңды ұлы әкендей сила. (Учителя почитай, как отца родного).
- Білегіңе сенбе, біліміңе сен. (На силу не рассчитывай, на свои знания рассчитывай).

- «Білегіңе сенбе, біліміңе сен»,- деп дұрыс айтады.

Сондықтан өткен сабақта біз электр мамандарына арналған

кәсіби сөздердің атауларына жалпы шолу жасап кеткенбіз.

Олай болса, бүгін сол атауларды қайталап өтейік.

Тапсырма: Кәсіби сөздердің суреті бойынша атауларының аудармасын табу. (Интерактивті суретті тақта)

Шам – лампа;

Шырақ – светильник;

Қозғауыш – двигатель;

Бұрауыш – отвертка;

Ұзартқыш – удлинитель;

Тістеуіш – щипцы;

Қысқаш – плоскогубцы;

Өлшеу аспабы – индикатор.

Үй жұмысын қорытындылау.

Ашық сабағымызды бастамастан бұрын тақырыбымызды ашып, мына сөзжұмбақты шешіп алайық.

						М	Ұ	Х	Т	А	Р
А	С	Т	А	Н	А						
			Ш	А	М						
	А	Р	М	А	Н						
			И	Н	Д	И	К	А	Т	О	Р
	П	Е	Д	А	Г	О	Г				
			Ы	Б	Ы	Р	А	Й			
			Қ	Ы	С	Қ	А	Ш			

1. «Абай жолы» романының авторының есімі.
2. Қазақстан Республикасының астанасы.
3. «Лампа» сөзінің қазақша атауы.
4. «Мечта» сөзінің қазақша аудармасы.
5. Өлшеу аспабының аудармасы.
6. *Мұғалім, ұстаз* сөздерінің синонимі.
7. «Кел, балалар, оқылық» өлеңінің авторы.
8. Электрик маманының негізгі құралының атауы.

III. Жаңа сабақ.

- Балалар, бүгінгі біздің жаңа сабағымыздың тақырыбы: Септеулік шылаулар.

Сабағымыздың мақсаты: Интерактивті әдістерді пайдалану арқылы кәсіби мәтін, терминдерді меңгере отырып, сөздік қатынастарын қалыптастыру. Септеулік шылауларды еркін қолдана отырып, кәсіби шеберлігін жетілдіру, техникалық сөздік қорын молайту.

I. Жаңа сөздермен жұмыс жүргізу. Жаңа сөздерден өздеріне таныс емес сөздерді жазу:

Мамандық – профессия;

Болашақ – будущее;

Тарих – история;

Таңдадым – выбрал;

Өркендету – развивать;

Сұранысы – востребованность;

Қажеттілігі – необходимость;

Өкінішке қарай – к сожалению;

Маңыздылығы – важность;

Игеру – освоить;

Дерек – сведения, данные, факты;

Қыр-сырын – своеобразие, специфика;

Білгім келеді – хочу знать.

II. Менің мамандығым. Мәтінді іштерінен оқып шығу.

- Мен оқуға түскенге дейін бұл мамандықтың қызық екенін білген жоқпын.

- Менің болашақ мамандығым – ауыл шаруашылығын электрлендіру. Бұл мамандықтың 100 жылдық тарихы бар.

- Бұл мамандықты не үшін таңдадым? Басқа мамандықтар сияқты, қазіргі кезде осы мамандықтың сұранысы, қажеттілігі, маңыздылығы мен үшін зор.

- Өкінішке қарай, кәсібім туралы білетінім аз. Сол үшін болашақта бұл мамандық жөнінде оқып үйрену, игеру кезеңінде оның тарихын, кәсіби қыр-сырын білуді мақсат етемін.

- Мен болашақ мамандығым туралы әрі қарай мынандай деректерді білгім келеді....

Тапсырма: 1. Мәтінді оқу. 2. Аудару.

III. Септеулік шылаулар.

Управляемые падежи. Меңгерілетін септіктер	Виды послелогов. Септеулік шылаулардың түрлері	Сочетания послелога со знаменательным словом. Негізгі сөзбен тіркесуі
Именительный падеж Атау септік (кім? не?)	туралы, арқылы, үшін, сияқты (про, через, ради, как)	сен үшін - ради тебя
Дательно-направительный падеж Барыс септік (кімге? неге?)	дейін, шейін, қарай, таман, тарта (до, к)	үйге дейін- до дома
<u>Исходный падеж</u> <u>Шығыс септік</u> (кімнен? неден?)	<u>бұрын, кейін, соң,</u> <u>астам, бері, әрі</u>	<u>кешеден бері-</u> <u>со вчерашнего дня</u>
<u>Творительный падеж</u> <u>Көмектес септік</u> (кіммен? немен?)	<u>бірге, қатар</u> (<u>вместе, вместе с тем</u>)	<u>сенімен бірге -вместе</u> <u>с тобой</u> <u>сонымен қатар -</u> <u>вместе с тем</u>

IV. Септеулік шылаулармен сөйлемдер құрастырайық.
Арман кім үшін (не үшін) оқып жүр?

Ради кого (ради чего) учится Арман?
Арман кім (не) туралы ойлап отыр?
О ком (о чем) думает Арман?
Арман үйге дейін немен барады?
Арман на чем едет домой?
Арман сабақтан соң қайда барады?
Куда идет Арман после урока?

Менің мамандығым

Мен оқуға түскенге дейін ... қызық екенін білген жоқпын.
Менің болашақ мамандығым Бұл мамандықтың ...
тарихы бар.

Бұл мамандықты ... таңдадым? Басқа мамандықтар
сияқты, қазіргі кезде осы мамандықтың, ... , мен үшін
зор.

Өкінішке қарай, ... білетінім аз. Сол үшін болашақта бұл
мамандық жөнінде оқып үйрену, игеру кезеңінде оның ... ,
... білуді мақсат етемін. Мен ... туралы әрі қарай көптеген
деректерді білгім келеді...

Тапсырма: Жаңа сөздермен сөйлемдер құрастыру.

Мамандық туралы.

Болашағы үшін;

Тарихын білгім келеді;

Осы мамандықты таңдадым;

Ауыл электр желісін өркендету;

Сұранысы көп;

Қажеттілігі зор;

Маңыздылығы ретінде;

Игеру кезеңінде деректерді үйрену;

Қыр – сырын ұғыну.

V. Тапсырма: Мағынасына қарай бірінші бағанадағы
сөзбен екінші бағанадағы шылауларды біріктіріңіз.

Соедините по смыслу слова и послелоги.

бізбен	бірге
інімнен	бұрын
анамнан	бұрын
ғалыммен	бірге
университетке	дейін
үйге	қарай
өзіне	дейін
жүзге	тарта
ағамнан	бұрын
сізден	кейін
сабақтан	соң
кешеден	бері
онымен	бірге
оннан	астам
содан	соң

Тапсырмалар: 1. «Менің мамандығым» мәтініндегі септеулік шылауларды табу.

VI. Ситуациялық жағдайлар. Жедел жәрдем. Жұппен жұмыс.

VII. Сабақты қорытындылау.

«Әркім өз мамандығының шебері болуы керек».

Н.Ә.Назарбаев.



Үй тапсырмасы: «Менің болашақ мамандығым» тақырыбына эссе жазу.



АЛАҢДАУШЫЛЫҚ

Түсем бе деп әбден әуре-сарсаңға,
Күдік меңдеп төсегімнен тұрам мен.
Қандай мықты мамандықты алсам да,
Ертеңіне алаңдаймын күмәнмен...



ТІЛДІК ТАЛДАУ ЖҰМЫСТАРЫ

(11-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – тіл білімінің әр салалары бойынша алған білімдерін қорытындылап, теориялық білімін іс-жүзінде пысықтап, біліктілігін арттыру; **тәрбиелік** – тез ойлап, тез жауап бере білуге, шапшаңдыққа, іскерлікке, көпшілікпен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу; **дамытушылық** – іскерлігін, өз ойын анық та дәл жеткізе білу шеберлігін дамыту.

Түрі: сайыс сабақ. **Әдісі:** сатылай кешенді талдау, топтық жұмыс. Фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, пунктуациялық талдаулар жүргізу. **Көрнекілігі:** сызба-кестелер, интерактивті тақта. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушыларды екі топқа бөлеміз. Бірінші топ талдау жұмысын жүргізеді, екінші топ ереже айтумен шектеледі. Яғни, деңгейлік тапсырмалармен жұмыс жүргізіледі. Талданған жұмыстар өзін-өзі бағалау парақшалар арқылы тексеріледі.

1-тапсырмада оқушылар дауысты, дауыссыз дыбыстарды түр-түріне талдап шығып, кестені толтырады.

Мысалы: «Тәрбие» сөзінде жуан дауысты жоқ, жіңішке дауысты - 3 (ә,е,и), ашық - 2 (ә,е), қысаң - 1 (и), еріндік жоқ, езулік - 3 (ә,е,и), қатаң - 1 (т), ұяң - 1 (б), үнді - 1 (б).

3 буынды сөз: бітеу-1 (тәр), ашық-2 (би), (е).

2-тапсырмада сөздерді дыбыс үндестігіне талдаймыз.

Сөзсіз – жазылуы, сөссіз – оқылуы, 3 мен с дыбыстарының арасында үндестік бар. Ол – кейінді ықпал.

3-тапсырмадағы сөздерге лексикалық талдау жасаймыз. Берілген сөздер ішінен омоним сөз, антоним, синоним, термин, көнерген сөз, кірме сөз, диалект, неологизм мен фразеологиялық тіркесті тауып жазады.

4-тапсырмада берілген сөздер сөз таптарына талданады. Мысалы: әдейі – үстеу, барша – есімдік, т.б.

5-тапсырмада сөздердің түбірі, жалғау, жұрнақтарын табады, яғни, сөздер құрамына талданады.

6-тапсырмада сөздер сөз таптарына талданады.

7-тапсырмада сөз тіркестері беріледі, оларды түрлеріне және байланыс түрлеріне талдап шығу керек. Мысалы: Жұмсақ мінез-есімді тіркес, қабысу.

8-тапсырмада сөйлемдерді түрлеріне талдайды да, 9-тапсырмада сөйлем мүшелеріне талдайды.

10-тапсырмада сөйлемдерді тыныс белгілерімен толықтырады.

Әр тапсырмадан соң тақтаға тапсырманың дұрыс жауабы шығады да, әр оқушы өз жұмыстарын сол арқылы тексеріп, өзін-өзі бағалау парақшаларына түсіреді. Сабәқ соңында әр оқушы өз жұмысы жайлы пікір айтады.

Сыныптағы 10 оқушы талдау жұмысын жүргізіп жатқанда қосымша басқа оқушылар ережемен жұмыс жасайды. Тіл білімінің әр бөлімі бойынша кестелер пайдаланылып, ережелер айтылып, теория жағынан да қайталау жүргізіледі.

Қазақ тіл білімінің әр саласын қайталап, теория жүзінде меңгертіп алғаннан кейін практикалық жұмыс арқылы қорытындылау біліктілікті арттырып, жақсы нәтижелерге жеткізеді. Алған білімді өмірмен байланыстыра отырып, тілдік талдау жұмыстары арқылы пысықтау сол білімнің баланың есінде ұзақ сақталуына мүмкіндік береді. Мұндай кесте-сызбалардың бір жетістігі – уақытты үнемдеу.

Бір сабақта барлық оқушыға жұмыс жасатып, оны қорытындылап, тексеріп те үлгереміз.

Сабақта жүргізілетін талдау жұмыстары:

1. Дыбыстарға талдау жасау (тәрбие, адамгершілік).
2. Буын түрлеріне талдау (тәрбие, адамгершілік).
3. Дыбыс үндестігіне талдау (сөзсіз, Қазанқап, ала кел, жексенбі, ашсын).

4. *Мейірімді, көпшік, елтаңба, жебе, көр, бекіре, ақ көңіл, самаурын, қатыгез, глобус* сөздеріне лексикалық талдау жүргізу.

5. Сөзді құрамына талдау:

Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе.

6. Сөз таптарына талдау:

1. Әдейі.
2. Жүз шамалы.
3. Барша.
4. Тұрмақ.
5. Ойпырмай.
6. Адамзат.
7. Сылқ-сылқ.
8. Көгілдір.
9. Оқып бер.
10. Бірдеңе.
11. Сайын.

7. Сөз тіркесіне талдау:

1. Жұмсақ мінез.
2. Жылдам оқиды.
3. Үлкенге құрмет.
4. Мектептің мақтанышы.
5. Қаладан келу.

8. Сөйлемді түрлеріне талдау:

1. Жыланды үш кесе де, кесірткедей қуаты бар.
2. Адам атаулыны ісіне қарап бағалау керек.
3. Салған әні жан-жүрегімізді балқытты: дауысы аса әсем екен.
4. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.

9. Сөйлем мүшелеріне талдау:

Зерделі қыздың зерек ойы қиядағы жұмбақты жылдам іліп әкетті.

10. Пунктуациялық талдау:

1. Екі-екіден бөлініңдер деген тапсырма келді.
2. Айта берсең жаңалық толып жатыр қарағым.
3. Абай жолы романы құнды шығарма.

1. Дыбыстық талдау. 1. Тәрбие. 2. Адамгершілік.

Дауысты дыбыстар саны 1-сөзде – 3, 2-сөзде – 5.

	1-сөз	2-сөз	Саны. 1-сөз	Саны. 2-сөз
Жуан	-	а, а	-	2
Жіңішке	ә, и, е	е, і, і	3	3
Ашық	ә, е	а, а, е	2	3
Қысаң	и	і, і	1	2
Еріндік	-	-	-	-
Езулік	ә, и, е	а, а, е, і, і	3	5

Дауыссыз дыбыстар саны 1-сөзде – 3, 2-сөзде – 7.

	1-сөз	2-сөз	Саны. 1-сөз	Саны. 2-сөз
Қатаң	т	ш, к	1	2
Ұяң	б	д, г	1	2
Үнді	р	м, р, л	1	3

2. Буын, оның түрлері.

	1-сөз	2-сөз	Саны. 1-сөз	Саны. 2-сөз
Ашық	би, е	а, ші,	2	2
Тұйық	-	-	-	-
Бітеу	тәр	дам, гер, лік	1	3

3. Дыбыс үндестігіне талдау.

Жазылуы	Оқылуы	Әсер еткен дыбыстар	Ықпал түрі
Сөзсіз	Сөссіз	З-с-сс	Кейінді
Қазанқап	қазанғап	н-қ-ңғ	Тоғыспалы
Ала кел	Ала гел	а –к- аг	Ілгерінді
Жексенбі	Жексембі	н-б-мб	Кейінді
Ашсын	Ашшын	ш-с-шш	Ілгерінді

4. Лексикалық талдау.

	1 сөз	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Омоним					+					
Синоним	+						+			
Антоним	+								+	
Неологизм			+							
Термин										+
Кірме сөз										
Көнерген				+						
Фразеолог										
Кәсіби						+				

5. Сөзді құрамына талдау.

Түбір	Жұрнақ	Жалғау
Асыл сөз		-ді - табыс септігі
із	де - етістіктің жұрнағы се - шартты рай	ң - тәуелдік II жақ
Абай оқы		-ды - табыс септігі
ерін	-бе - болымсыз етістік	

6. Сөз таптарына талдау.

	Зат есім	Сын есім	Сан есім	Есімдік	Етістік	Үстеу	Шылау	Одағай	Еліктеу
1						+			
2			+						
3				+					
4							+		
5								+	
6	+								
7									+
8		+							
9					+				
10				+					
11							+		

7. Сөз тіркесіне талдау.

	1	2	3	4	5	6	7	8	9
Есімді	+		+	+					
Етістікті		+			+				
Мағасу				+					
Қабысу	+	+							
Қиысу									
Меңгеру			+ Бс		+ Шс				
Жанасу									

8. Сөйлемді түрлеріне талдау.

	Жалап	Жайылма	Толымды	Толымсыз	Жақты	Жақсыз	Атаулы	Ынғайлас саялас	Қарсылықты	Түсіндірмелі	Кезектес	Талғаулы	Себеп-салдар саялас
1													
2		+		+		+							
3													+
4													

	Шартты бағыныңқы	Қарсылықты бағыныңқы	Себеп бағыныңқы	Мезгіл бағыныңқы	Мақсат бағыныңқы	Қимыл-сын бағыныңқы
1		+				
2						
3						
4	+					

9. Сөйлем мүшелеріне талдау.

	Бастауыш	Баяндауыш	Анықтауыш	Толықтауыш	Шысықтауыш
1			+		
2			+		
3			+		
4	+				
5					+
6				+	
7					+
8		+			
9 сөз					

10. Пунктуациялық талдау.

	Жақша	Нүкте	Үтір	Сызықша	Тырнақша	Үтір мен сызықша	Дефис	Қос нүкте	Көп нүкте	Сұрақ белгі	Леп белгі
1					+	+	+				
2			+								
3			+	+	+						

Оқушыны бағалау парағы.

Р/с	Талдау түрлері	Дұрыс	Дұрыс емес
1	Дыбыстық талдау.		
2	Буынның түрлеріне талдау.		
3	Дыбыс үндестігіне талдау.		
4	Лексикалық талдау.		
5	Сөзді құрамына талдау.		
6	Сөз таптарына талдау.		
7	Сөз тіркестеріне талдау.		
8	Сөйлем мүшелеріне талдау.		
9	Сөйлемді түрлеріне талдау.		
10	Пунктуациялық талдау.		
	Барлығы		

ОҚУҒА ҚЫЗЫҚТЫРҒАН – ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН

Мақсаты: білімділік – лексикалық тақырыпты меңгеру, сөз қорын молайту; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау және сөйлеу қабілетін дамыту, оқуға қызығушылығын арттыру; **тәрбиелік** – оқушыларды бірлесіп жұмыс істеуге, өзара сыйлауға баулу, тақырыпқа байланысты халқымыздың мәдениетін, мінез-құлқын, адамгершілік құндылықтарын аңғаруға баулу.

Түрі: аралас. **Әдісі:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсінік беру, мәнгерлеп оқу, жатқа оқу. **Көрнекі құралдар:** интерактивтік тақта (бейнетаспа, ұнтаспа, сурет, нақыл сөздер, кесте).
Пәнаралық байланыс: орыс тілі, тарих, табиғаттану.

Сабақ барысы. Сабақтың кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Сыныпты сабаққа әзірлеу, оқушылармен сәлемдесу.

II. Үй жұмысын тексеру.

Ыбырай Алтынсарин – көрнекті ағартушы-педагог, балалар әдебиетінің атасы, этнограф, фольклоршы, демократ.

III. Жаңа сабақ. Ыбырай Алтынсарин.

1. Портрет. Сабаққа оқушылардың қызығушылығын арттыру.

1. Бейнетаспадан ролик көрсету.

- 1) Ыбырай Алтынсарин кімдер үшін мектеп ашты?
- 2) Қыздарға арнап мектепті қай жерде, қашан ашты?
- 3) Мұғалім туралы Ы.Алтынсариннің пікірі қандай?

2. **Мағынаны таныту:** тақтадағы хронологиялық кестеге назар аудару. Шолу жасау.

3. Ыбырай Алтынсариннің өлеңдері: «Кел, балалар, оқылық», «Өнер, білім бар жұрттар» (оқу-білімге, өнерге шақыру жайлы), «Өзен», «Жаз» (табиғат лирикасы жайлы), «Бұл кім?», «Ананың сүюі» (ата-ананы құрметтеуге шақырады).

Әңгімелері: «Бақша ағаштары» (тәрбиелік маңызы бар), «Әдеп» (әдептілік, кішіпейілділік туралы), «Аурудан аяған күштірек» (төзімділік туралы).

4. «Таза бұлақ» атты мәтінді әдеби көрініс түрінде көрсету (Мәтіннің мазмұнын толық түсіну үшін).

Аудармалары: «Әдеп» (Паульсон), «Жаман жолдас» (Л.Н.Толстой).

5. Адамның қасиеттерін атау (сөйлеу, ойлау қабілетін дамыту).

Мақал-мәтелдер (халық даналығы).

6. Ой-толғаныс: оқушылардың қазақтың салт-дәстүріне, өнеріне қызығушылығын арттыру, жаңа сабақты меңгергенін тексеру.


Не білдім?

Не білгім келеді?

7. Қорытындылау: Ыбырай Алтынсарин кім? Ұстаз ретінде қандай тұлға? (Жаңа сабақты меңгергенін тексеру).

Кластер жасау.

(ұстаз)



8. Үйге тапсырма: Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығы туралы әңгіме құрастыру (ауызша, жазбаша).

9. Бағалау.

Анар ДАИРОВА,
Көкшетау қаласындағы
№8 орта мектебінің мұғалімі.

ВОКЗАЛДА ӨТКЕН САЯХАТ САБАҚ

(4-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – оқушылардың жаңа тақырып бойынша білімдерін кеңейту, сөздік қорын молайтып, сөйлеу тілдерін дамыту; **дамытушылық** – оқушылардың ауызша және жазбаша жұмыс түрлерін жүргізу арқылы ой-өрісін дамыту, ойлау қабілетін, сабаққа белсенділігін арттыру; **тәрбиелік** – оқушыларды мәдениеттілікке, сыпайылыққа баулу, оқушылардың әр түрлі жұмыс түрлерін орындай отырып, қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру.

Түрі: саяхат сабағы. **Көрнекілігі:** суреттер, қима қағаздар, сызба, сөзжұмбақ, интерактивті тақта, суретті сөзжұмбақ. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, түсіндіру, топпен жұмыс, мәтінді түсініп оқу, мазмұндау, сөзжұмбақ шешу, жазбаша жұмыс.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

- Сәлеметсіздер ме, балалар!
- Көңіл-күйлерің қалай?
- Біз қай қалада тұрамыз?
- Сен қай көшеде тұрасың?
- Көкшетау қаласында қандай көліктер жүреді?
- Көліктерді ата.
- Егер біз алыс жаққа барғымыз келсе, Алматы, Қарағанды,

Астана, т.б. үлкен қалаларға қандай көлікпен жетуге болады?

- Пойызбен.

Жаңа сабақ.

- Мына вокзал сендерге таныс па? Ендеше, бүгінгі тақырыбымыз «Вокзалда өткен саяхат сабақ» деп аталады. «Вокзалда» деген сөз қалай аударылады?

- **Сабақтың мақсаты:** бүгінгі сабағымыз ерекше сабақ болмақ. Біз бүгін жаңа сөздермен танысып, мәтінмен жұмыс жасап, грамматикалық тапсырмалар орындаймыз және ой-өрісімізді дамытуға байланысты сөзжұмбақ шешеміз. Сабақта топпен жұмыс істеп, саяхатқа аттанамыз. Астанадан Көкшетаудың вокзалына жеткенше аялдамаларға саяхат жасаймыз. Әр аялдамада тапсырмалар күтеді. Саяхатқа поезбен жүреміз. Ендеше, біз сендермен Астанадан саяхатқа аттанамыз.

1-аялдама. Сөздік қор.

Бұл аялдама жаңа сөздермен танысып, сөздік қорымызды молайтып, тілімізді дамытамыз.

А) Өзім жаңа сөздерді оқып таныстырамын.

Ә) Оқушылар дауыстап қайталайды.

Б) Сөздерді 2-3 оқушы жеке оқу.

1-топ. Сөздерден тән дыбыстарды тауып, олардың қандай дыбыстар екенін ажыратып айту.

2-топ. Сөз тіркестерінен сөйлемдер құрастыру.

3-топ. «Жолаушы, жолсерік» сөздерінен сурет арқылы сөйлемдер құрастырыңдар.

2-аялдама. Білім.

«Күш – білімде, білім – кітапта» дегендей, білімімізді толықтырып, мәтінмен жұмыс жасаймыз.

1-топ. Мәтінді оқып, мәтінге ауызша сұрақтар құрастыру.

2-топ. Мәтінді мазмұндау.

3-топ. Мәтіннің ішінен көмекші сөздерді тауып оқу. Көмекші сөздер қандай сөзбен тіркескен?

3-аялдама. Ынтыалы.


- «Ынта болса адамда, қиын іс жоқ ғаламда» дегендей, біз бұл сатыдан да өтеміз деп ойлаймын. Осы аялдамада грамматикалық тапсырмалар күтіп тұр. Тапсырмаларды таратайын.

1-топ. Сызба бойынша сөз тіркестерінен сөйлемдер құрап жазасыңдар.

2-топ. Сөйлемді көшіріп жазып, септікте тұрған сөзді тауып ажыратыңдар.

3-топ. Суретті сөзжұмбақтан сөйлем құрап жазыңдар.

1) Сызба



2)

- Сабақтан соң біз үйге бардық.
- Мен аялдамада автобусты күтіп тұрдым.
- Біз пойыздан түсіп таксиге отырдық.
- Туған жердің табиғаты сұлу.
- Көктем келіп, күн жылына бастады.
- Мен досыммен кітапханада кездесемін.

3)

- Серік қаладан машинамен келді.
- Мен көктемде орманға барамын.
- Біз цирктен үйге қайттық.
- Көктемде гүлдің, жапырақтың суретін саламын.
- Ағашта алма өседі.

Сергіту сәті: 4-аялдама. Көрініс.

Бұл аялдамада үйге берілген тапсырма бойынша балалардың дайындап келген көріністерін көрейік.

- Сәлеметсің бе, Ангелина!

- Сәлеметсің бе, Анжелика.
- Сен қайда барасың?
- Мен вокзалға барамын.
- Қай қалаға барасың?
- Мен Көкшетауға барамын.
- Пойызға билетің бар ма?
- Иә, кеше кассадан билет алдым.
- Пойыз сағат нешеде жүреді?
- Пойыз сағат 5-те жүреді.
- Ал, сен қай қалаға барасың?
- Мен Алматыға барамын.
- Алматыға кіммен барасың?
- Алматыға шешеммен қыдырып барамын.
- Жақсы қыдырып қайт, жол болсын!
- Рахмет, сау бол! Сенің де жолың болсын!
- Токта, тоқта! Қап, қалып қойдым ғой!
- Балам, бұл қай жақтың пойызы болды?
- Ол Көкшетау пойызы болды.
- Бүгін Көкшетауға пойыз бола ма?
- Иә, кешке жүреді.
- Жүріңіз, кассадан кешкі пойызға билет алыңыз.
- Сен қай жаққа барасың?
- Мен де Көкшетауға барамын.
- Мен билетті кешкі пойызға алдым.
- Атай, кешке дейін уақыт бар, асханаға барып шай ішейік.
- Жүр онда, барсақ-барайық.

Әр уақытта адамдар жол жүрген жолаушыға «жолыңыз болсын» деп оң сапар тілейді.

Пойыздың суретін, дауысын қосу.

5-аялдама. «Ойлан, тап».

Бұл аялдамада сабағымызды бекіте келе, демала отырып сөзжұмбақты шешейік.

1. Пойызға не тіркеледі?

2. Билетті кім тексереді?
3. Багаж қалай аударылады?
4. Темір жолмен қай көлік жүреді?
5. Жол жүретін адамды кім дейміз?
6. Кассада не сатады?

				в	а	г	о	н		
			ж	о	л	с	е	р	і	к
		ж	ү	к						
п	о	й	ы	з						
	ж	о	л	а	у	ш	ы			
		б	и	л	е	т				

6-аялдама. Вокзалда.

Соңғы аялдамамыз – «Вокзалда». Бұл аялдамада саяхат сабағымызды аяқтаймыз. Сабағымызды қорытындылай келе, Көкшетау вокзалының суреті бойынша әңгіме құрастырайық.

Қорытындылау.

- Бүгінгі сабақтың тақырыбы қалай аталады?
- Не туралы білдіңдер? Нені үйрендіңдер?
- Бүгінгі сабақтан қандай әсер алдыңдар?

«Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» дегендей, үлкендерді құрметтеу, сыйлау керек. Кішілерге көмек көрсету – өнеге.

Үйге тапсырма. 92-93-бет, сөздерді жаттау, 3-тапсырмадағы сөздерден сөйлемдер құрап жазу.

Бағалау.

ТІЛ ҰСТАРТҚАН ЖАНУАРЛАР

(4-сынып)

Сабақтың мақсаты: *білімділік* – оқушылардың жануарлар туралы түсінігін кеңейту, тақырып бойынша өтілген сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс пайдалана білуге үйрету; *дамытушылық* – оқушының тілін, ой-өрісін дамыту, әңгімелеу дағдысын жетілдіре отырып мәнерлеп, байланыстырып сөйлеуін дамыту; *тәрбиелік* – сабақта қолданылатын дидактикалық материалдар негізінде оқушыларды елжандылыққа, адамгершілікке, ой-ұшқырлығына тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдісі:** баяндау, түсіндіру, аударма, жеке жұмыс, сұрақ-жауап, тыңдалым. **Көрнекілігі:** оқулық, интерактивті тақта, сұрақтар, сөзжұмбақ, деңгейлік тапсырмалар. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, орыс тілі, дүниетану.

Сабақтың барысы. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушылармен сәлемдесу.
2. Әнұранды орындау.
3. Кезекшімен сұхбаттасып, оқушыларды түгелдеп, назарларын сабаққа аудару.

Мотивация:

- Балалар қазір қандай мезгіл?
- Қазір күз мезгілі.
- Бүгін қаншасы?

- Бүгін – қарашаның он бесі.

- Аптаның қай күні?

- Аптаның сейсенбі күні.

- Қазір қандай сабақ?

- Қазір қазақ тілі сабағы.

- Ал, енді, балалар, өткен сабақты есімізге түсіріп жіберейік, біз өткен сабақтарда қандай тақырыптарды өттік?

- Жарайсыңдар, балалар!

Үй тапсырмасын қайталау: «Біздің ауыл» мәтінін әңгімелеу, жаңа сөздерді жаттау.

Өзен – река;

Бағады – пасет;

Егін – посеви;

Егеді – сеет.

Біздің ауыл қаланың қасында. Ауылда мектеп, аурухана, кітапхана, дүкен, көп үйлер бар. Ауылда сиыр, қой, мысық, ат, т.б. жануарлар бар.

Үй тапсырмасын бекіту: Ауыл қандай? Ауылда не бар? Ауылда қандай үй жануарлары бар?

Жаңа сабақты түсіндіру: - Жалпы, балалар, жануарлар үй жануарлары және жабайы жануарлар болып екіге бөлінеді. Үй жануарларына: сиыр, қой, мысық, ит, жылқы, ешкі, т.б. жатады. Ал, жабайы жануарларға: піл, арыстан, маймыл, тасбақа, жылан, аю, түлкі, қасқыр, т.б. жатады. Үй жануарлары мен жабайы жануарлардың айырмашылығы неде деген сұраққа жауап беретін болсақ, үй жануарларын қолға үйрету оңай. Ал жабайы жануарларды, үй жануарлары сияқты қанша бақсаң да қолға үйрете алмаймыз. Мысалы: «Қасқырды қанша бақсаң да тауға қарап ұлиды» деген сөзіміз дәлел. Сонымен, біздің бүгінгі тақырыбымыз жабайы жануарлар болғандықтан, жануарлар туралы білу және сөз тіркестерін құрап үйрену – басты мақсат.

Жаңа сөздер:

Әлем – мир;

Ірі – крупный;

Керік – жираф;

Зіл – бегемот;

Піл – слон;

Аю – медведь;

Тасбақа – черепаха.

Сабақта қолданылатын амалдар:

1. Бір, екі балаға оқыту;

2. Хормен оқыту;

3. Сөз тіркесі мен сөйлемдер құрастыру.

Мысалы: Әлемдегі ең биік жануар – керік. Ең ірі, ауыр салмақты жануар – піл. Ең жүйрік аң – гепард.

- Тақтадағы жабайы жануарлардың суреттеріне назар аударайық. Оқушыларды жануарлардың суреттерімен таныстырамын.

Тақтамен жұмыс:

Үй жануарлары:

Мысық, ит, сиыр, қой.

- Балалар, біз енді қаламымызды қойып, сергіп алайық.

«Сергіту сәті».

Жасағанда жаттығу –

Қажет емес, қажет емес аптығу.

Бір, екі, үш.

Бойға жинап күш.

Бүгілеміз, бүктелеміз, бәкідей.

Созыламыз, созыламыз сәкідей.

Бір, екі, үш.

Отырамыз тып-тыныш.

- Аңдар қалай дыбыстайды? (Оқушылар тақтада ілінген суреттерді бір-бірден алып, сұрақты оқып, жауап береді.)

- Қасқыр ұлиды.
- Аю ырылдайды.
- Жолбарыс ақырады.
- Жылан ысылдайды.
- Балалар, біз енді диалог құрастырып жіберейік.
- Сәлем, Ялкун!
- Сәлем, Камиль!
- Сен хайуанаттар бағына бардың ба?
- Иә, бардым!
- Қандай аңдарды көрдің?
- Мен піл, аю, жолбарыс, маймыл, тасбақа, т.б. аңдарды көрдім.

- Саған қандай аңдар ұнайды?
- Маған піл, тасбақа, жолбарыс ұнайды.
- Сау бол!
- Сау бол!

Жабайы аңдарға байланысты сөзжұмбақты шешеді.

Бағалау. Үй тапсырмасын беру.



АРМАН

Тек еңбекпен атқан таңды арайлап
 Қарсы алатын ұстаз деген – ғажап ат!
 Шәкіртінің болашағын көп ойлап,
 Тіл ұстартқан мұғалімі – азамат!

Сондай ұстаз сабақ берсе мектепте,
 Ағар білім бұлағы да сарқырап.
 Балаусадай кетер едік көктеп те,
 Жанар еді ел жұлдызы жарқырап!

Айнагүл ЖАНӘДІЛОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Ақмола облысы,
Астрахан ауданы,
Жалтыр ауылы.

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ – ЕЛ МӘРТЕБЕСІ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушылардың өткен тақырыптар бойынша алған білімдерін пысықтап, ой-өрісін, білім деңгейін кеңейту; түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың тіл байлығын, ойлау қабілетін, қазақ тілінде еркін сөйлеу шеберліктерін жетілдіру; адамгершілікке, ізденуге, білімді табандылықпен игеруге тәрбиелеу.

Түрі: сайыс сабақ. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, түрлі тапсырмалар.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі (оқушылар 3 топқа бөлінеді).

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Құрметті ұстаздар, оқушылар! «22 қыркүйек – тілдер мерекесіне» арнап өткізген «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» атты сайысымызға қош келдіңіздер!

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Өз ана тілін қадірлеп, қастерлемейтін адам жоқ.

«Халықтың мәңгі ғұмыры – оның тілінде. Әрбір тіл өз халқы үшін – ұлы», - деген Шыңғыс Айтматов. Сондықтан әр

Ортаға 2 «Б» сынып оқушыларын шақырамыз.

1-оқушы: - Сүйемін туған тілді – анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутымнан
Құлағыма сіңірген таныс үнім.

(С.Торайғыров.)

2-оқушы: - Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде әнім менен сәнім бар.
Туған тілім тіл болудан қалса егер,
Жүрегімді суырып-ақ алыңдар.

3-оқушы: - Туған тілім - тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы!
Өссе тілім – мен де бірге өсемін,
Өшсе тілім – мен де бірге өшемін!

(Ә.Тәжібаев.)

4-оқушы: - Сақтар болсаң халқыңды – тілді сақта,
Баға жетпес мұра жоқ тілден басқа!
Тілден өзге жиһаздың бәрін түгел
Базарлайсың қалтаңда ақшаң жатса.

5-оқушы: - Көп тіл білсең – көкжиегің кең болар,
Құрметтейді кісі екен деп төрге озар!
Қай елде жүрсең де бұл, дұрысы –
Мемлекеттік тілді үйренген жөн болар!

6-оқушы: - Ана тілін білмеген –
Ақылы жоқ желікбас.
Ана тілін сүймеген
Халқын сүйіп жарытпас! *(Б.Сарноғазев.)*

Әділ қазылар алқасы таныстырылады.

- Сайыстың бұл беташарын бастайық,
Көрерменді бір серпілтіп тастайық.
Таныстырсын сайыскерлер өздерін,
Өнеріне ду қол соғып қостайық,- деп, кезекті сайысқа
қатысушы топтарға берейік.

Топтар өздерін таныстырады.

I кезең «Бәйге» деп аталады. Әр топ берілген сұрақтарға тез және нақты жауап берулері керек.

I топқа:

1. Қазақстан қандай мемлекет?
2. Көктем мезгілінде неше мереке бар?
3. Қазақ әліпбиінде неше әріп бар?
4. ҚР – ның мемлекеттік тілі?
5. Қыста не жауады?
6. Жаңылтпаштың сөздері қалай айтылады?
7. Күздің бірінші айы?
8. Қазақстан туының түсі қандай?
9. Наурызда пісірілетін басты тағам?
10. Тұрлаулы мүшеге не жатады?
11. Жылқының иесі кім?
12. Абай Құнанбайұлының шын аты кім?
13. Бір тәулікте неше сағат бар?
14. Қазақ тілінде неше сөз табы бар?
15. *Бұл, мынау, сол* сөздері есімдіктің қай түріне жатады?

II топқа:

1. ҚР-ның рәміздері қашан қабылданды?
2. Абай Құнанбайұлы кім?
3. Жүз жасаған ақын.
4. Зере Абайға кім болады?
5. Сиырдың иесі кім?
6. Қазақтың тұңғыш ғарышкерін ата.
7. Қазақ тіліне тән неше дыбыс бар?
8. Тұрлаусыз мүшелерді ата.
9. Тышқаннан қорқатын аң.
10. Тамақты бұзбайтын салқын жәшік.
11. Кішкентай сәби тез жүріп кету үшін қандай рәсім жасалады?
12. Түйе сүтінен жасалатын емдік сусын қалай аталады?
13. Дауыссыз дыбысқа басталып, дауыссыз дыбысқа

аяқталатын буын.

14. М. Әуезовтың әйгілі роман – эпопеясы.

15. Киіз үйдің төбесі.

III топқа:

1. Заттың, нәрсенің атын білдіретін сөз табы.

2. Тіл мерекесі қай күн?

3. Қазақтың үш дана биі кімдер?

4. Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады?

5. Неологизм дегеніміз не?

6. Абайдың неше қара сөзі бар?

7. Тіл туралы заң қашан қабылданды?

8. Есімдік мағынасына қарай неше топқа бөлінеді?

9. «Закон сингармонизма» сөзінің қазақша мағынасы қандай?

10. Барыс септігінің сұрақтарын ата.

11. Біздің аудан атауы.

12. «Мұғалім» сөзінің синонимі.

13. Бие сүтінен дайындалатын емдік сусын.

14. Мемлекеттік елтаңбаның авторлары.

15. Бала оқытатын адам.

II кезең – «Сөз мәйегі – мақал».

III кезең – «Полиглот».

- Ең бай адам – көп тілді меңгерген адам. Ал, көп тілде еркін сөйлейтін адамды – ғылым тілімен «полиглот» дейміз. Елбасының талабы бойынша, біздің мемлекетімізге көп тілді білетін мамандар керек. Сендердің араларыңда полиглоттар бар деп ойлаймыз. Оны тексеру үшін сендерге жұмбақ жасырамын, сендер жауабын табасындар. Оны қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде аударасындар.

1. Темір тілді,

Күміс үнді. (*Қоңырау – звонок*)

2. Қабат – қабат қаттама,

Ақылың болса аттама. (*Кітап – книга*)

3. Түк білмей барасың,

Тәлімін аласың.

Есейіп кетсең де,

Қарыз болып қаласың. (*Мектеп – школа*)

4. Суға батпайды,

Отқа жанбайды. (*Мұз – лед*)

5. Табаныма байладым,

Қос таякпен айдадым. (*Шаңғы – лыжи*)

6. Оқушыға күнде еріп жүретін не? (дневник – күнделік)

IV кезең – «Зерде». Бұл ойында сендер сөйлемдерді толықтыруларың керек.

V кезең – «Кім жылдам?»

1. Бейнеленген, қанатты, жағында, екі, елтаңбаның, пырақтар.

Елтаңбаның екі жағында қанатты пырақтар бейнеленген.

2. Шұбарламау, басқа тілдің, тіл, дегеніміз, сөзімен, тазалығы, ана тілін.

Тіл дегеніміз – ана тілін басқа тілдің сөзімен шұбарламау.

3. Өз халқының, қол, болашағынан да, Ана тілін, үзеді өткенінен де, ұмытқан адам.

Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенін де, болашағынан да қол үзеді.

VII кезең – «Өнерлі өрге жүзер».

Тіл туралы қандай өлең жолдарын білесіңдер?

“Қазылар орнықтырар әділдікті,

Кімдердің жауаптары кәміл шықты?

Білім мен тапқырлықтың сайысында

Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты!” - дегендей, сайыскерлерімізді бағалау үшін әділ қазыларымызға сөз берейік.

К.САҒЫНТАЕВА,
К.МҰХАМЕДКӘРІМОВА,
Қарағанды қаласындағы
№23 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімдері.

БІЛГІРЛЕР МЕН ТАПҚЫРЛАР ТАРТЫСЫ

Мақсаты: оқушылардың меңгерген білім деңгейін анықтау, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, білімді, жан-жақты болуға үйрету, сыйластыққа, ізгілікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: плакаттарда жазылған қанатты сөздер, презентация, таратпалы парақта жазылған тапсырмалар, әділқазыларға арналған жауап кілттер, құмсағат.

Қатысатындар: 7а, 7б, 7в сыныптарының оқушылары.

1-жүргізуші: - 1998 жылдың ақпан айында қабылданған жарлыққа сәйкес «22 қыркүйек- Қазақстан халықтарының тілдер күні» деп жарияланған. Қазақстан елі – Қазақстанды экономикалық күшті, еркін республика ретінде, әр адамның жарқын өмір сүруіне мүмкіндік береді. Қазақстан – көп диаспоралы, әр тілде сөйлейтін ел.

2-жүргізуші: - Армысыздар, құрметті қонақтар, ұстаздар, оқушылар және ойынға қатысушы сайыскерлер! «Күш – білімде», «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген дана халқымыз. Біз білім теңізінен жүзіп өткенде ғана еліміздің тірегі, сүйеніші боламыз! Сондықтан бүгін мемлекеттік тілді қаншалықты түсініп, сөйлей алатынымызды дәлелдеу үшін білімділер сайысын назарларыңызға ұсынбақпыз.

1-жүргізуші: - Бүгінгі білім сайысын бағалайтын әділқазылар алқасымен таныстыруға рұқсат етіңіздер!

2-жүргізуші: - Қатысушыларды шақырамыз.

1-жүргізуші: - Құрметті сайыскерлер, өздеріңізді қысқаша таныстырып өтсеңіздер.

Сәлемдесу рәсімі:

7А сыныбы: - Егемен елдің ұлымыз,
Ертеңгі күннің нұрымыз.
Отанын сүйген азамат,
Таланттылардың біріміз.
Тобымыздың аты – «**Ұлан**».

7Б сыныбы: - Ау, халайық, халайық,
Бәріңе жар салайық.
Сәлем жолдап баршаңызға,
Келіп тұр бүгін ортаңызға
«Зерде» атты тобымыз да.

7В сыныбы: - Келді ғой кезек, міне, кездесетін,
Сырын шертіп заманның тілдесетін.
«Парасат» атты тобымыздың атынан
Сәттілік тілеп, айтамыз жол тілегін.

1-жүргізуші: - Бүгінгі сайыс 3 турдан тұрады: 1-тур – «Білгенге – маржан», ол 3 бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлім «Маржан сөз» деп аталады, мұнда берілген түбір сөзден 1 минут уақыттың ішінде түбірлес сөздер ойлап табасыздар. Неғұрлым көбірек жаңа сөздер ойлап тапсаңыздар – сонша ұпай қосылады. Алдарыңыздағы паракқа жауаптарыңызды жазып тапсырыңыздар.

Берілетін сөздер үш командаға да бірдей: **күн** (күнделік, күнпарақ, күнқағар – панама, күндес), **оқу** (оқушы, оқулық, оқытушы, оқыт), **дәрі** (дәрігер, дәрілік, дәріхана).

2-жүргізуші: - **2-бөлімнің аты – «Мың бір мақал».** Бұл бөлімде мен мақалдың бірінші бөлігін айтамын, ал сіздер 1 минуттың ішінде оны жалғастырасыздар.

Әрбір дұрыс айтылған бір мақал үшін 3 ұпай беріледі.

7А сыныбының командасы үшін мақалдар:

1. Адамдықтан үлкен ат жоқ, (Наннан үлкен ас жоқ).
2. Жасық адам жасына жетпей қартайр, (Асыл адам жасына жетпей марқаяр).
3. Атаңның баласы болма, (Адамның баласы бол).

7Б сыныбының командасы үшін мақалдар:

1. Отан – елдің анасы (Ел – ердің анасы)
2. Отансыз адам – (Ормансыз бұлбұл).
3. Ел-елдің бәрі жақсы, (Өз елің бәрінен де жақсы).

7В сыныбының командасы үшін мақалдар:

1. Ағаш тамырымен, (Адам досымен мықты).
2. Досың дос болғанға шаттан, (Дұшпанмен дос болудан сақтан).
3. Күлме досыңа, (келер басыңа).

1-жүргізуші: - 3-бөлімнің аты – «Ақ сандық, көк сандық». Мұнда жеребе тарту арқылы әр түрлі түстермен берілген белгілі бір пәнге негізделген сұрақтарға жауап бересіздер. 5 сұрақ беріледі. 5 минуттың ішінде командаларыңызбен талқылап, дұрыс жауабын айтасыздар. Әрбір дұрыс жауапқа 3 ұпайдан беріледі.

География бойынша сұрақтар (сары түсті):

1. **Қазақстан қандай мемлекеттермен шектеседі?** (Ресей, Қытай, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан).
2. **Қазақстанның көлдерін атаңыз** (Балқаш, Зайсан, Марқакөл, Алакөл, Сабындыкөл, Теңіз).
3. **Қазақстанның өзендерін атаңыз** (Іле, Орал, Ертіс, Шу, Лепсі, Ақсу, Көксу, Сырдария, Амудария, Қаратал, Нұра, Есіл).
4. **«Қазақтың Швейцариясы» деп қай жерді атайды?** (Көкшетау, Бурабай).

5. Республикамызда неше облыс бар? (14).

Тарих бойынша сұрақтар (жасыл түсті):

1. Көшпенді қазақтардың үйі қалай аталған? (киіз үй).
2. 16 желтоқсан қандай мереке? (Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні).
3. Қазақстан Республикасының рәміздері қай жылы қабылданды? (1992ж.).
4. Қазақстан Республикасының Ата Заңы – Конституция қай жылы қабылданды? (30 тамыз 1995 жыл).
5. Шығыс қыздарынан Батыр атағын кім алды? (Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова).

Қазақ тілінен сұрақтар (қызыл түсті):

1. Меншіктік мағынаны білдіретін жалғауды атаңыз. (Тәуелдік жалғау).
2. Үндестік заңына бағынбайтын сөздерді атаңыз (мұғалім, кітап, дәріхана, т.б.).
3. Қазақ тілінде жалғаудың неше түрі бар? Атаңыздар. (4, көптік, септік, жіктік, тәуелдік).
4. Ыбырай Алтынсарин кім? (педагог-ағартушы, ақын, жазушы, балалар әдебиетінің атасы).
5. «Қолөнер» сөзінің аудармасын тап. (ремесло, рукоделие).

2-жүргізуші: - 2-тур – «Бәйге» деп аталады. Команданың капитандарына тапсырма. Бұл турда кім 1 минут ішінде 7 сұраққа дұрыс және тез жауап берсе – жеңіс сонікі.

1-жүргізуші: - 7А сыныбының команда капитаны үшін тапсырма.

1. «Менің атым – Қожа» повесінің авторы кім? (Бердібек Соқпақбаев)
2. 22 қыркүйек қандай мереке? (ҚР халықтарының Тілдер күні)
3. 25 қазан қандай күн? (Республика күні)
4. Аптаның үшінші күні қалай аталады?
5. Жұмадан кейін қай күн? (сенбі)
6. Қазақ тілінде неше септік бар?

7. Конституция күні қай күні тойланады?

2-жүргізуші: - 7Б сыныбының команда капитаны үшін тапсырма.

1. Қазақстан Республикасының астанасы қай қала?

(Астана)

2. Қазақстан Республикасының рәміздерін ата.

(Ту, Елтаңба, Әнұран)

3. Қазақтың алғашқы ғарышкері, сынақшы-ұшқыш, авиация генерал-майоры? *(1991 ж. Тоқтар Әубәкіров)*

4. Алғаш мектеп ашқан ұлы ағартушы?

(Ы.Алтынсарин)

5. Аптаның төртінші күні қалай аталады? *(бейсенбі)*

6. 16 желтоқсан қандай мереке? *(ҚР Тәуелсіздігі күні)*

7. «Кел, балалар, оқылық!» өлеңінің авторы?

(Ы.Алтынсарин)

1-жүргізуші: - 7В сыныбының команда капитаны үшін тапсырма.

1. ҚР мемлекеттік тілі *(қазақ тілі)*

2. Қазақстанда неше облыс орталығы бар? *(14)*

3. Бір тәулікте қанша сағат бар? *(24)*

4. 22 наурыз қандай мереке?

(Шығыс халықтарының Жаңа жылы)

5. Аптаның бірінші күні қалай аталады? *(дүйсенбі)*

6. «Көксерек» кімнің әңгімесі? *(М.Әуезов)*

7. Адам өміріне ең қажетті заттар. *(Ауа, су, тамақ)*

2-жүргізуші: - 3-тур – «Үй тапсырмасы». Әр команда өзінің үйден жаттап келген өлеңін ортаға салады. Мұнда мәнерлеп нақышына келтіріп жатқа оқу сыналады. Ең жоғарғы ұпай – 3 ұпай.

7А сыныбы. «Үш бақытым». М.Мақатаев.

7Б сыныбы. С.Торайғыров.

«Сүйемін туған тілді – анам тілін».

7В сыныбы. Ә.Тәжібаев.

«Туған тілім- тірлігімнің айғағы».

1-жүргізуші: - Қорытынды сөзді қазылар алқасына береміз.

2-жүргізуші: - Осымен тілдер күніне арналған «Білгірлер мен тапқырлар» сайысы аяқталды. Назарларыңызға рахмет!



Мереке ӘДІЛХАНҚЫЗЫ,
Алла БЕКЕТҚЫЗЫ,
Шығыс Қазақстан облысының
Зырян ауданындағы
Зырян қаласының
№11 орта мектебінің мұғалімдері.

«ЖАС ПОЛИГЛОТ» САЙЫСЫ

Сайыстың мақсаты: мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мақсатында тәуелсіз елімізде өмір сүріп жатқан түрлі ұлт өкілдері арасында қазақ тілінің деңгейін көтеру және достық пен бірлікті нығайту, мемлекеттік тілді оқып-үйренуге деген ықыласы мен қызығушылықтарын арттыру, құрмет сезімдерін қалыптастыру, үш тілділік саясатын дамыту.

Көрнекіліктер: компьютермен жұмыс, сұрақ-жауап, аударма, мәнерлеп оқу, ойын.

Сабақ барысы. I. Ұйымдастыру.

1. Мұғалімнің сөзі: - Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар, мұғалімдер, оқушылар!

II. Ойынның барысы.

- Біз бүгін сіздермен Қазақстанда тұратын 130-дан астам ұлт өкілдері халықтарының «Тілдер күні» мерекесін атап

өтуге жиналып отырмыз. 1989 жылы қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алды. Осы күні ресми түрде қазақ тіліне мемлекеттік тіл деген ат берілді. Осы жылы, яғни, 1989 жылы 22 қыркүйекте Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы қабылданды. Сондықтан да біз 22 қыркүйекте Тіл күнін атап өтеміз.

Тіл – адамдар арасындағы қатынас құралы. Тілсіз қоғам жоқ. Тіл мен қоғам бір-бірінсіз өмір сүрмейді. Жүсіп Баласағұн айтқандай: «Адамға екі нәрсе тірек тегі: бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі».

- Дорогие гости, ребята, уважаемые коллеги! Мы рады приветствовать Вас на празднике дня языков. Казахстан – многодиаспорное государство. Все народы, населяющие его равноправны. Каждый язык – это целый мир. Язык – это живая душа народа, его радость, боль. Память, сокровище.

2. Сіздердің назарларыңызға 7а, 7в сынып оқушыларынан құрылған топтар арасында өткізілетін «Жас полиглот» атты білім бәсекесін бастаймыз. Сайыс 9 кезеңнен тұрады. Топтардың жауаптарын сараптау үшін әділқазылар алқасымен таныстырамыз.

III. Ойынды бастау.

- Ал, халайық, халайық,
Енді бермен қарайық!
Тілдер күніне арналған
Сайысқа шын жарайық,
Оза шауып қатардан
Жұлдемізді алайық!

«Жас полиглот» сайысының 1-кезеңі – Амандасу.

Мақсаты: үш тілде: қазақша, орысша, ағылшынша дұрыс сәлемдесу деңгейлерін көрсету.

2-кезеңі – Таныстыру. Мақсаты: үш тілде қай сыныптың оқушылары екендігін, кім екендерін таныстыру, топтың атын айту.

6 а сынып оқушылары – «Тапқырлар» тобы.

6 б сынып оқушылары – «Білгірлер» тобы.

6 в сынып оқушылары – «Достар» тобы.

3-кезеңі – *Тіл дамыту.*

Мақсаты: тілге байланысты берілген нақыл сөздерді қазақша дұрыс оқып, орысша аудару (слайдтағы берілген тапсырмалар).

4-кезеңі – *Төрт түлік малды білесің бе?*

Мақсаты: қазақ халқының тұрмыс-салт жырларының бірі түрі – төрт түлік жануарларға арналған. Осы жануарлардың аттарын жұмбақтарды шешу арқылы 3 тілде дұрыс айту (слайдтағы берілген тапсырмалар).

5-кезең – *Грамматикаң қалай?*

Мақсаты: қазақ тілінің грамматикасын тексеру мақсатында берілген сөздерді оқып, сөз құрамына (түбір, жұрнақ, жалғау) 2 тілде – қазақша, орысша дұрыс талдау (слайдтағы берілген тапсырмалар).

6-кезең – *Мақал-мәтелдер.*

Мақсаты: берілген мақал-мәтелдер қандай тақырыптарға арналғанын 3 тілде анықтау (слайдтағы берілген тапсырмалар).

7-кезең – *Ұлттық ойындар.*

Мақсаты: суретте бейнеленген қазақ халқының ұлттық ойындарының атауын тауып, 3 тілде ата («Аударыспақ», «Бәйге», «Алтыбақан»).

8-кезең – *Мемлекеттік рәміздерді білесің бе?*

Мақсаты: мемлекеттік рәміздерді білу мақсатында Әнұранның авторларын, Тудың түсін, Елтаңбаның ортасында не бейнеленгені туралы білімдерін тексеру (3 топқа арналған слайдтағы берілген тапсырмалар).

9-кезең – *Поэзия.*

Мақсаты: 3 тілде – қазақ, орыс, ағылшынша «Тіл, Отан» туралы өлең жолдарын мәнерлеп, нақышына келтіріп оқу.

IV. Қорытындылау, бағалау, марапаттау, әділ-қазылар алқасына сөз беру.

«Тапқырлар» тобы – 1 орын.

«Достар» тобы – 2 орын.

«Білгірлер» тобы – 3 орын.

V. Мұғалімнің қорытынды сөзі: - Құрметті оқушылар, қазір Қазақстанның әр азаматы – сіздер, біздер мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға, оның қолданыс аясын кеңейтуге үлес қосып, 3 тілді меңгеруге тырысайық!



Майра ОҚАПОВА,
Павлодар қаласындағы
№18 жалпы орта білім
беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ДЕНЬ ЯЗЫКОВ НАРОДОВ КАЗАХСТАНА

I. Построение.

1-жүргізуші: - Қазақстан Республикасында тұратын халықтардың тіл мерекесі құрметіне арналған салтанатты шеруді ашық деп жариялаймыз.

2-жүргізуші: - Торжественная линейка, посвященная к Дню языков народов Казахстана открыта.

II. Звучит гимн РК.

1-жүргізуші: - Слово для поздравления предоставляется директору СОШ № 18 Е.А.Гамировой.

2-жүргізуші: - Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңы бойынша қазақ тілі - мемлекеттік тіл болуына орай оның қолданылу аясы, бедел мерейі мемлекет ішінде емес, халықаралық қатынастар деңгейіне көтеріліп келеді. Тарихымыз - өткеніміз, бүгініміз және ертеңгі болашағымыз сол тіл арқылы сыр шертеді. Сондықтан әр азамат ана тілін жетімсіретпей, босағада отырғызбай, биікке көтеруге тиісті. Қазақстандағы әрбір адам, әрбір ұлт өз ана тілінде қатынасып, пікір алысып түсініседі.

- Казахстан – многодиаспорное государство. Более 130 народов и национальностей проживает в Казахстане, все они говорят на разных языках. Язык – важнейшее средство человеческого общения и орудие художественного творчества. Язык – удивительное орудие, посредством которого люди, общаясь между собой, передают друг другу свои мысли. Родной язык – это живая связь времен. С помощью языка человек осознает роль своего народа в прошлом и настоящем, приобщаясь к культурному наследию, к современным процессам духовного развития общества, нации.

III. Ана тілі туралы Әбділда Тәжібаев былай деді:

«Туған тілім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе тілім – мен де бірге өсемін,
Өссе тілім – мен де бірге өшемін!»

IV. Численность населения Казахстана более 15 миллионов человек. Наиболее значительные по численности, этносы в Республике составляют: казахи – более 8 миллионов человек, русские – более 5 миллионов человек, украинцы – около 800

тысяч человек, немцы – около 400 тысяч человек. В нашей школе более 1000 учащихся, в их числе представители следующих наций и народностей: казахи, русские, украинцы, немцы, белорусы, чеченцы, татары, азербайджане, узбеки, грузины, армяне, молдаване, чувашаи, ингуши.

V. Парад приветствий на языках народов Казахстана.

1-жүргізуші: - Ознакомьтесь с планом проведения мероприятий, посвященных «Дню языков народов Казахстана»

2-жүргізуші: - Қазақстан Республикасында тұратын халықтардың тіл мерекесі құрметіне арналған салтанатты шеруді жабық деп жариялаймыз.

Торжественную линейку, посвященную Дню языков народов Казахстана разрешите считать закрытой.



ТІЛ МЕРЕКЕСІ

Ұзағынан сүйіндіріп, шіркін-ай,
Мемлекеттік тіл мейрамын тойласақ,
Керемет бір жыр жазар ем бұл күні-ай
Мақтан тұтар қазақылық ойға шақ!



Ардақ ҚАЙЫРЛИЕВА,
Атырау облысының
Индер ауданындағы
Махамбет атындағы орта
мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

«МЕН ӨМІРДІ ЖЫРЛАУ ҮШІН КЕЛГЕНМІН...»

Мақсаты: оқушыларды қазақтың лирик ақыны — Мұқағали Мақатаевтың өмір және шығармашылығымен таныстыру, өмірін көрініс арқылы көз алдарына елестету, қазақ өлеңдерін мәнерлеп оқуға, мағынасын аша білуге баулу, көрерменге жеткізе білу, тәрбиелеу.
Көрнекілік: М.Мақатаев портреті, интерактивті тақта, слайдтар, кітаптар көрмесі (слайдтан ақын туралы өмір-деректер көрсетіледі).

Сабақ барысы:

- Поэзия әлемінде өз ойын көркемдікпен, асқан шеберлікпен бере білу шабыты жоғары, өлең шығару дарыны бар үлкен талант иесінің қолынан ғана келеді. Сондай таланттардың бірі, поэзия әлемінің асқар шыңы — Мұқағали Мақатаев. Мұқағали аға өмірінің соңына дейін қолынан жүйрік қаламы түспеген, қазақтың қара өлеңінің құдіретіне, терең сырына қаныққан ақын. Сөз құдіретінің мән-мағынасын терең түсініп, сөз маржанын бейнелі өрнекпен кестелейтін Мұқағалидай ақын кемде-кем.

1-жүргізуші: - Армысыздар, өлең сүйер, өнер сүйер қауым!

2-жүргізуші: - Құрметті ұстаздар, ата-аналар, оқушылар!

Мәңгілікке өзіммен ала кетер

Менің нәзік жанымды кім түсінер?!...

деп қынжыла жазып, өмірдің базарынан жылап қайтқан қарапайым да жұмбақ тағдыр иесі – Мұқағали Мақатаевтың туғанына 80 жыл толуына арналған «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» атты әдеби-сазды еске алу кешімізге қош келдіңіздер!

Көрініс. Мұқағали аурухана халатын киіп, дәлізде ойла-нып жүр. Бір кезде сахнаға жақындап «Өзімнің есебімше» атты өз өлеңін оқиды.

1-жүргізуші: - Осыдан соң-ақ қазақтың ақ теректей жайқалған ақиық ақыны қырық бес жасында дүниеден озды. Қазір ақынды 1 минут үнсіздікпен еске алсақ. Артына мол мұра қалдырған Мұқағали рухы тірі, ол өлмейді.

2-жүргізуші: - «Арыз жазып кетейін», оқитын – Құралай Жаңбырбаева.

1-жүргізуші: - Аламан бәйгеде оза шауып, өлең-жырда шашасына шан жұқтырмайтын ерен жүйрік, талантты тұлға – Мұқағали ақынның өмір жолы әр алуан, оны біріміз білсек, біріміз білмейміз. Енді бір сәт ақынның өмір деректеріне жүгінсек.

1-оқушы: - М.Мақатаев 1931 жылы 9 ақпанда Алматы облысы, Нарынқол ауданы, Энгельс атындағы колхоздың Қарасаз деген жерінде дүниеге келген. Әкесі Сүлеймен осы өңірде тұңғыш колхоз ұйымдастырушысы болған. Сұрапыл соғысқа өз тілегімен аттанып, Калининград майданында ерлікпен қаза тапты. Балалық шағынан-ақ ақын ерте есейді. Үш ұлмен қалған анасы Нағиманға ұлдарын өсіру оңайға түскен жоқ. 10-сыныпты бітірген Мұқағали еңбекке ерте араласты. Алдымен ауыл советтің хатшысы, қызыл отаудың меңгерушісі, комсомол қызметкері, 7 жылдық мектептің мұғалімі болып қызмет істеді.

2-жүргізуші: - Ақынның туған жеріне арнаған «Қарасаз» өлеңі. Оқитын – Айдана Нәсіпқалиқызы.

2-оқушы: - М.Мақатаев поэзияға қалай келді? 60-шы жылдардың басында Нарынқол аудандық «Советтік шекера» газетінде қызметін бастаған ол кейін «Жұлдыз» журналында жалғастырды. 1962 жылы ақынның поэзияға келу жолы осылай басталды.

3-оқушы: - Мұқағали поэзиясы – таңғы шықтай мөлдір поэзия. Ақынның «Армысындар, адамдар», «Дариға-жүрек», «Аққулар ұйықтағанда», «Өмір-дастан», «Жырлайды жүрек», «Аманат», «Жырлап кайттым өмірдің базарынан», т.б кітаптары жарық көрді. Ақынның «Аманат» жыр жинағы – 2000 жылы Мемлекеттік сыйлыққа ие болған шығармасы.

4-оқушы: - Ақиық ақын Мұқағали тек өлең, поэмалар жазып қана қоймай, прозаға да батыл қалам сілтеп, көркем аудармалар да жасады.

1-жүргізуші: - Болашақ ақын 10 жасында майданда жүрген әкесін сағынып, өлең шығарады.

Әкеміз бір әкеден жалғыз еді,

Судағы жаңа біткен жалбыз еді.

Мінеки, 10 ай болды хабары жоқ,

Біз-дағы әкемізге зармыз енді.

Бұл өлең асқар таудай әкеге деген жас жүректің өшпес, ыстық сағынышы болатын. Дарабоз ақын жыр табалдырығын осылайша аттаған еді.

2-жүргізуші: - Ақынның «Әке аманаты» өлеңі. Оқитын – Ақтолқын Жаңбырбаева.

1-жүргізуші: - «Поэзия – үміт сенімі, жүрек дірілі, жан тынысы, шексіз сезімге толы махаббат», осы құдіретті белгілердің бәрі Мұқағали поэзиясынан табылады. Олай болса, «Поэзия! Менімен егіз бе едің?» - деп ақын өлеңін Рысгүл Қатарова жыр шашу етіп шашады.

2-жүргізуші: - Ақын өз Отанын сүйе білді, туған жердің әрбір тасын, құсын, жәндігін жырға қосты. Ақынның Отан, туған ел туралы өлеңдері оқылады.

1-жүргізуші: - Ақын Мұқағали өз өмірінде талай қиындыққа душар болса да, қаламын жанынан тастамады. Қарымды қаламгердің қаламының ұшы мұқалмады. «Менің анкетам» өлеңі бойынша диалог оқитындар: Руслан Бағытжанов, Еркін Қапаров) Ақынның «Жоқ, дәрігер» өлеңі. Оқитын – Бекқайыр Жаңбырбаев.

2-жүргізуші: - Ана – өмір сыйлаушы, бала бағбаны. Ару – асыл жарлар, ер-азамат тағдырының иегерлері, тәрбиешісі. Оларға деген махаббат, сүйіспеншілік сезімі – жырдың алтын арқауы.

«Махаббат диалогы». Оқитындар: Дауталиева Салтанат, Құмаров Абылай.

1-жүргізуші: - Өлең-өнер, өлең-дерт, оны туа біткен дарын иесі, шын талант қана дүниеге әкеледі, жүрек пен сезімнің отына орап ақ қағазға түсіреді. Сол ақ қағазда иесін тапқан әрбір сөз жүректерге ән болып, әуен болып жетіп жатады. Талантты ақын Мұқағалидың көптеген өлеңдеріне ән жазылып, сахна төрінде шырқалып жүр. «Арулар, асыл жандар» әні. Орындайтындар Салтанат Дауталиева, Айым Тарғынова.

2-жүргізуші: - Өлең деген тумайды жайшылықта,
Өлең деген туады қайшылықта.
Ақын болсаң, жарқыным, алысқа аттан,
Күнделікті тірлікте бой суытпа , -
деп дарынды ақын жырлағандай, өлеңдері көркем қуатымен, еркелігімен халқының жүрегіне жол тауып жатты. «Жыр жауһары – Мұқағали».

Оқитындар: Мәнерлеп оқу үйірмесінің мүшелері.

1-жүргізуші: - «Мен сендерді іздеймін» әні. Орындайтын: Руслан Бағытжанов.

2-жүргізуші: - Табиғат, жанымды алсаң, алшы мені,

Бір түйір жерге түскен тамшың едім.

Мұқағали жоғалса, қайтер дейсің,

Артында қалсын жерім, қалсын елім.

Мұқағали поэзиясында тереңдік, сұлулық, қарапайымдылық, асқақтық бар. Оның көңіл-күй сезімі табиғат мезгілдерімен үндесіп жатады. «Таудағы көктем» және «Көктем де келер» өлеңдері оқылады.

1-жүргізуші: - Енді осы туған жердің, туған елдің иесі – біздер, яғни, Мұқағалидың ұрпақтарымыз. Туған табиғатты, туған өлкені әнге қосамыз.

2-жүргізуші: - «Саржайлау» әні. Орындайтын – Айдана Нәсіпқалиқызы.

1-жүргізуші: - Жалғастырар ізінді де бар мұнда!

Тыңдай білер тыңдарман да бар мұнда!

Тойлай сенің туған күніңді,

Ұмытпайтын ұлы халық бар мұнда!

Мәңгі тірі, өлеңі өшпес азамат

Қазаққа тән, Мұқағали – нар тұлға!!!

2-жүргізуші: - Қазақтың даласы ән-күйсіз тербетілмеген. Алдарыңызда саз мектебі оқушыларының орындауында «Ерке сылқым» күйі. Қабыл алыңыздар!

1-жүргізуші: - Біз ақынды ұмытпаймыз, оның өлеңдері мәңгі жадымызда сақталады.

Қарасаз, қара шалғын өлеңде өстім,

Жыр жазсам, оған, жұртым, елендестің.

Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,

Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім! -

деп ақынның өз сөзімен Мұқағалиға арналған жыр-кешімізді осымен жабық деп жариялаймыз.

«Есіңе мені алғайсың» әні орындалады.

«ЖАЗЫЛАР ЕСТЕЛІКТЕР МЕН ТУРАЛЫ»

1-жүргізуші: - Бүгін менің туған күнім ой, бәле-ай!
Мына адамдар неге жатыр тойламай?
Банкет жасап берер едім өзім-ақ,
Тәңірінің бір жарытпай-ақ қойғаны-ай.
Мына дүние неге жатыр үндемей?
Алаулатып тойдың шоғын үрлемей.
Құшақ-құшақ гүл шоқтарын лақтырып,
«Мынау шапан»,
«Мынау-атың, мін», - демей.

2-жүргізуші: - Мына жұртқа жақпады ма әлденем?
Бекер өмір сүргенім бе әлде мен?
Қалкам, Сенің қасиетінді білем деп
Босқа өмірім өтті ме екен әуремен?
Тойланбаса тойланбасын,
Не етейін?
Той көрмей-ақ, сый көрмей-ақ өтейін,
Қаламымды берші маған, бәйбіше,
Болашаққа арыз жазып кетейін....

1-жүргізуші: - Армысыздар, сөз өнерін құрметтеуші,
жыр сүйер, ән сүйер қауым!

2-жүргізуші: - Армысыңдар, құрметті қонақтар!

Бүгінгі Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына
арналған «Жазылар естеліктер мен туралы» атты әдеби
кешімізге қош келдіңіздер.

1-жүргізуші: - Қуат алып Абайдың тіл күшінен,
Жыр жазғанмын Абайдың үлгісімен.
Абай болып табынсам бір кісіге,
Абай болып түңілем мың кісіден, -
деп жырлап өткен ақиық ақын Мұқағали Мақатаев тірі бол-
са 80 жасқа толар еді.

2-жүргізуші: - Жыл керуені алға жылжыған сайын
М.Мақатаевтың артына қалдырған өшпес мұрасы жарық
жұлдыздардың қараңғы түн қойнауына сәулесін шашқандай,
өркендей өсіп, айшықтала түсуде.

1-жүргізуші: - Иә, М.Мақатаев – ғажайып, ақиық, сыр-
шыл, гуманист, ақын. Ол – бізге көрінбейтін сиқыр бояу-
лардан, бізге естілмейтін құпия дыбыстардан тоят алатын
жұмбақ ақын.

2-жүргізуші: - Ақын өлеңдерін оқыған сайын ақиқат
бейнелі рух, сезім мен сананың бірлігі көңілге ұялайды. Қа-
зақ жерінің кең де бай өлкесін Мұқағали өзінің «Саржайлау»
өлеңінде жырлайды. «Саржайлау» әнін тамашалаңыздар.

Менің анкетам

- Туған жерің?
- Ұланымын Қарасаз деп аталатын ауылдың.
- Туған жылың?
- 1931, құрдасымын Шәмілдің.
- Жынысың кім?
- Еркекпін ғой, еркекпін. Және-дағы тәуірмін...
- Партияда барсың ба?
- Жоқпын.
- Шыққан тегің?
- Шаруамын. Бар тілектен бағалы оны санаймын.
- Білімің ше?
- Орташа ғой. Алайда өзім жоғарыға балаймын.
- Ана тілің?
- Қазақша. Қысылғанда орысша да, немісше де тағы бар.

- Қайда істедің?
- Мынау «Еңбек кітапшамнан» танып ал.
Оқымаған дипломсыз демесең
Бір басымнан бар мамандық табылар.
- Шетелдерде болдың ба?
- Болғаным жоқ.

Олар маған тұрған да жоқ қол бұлғап.
Қалсам болды, өлсем болды жәйіммен
Осы отырған орнымда-ақ.

- Мекен-жайың?
- Мекен-жайым - жер менің.
Жерде жүрген ақыл деген пендемін.
Қалам, қағаз, уақыт бер тек аздаған,
Мен өмірді жырлау үшін келгенмін.

1-жүргізуші: - Өлең дейді, шіркін-ау, өлең дейді,
Кейде өлең байқаусызда елендейді.
Жаныңа дауа болып жадыратар
Өлеңсіз өмір гүлге бөленбейді.

Келесі кезекті Мұқағали жырларына берейік. Ақынның
«Есіңе мені алғайсың» әнін тамашалаңыздар.

2-жүргізуші: - Мұқағали бозбала кезінде жыр жорғасы-
на мініп, Шәлкөдені сан аралады. Сезімінің ой-қырын ар-
мансыз аралап, түсінгендерінің бәрін ақ қағазға түсірді.
Шибұттың шуаққа малынған сандық тастарына отырып
алып: «Алып жота, ақ аршын, Ұлы кеуде, көз жібердім
көлбеген кербез белге» - деп жазды бала Мұқағали. Ол дәл
осындай жолдармен-ақ өлеңдерінің қазақ поэзиясының ал-
тын қорына кіретінін, әрине, аңғарған жоқ.

«Поэзия» өлеңі оқылады.

1-жүргізуші: - Мұқағали Мақатаев қазақтың қара
өлеңінің құдіретін ерекше бағалаған, оған бас иген.

Өлең деген тумайды жайшылықта,
Өлең деген туады қайшылықта.

Ақын болсаң, жарқыным, алысқа аттан,

Күнделікті тірлікке бой суытпа.

Ақын жырлары – шын шабыттан туған жырлар. Сырын жырына, жырын сырына егіз еткен ақын шабыттанудан, поэзияны іздеуден бір сәт жалыққан емес.

2-жүргізуші: - Жырым, сырым екеуі – егіздерім,

Екеуін екі бөлек емізбедім.

Жатсам-тұрсам мұң шағып дәптеріме,

Жабырқаған жаныма сені іздедім.

1-жүргізуші: - Тигендей төбем тұнық бұлтты көкке,

Көрінеді көлденең бел сонау шетте.

Солдаттай сапқа тұрған қарағайлар

Мелшиіп қара тастар жатыр текке,-

дейді жас ақын. Соғыс салған жараны Мұқағали да арқалады, әкесі сұм соғыстан оралмады. Жоқшылықтың етек алып, қысқа жіптің күрмеуге келмейтін кезінде де намысшыл, сергек те сезімтал күйінде қалды. Майшамның жарығымен-ақ білім теңізінен сусындауға ұмтылды.

Оқушы «Туған жерім» өлеңін оқиды.

2-жүргізуші: - Бұл өлең шумақтарынан біз ақынның ұлы ордасын жастық шағында-ақ Мекке тұтқандығын аңғарамыз. Қара жардай қабырғалы ақынның қай өлеңін алсақ та, әнге сұранып тұратыны шындық. «Сәби болғым келеді» деп аталатын жыр шоғыры биік жан дүниенді шымырлатары анық. М.Мақатаев сөзіне жазылған «Сәби болғым келеді» әнін тамашалаңыздар.

1-жүргізуші: - М.Мақатаев бір күні түс көреді. Түсінде шешесі басында ақ жаулығы бар Абай атамның қасынан қуана басып, Мұқағалиға қарай күліп келе жатыр екен. Оянса, түсі екен. Мұқағали өзі түсін: «Шешем бақытты болады екен» деп жорып, ұзақ толғаныстан соң «Шеше, сен бақыттысың» өлеңі дүниеге келіпті.

Оқушы «Шеше, сен бақыттысың» өлеңін жатқа оқиды.

2-жүргізуші: - Досым, саған сенемін, сеніп өтем,
Жолы бөтен демеймін, жөні бөтен.
Достық деген – адамның көрігі екен,
Достық деген – адамның серігі екен, -
деп Мұқағали ақын бар сырын досы Шәмілге айтқан екен.

2-жүргізуші: - Ақын айтқандай, адам өміріндегі ең бақытты кез – балалық шақ. Бүгін, міне, жас өркен ақын өлеңдерін оқып, әндерін жырлап, талантына тағы да бас иеді.

1-жүргізуші: - Мұқағали әр күні, әр сағатта халықпен бірге жүрді. Халықтан үйренді, халқын сүйді. Оның әрбір сөзін алтынға бағалады. Халқына арнаған «Үш бақытым» өлеңін тыңдаңыздар.

2-жүргізуші: - М.Мақатаев – өмірдің рахатын мейлінше сезініп кеткен аса бақытты ақын. «Жазылар естеліктер мен туралы» деп ақынның өзі жайдан-жай айтпаған ғой. Олай болса, ақын туралы естеліктерге кезек берсек...

Жазылар естеліктер мен туралы,
Біреулер жан еді дер өр тұлғалы.
Біреулер тұлпар еді дер де, мүмкін,
Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы.
Аңыз ғып айтар мүмкін қылығымды,
Қылығымды ұнатқан жұлынуды.
Жақсы көрген дер мүмкін жылынуды,
Әйтеуір қазбас былық-шылығымды.

Жоқ жанды қиған емес жамандауға,
Сол үшін рахмет адамдарға!
Білемін, әйтеуір бір замандарда
Жүреді жүз жыл жасап жаман қарға...
Қулары таудың қызыл түлкісі дер,
Момындар біздің үйдің кірпіші дер.
Мәңгілікке өзіңнен ала кеткен
Менің нәзік жанымды кім түсінер?!

1-жүргізуші: - Құрметті оқырмандар, қонақтар!

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?! -

деп Абай ағамыз жырлағандай, 45 жыл ғана қысқа ғұмыр ішінде халқына өшпес мұра қалдырған ғасыр ақыны Мұқағали жырларынан біраз сусындағандай болдық. Әрине, ақынның мол, таусылмас мұрасын бір күнде, бір сағатта оқып білу мүмкін емес. Ақын шығармалары ұрпақтан-ұрпаққа тарап, жалғасын таба береді.

Қорытынды сөз:

- Қарасаз, қара шалғын өлеңде өстім.
Жыр жазсам, оған, жұртым, елеңдестің,
Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,
Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім! -

деп ақын ағамыз өзі айтқандай, М.Мақатаев мұралары ешқашан өлмек емес. Бүгінгі «Жазылар естеліктер мен туралы» атты әдеби кешімізді аяқтай отырып, ұрпақтары Мақатаевты ешқашан да ұмытпақ емес, кереметтей көркем өлеңдері мәңгі жасай бермек.



МҰҚАҒАЛИ

Бұл есімде қасиет бар киелі,
Сондықтан да халқы басын иеді.
Бір кездері күңкілдеген сыртынан
Еш ұялмай досы едім деп сүйеді.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Оқыту әдістері – бұл оқытушы мен тіл үйренушінің оқу-тәрбие жұмысының міндеттерін ойдағыдай шешуге бағытталған іс-әрекеттің тәсілдері. Әрбір мұғалімнің басты мақсаты – оқушының өзіндік ойлау қабілеті мен жауапкершілік міндеттерін дамыту. Сондықтан да әрбір сабақ оқушылардың ойлау қабілетіне құрылуы тиіс. Біздің міндетіміз – тек репродуктивті жағынан ғана емес, сондай-ақ шығармашылық қабілетін де дамыту.

Қазіргі таңда оқу барысында оқушылардың ойлау қабілеттерінің белсенділігін арттыру мәселесі дидактикалық және қоғамдық проблема болып отыр. Бұл – актуальды мәселе.

Осы мәселелерді шешу үшін мен алдыма мынадай міндеттерді қойдым:

- дәстүрлі оқыту жүйесіне дәстүрлі емес әдістеме элементтерін енгізу;
- оқушылардың мүмкіндіктері мен талаптарын ескере отырып оқытудың мазмұнын нақтылау;
- оқыту барысында тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану.

Қазақ тілін үйретуде баланың қызығушылығын ояту әр мұғалімге оңай тимейді. Сондықтан да, ең алдымен, өз пәніңді, педагогикалық шеберлікті терең игеріп, оқу процесін қызықты етіп жасай білу қажет.

Менің өз тәжірибемнен білгенім, әр түрлі әдіс-тәсілдердің бірігуінен оқушылардың ойлау қабілеттерінің белсенділігін

артыру үшін мынадай қадамдар жасауға болады.

Бірінші қадам – жаңа технологиялар мен алдыңғы қатарлы мұғалімдердің тәжірибелерін үйрене отырып, әр сабақты биік деңгейде құра білу. Яғни, оқушылардың сөйлеу тілінің белсенділігін арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту және әр кезенді бір-бірімен байланыстыру болып табылады.

Әр сабақты жоспарлағанда оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлесе алуын қамтамасыз ету мақсатында әр түрлі сабақтан бір жаңа сабақ үлгісін құрып, оны өмірмен және қоғамдық ортамен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетіне қарай жеке тапсырмалар беремін. Ең алдымен, оқушылардың талпынысына қарай өзіндік жұмыстарына, яғни, жұппен, топпен, ұжыммен жұмыс істеуіне көп көңіл бөлемін.

Екінші қадам - әр сынып оқушыларына бейімделген сабақ үлгілерін құру.

Өлшемі – оқушылардың оқу мүмкіндіктері.

Құралдары – мына төмендегідей болып келеді:

1-5-сыныптарда

А. Білім: өтілген мәтін бойынша лексикалық ойлау қабілеттерін белсендіре отырып, грамматика жағына көңіл аудару.

Білік: оқушылардың білімдерін кеңейте отырып, белгілі бір нәрсемен байланыстыра алуға, өз ойын жинақтауға, сауатты жеткізе білу мен қорытындылауға баулу. Диалогтік сөйлесуге көңіл бөлу.

Дағды: дәстүрлі емес жағдайда өзінің біліктілігін пайдалана отырып, өзіндік жұмыс жасай алуы.

Б. Оқу бағдарламасының талаптарын орындау.

6-9-сыныптарда

А. Білім: елтану мәтіндері бойынша грамматиканы терең игерту.

Білік: оқыған материалдарына сүйене отырып, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында білімдерін кеңейту.

Дағды: дәстүрлі емес жағдайда өзінің біліктілігін пайдалана отырып, өзіндік жұмыс жасай алуы.

Б. Оқу бағдарламасының талаптарын орындау.

10-11-сыныптарда

А. Білім: қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып, қазіргі өмір жағдайларымен кеңінен танысу.

Білік: көп нұсқалы тапсырмаларды орындау арқылы білімдерін кеңейту және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Дағды: дәстүрлі емес жағдайда өзінің біліктілігін пайдалана отырып, өзіндік жұмыс жасай алуы.

Б. Оқу бағдарламасының талаптарын орындау.

Үшінші қадам – жіктеп оқыту негізінде оқу талаптарының әр түрлі деңгейін орындау.

А. Қосымша әдебиеттермен және оқулықпен өзіндік жұмыс жасау. Оларға: кеңес беру сабағы, телекөпір сабағы, конференция сабағы, саяхат сабағы, т.б. сабақ түрлері жатады.

Б. Оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес әр сабақта көңіл күй жаттығуларын қолдану. Сондай-ақ үлгерімі нашар оқушыларға да көңіл бөлу.

Өз тәжірибем бойынша, ең дұрысы, дәстүрлі емес сабақ түрлері мен әдіс-тәсілдері болып табылады. Олар көбіне іс-әрекетке байланысты, яғни, оқушылар сабаққа белсенді түрде қатысады, оқу материалын тез, оңай игеріп алады, ең бастысы – білгендерін еркін қолдана алады.

Дәстүрлі емес сабақ түрі мен оның жекелеген кезеңдері іс-әрекет барысында қалай көрінеді? Мұғалім мен оқушылардың уақыты тығыз болғандықтан, оқу үдерісінің әр сәті алынған тақырыпқа, сыныпқа, тіпті, мұғалімнің өзіне ыңғайлы, тиімді әдіс-тәсілдерді таңдауды талап етеді.

Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамытатын тиімді әдіс-тәсілдің бір түрі – топтық жұмыс болып табылады. Яғни, олардың шығармашылық белсенділіктері мен тілдік машықтануын едәуір дамытады. Топпен жұмыс істеу үшін жаттығулар, оқулықтағы мәтіндер немесе сөйлесу әрекетіне қатысты өзім құрастырған мәтіндер қажет. Ең алдымен, міндетті түрде берілген жағдаятпен қысқаша түрде

оқушыларды таныстыру керек.

Сондай-ақ, өз тәжірибемнен білгенім, оқушылардың өздері жасаған көрнекі құралдардың да пайдасы өте зор. Өйткені ол ауызекі сөйлеу тіліне кәдімгідей тірек болады. Өздері жасаған көрнекі құралдар көзге анық көрінетіндей ашық түсті, мәтіннің мазмұнына сай жасалады. Бұл оқу әдісі өте тиімді және ыңғайлы. Мұндай әдіс-тәсіл сабақты жандандырып, әр оқушының белсенділігіне ықпал етеді. Мысалы, бастауыш сыныптарда «Қане, табайық!» атты ойынды ұйымдастыруға болады. Сабақ барысында оқушылардың тапсырманы орындауға деген құлшынысы артады. Бір жағынан алғанда, бұл рөлдік ойынға да ұқсайды. Сол себепті, мұғалім балалардың ауызекі сөйлеу тілін белсенді түрде дамыта отырып, шығармашылыққа баулу мақсатында балалармен бірге өзара қарым-қатынасқа түсіп, олармен бірге жүріп, әрқайсысының жан-дүниесін түсіне білуі қажет. Сонда ғана сабақ өз дәрежесінде жақсы өтеді.

Мен өз сабағымда балалар қуанса – қуанамын, жаңа бір нәрсеге таң қалса – мен де таң қаламын. Сабақта біз – біртұтаспыз, яғни, қызығушылықпен, бар ынтамызбен алдымыздағы тапсырмаларды шешуге тырысамыз. Ол тапсырмаларды шешу де дәстүрлі түрде емес, өйткені біз өзіміз кейбір авторлардың еңбектерінен тапсырмаларымызға ең негізгісін, ең қызықтысын алып енгіземіз. Мысалы, тапсырманың орындалу шартын өзгертеміз.

Осылайша оқулықтағы негізгі материалды игеру барысында біздің жаттығуымыз, тапсырмаларымыз топпен, жұппен немесе ұжыммен істейтін рөлдік ойынға айналып кетеді. Сабақта осы әдіс-тәсілді жиі қолданамын. Бірақ бір әдісті ұзақ уақыт қолдану мүмкін емес, өйткені балалар тез жалығып кетеді. Сондықтан да әр кезде әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданған жөн.



Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 24.08.2011ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1511. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

Басылатын жері – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,

№8, 2011 ж., 144 бет, Алматы.